

Құдайберді БАҒАШАР

ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ



Алматы 2010

УДК 28
ББК 86.38
Б 13

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының сараптау комиссиясы
мақұлдаған*

Бағашар Қ
Б 13 Исламдағы тазалық. - Алматы: "Көкжиек-Б"
баспасы, 2010. – 216 бет.

ISBN 9965-809-95-X

Еңбекте тазалықтың Ислам дініндегі алатын орны мен маңызы сөз болады. Атап айтқанда, тән тазалығы, жан тазалығы, қоршаған орта, құлшылыққа қажетті тазалық түрлері, кәсіп пен астың адалдығы секілді күнделікті өмірімізге қажетті тазалық үлгісі кеңінен түсіндіріледі. Бұған қоса, қоғам мен тұрмыстық өмірге қатысты кейбір шариғат үкімдері де қамтылған.

Кітап мұсылмандыққа ден қоятын жалпы оқырманға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 9965-809-95-X

© «Көкжиек-Б» баспасы, 2010

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	9
Тазалықтың Ислам дініндегі орны.....	14
Тазалықтың түрлері	17
Тазалықтың дәрежелері.....	18
Тазалықтағы өлшем	19
Адам табиғатындағы тазалық	21

БІРІНШІ ТАРАУ

ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ және ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ҚАЖЕТТІ ТАЗАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Дене тазалығы.....	24
Беті-қол күтімі	25
Аяқ күтімі.....	25
Тырнақ күтімі	26
Ауыз бен тіс күтімі.....	27
Тіс күтімінде мисуәктің орны.....	28
Көз, құлақ және мұрын тазалығы	29
Шаш және сақал-мұрт күтімі.....	30
Сырт көз – сыншы	31
Әурет тазалығы	32
Истинжа және истибра деген не?	34
Истинжаны немен жасайды?.....	34
Истинжа және истибра жасаудың тәртібі.....	35
Истинжаның мәкрүһтері.....	36
Құлшылық үшін керекті тазалық:	37
Дәрет алу	38
Дәрет алудың пайдалары.....	40
Дәреттің тән тазалығы тұрғысынан маңызы.....	44
Дәреттің хикметтері.....	44
Дәреттің ақиретте мүминге тигізер септігі.....	50
Дәреттің парыздары	52
Мәсіх тарту.....	53
Бастың қанша бөлігіне мәсіх тарту парыз?.....	53
Дәреттің сүннеттері	53
Дәреттің әдебі	54

Дәреттің жарамдылығына кедергі болмайтын мән-жайлар	56
Дәрет қандай жағдайда бұзылады?	57
Дәретті бұзбайтын жағдайлар	58
Ұйқы дәретті бұза ма?	59
Көзден шыққан жас дәретті бұза ма?	60
Дәрет алуға қатысты кейбір жағдайлар	61
Әбу Һұрайра (р.а.) неліктен өзгеше дәрет алған?	62
Дәреттің қанша түрі бар?	63
Парыз болған дәрет	63
Уәжіп болған дәрет	63
Мұстахаб дәрет	63
Дәрет алу мұстахаб болатын жағдайлар	63
Үзір және үзірлі жандардың дәрет алуы туралы	65
Үнемі дәретпен жүрудің пайдасы мен маңызы	66
Намазға дайындық және дәрет	66
Мәсіге қойылатын талаптар	70
Мәсі мен жараға таңылған дәкеге мәсіх тарту туралы	71
Мәсіх қандай жағдайларда бұзылады?	71
ҒҰСЫЛ (БОЙ ДӘРЕТІ)	72
Несеп жолынан келетін сұйықтықтар	73
Ғұсыл алуды қажет ететін жағдайлар	73
Етеккір көру және босану	75
Ғұсылдың түрлері	75
Ғұсылдың парыздары	77
Ғұсылдың сүннеті мен әдебі	79
Ғұсыл барысында алған дәретіміз бұзылса, ғұсыл да жарамсыз бола ма?	81
Тісті жүніп күйде пломбалатқан соң ғұсыл алудың жағдайы	82
Ғұсыл алуы парыз болғандар үшін тыйым салынатын амалдар	82
Ғұсыл алу парыз болғандар үшін мәкрүһ амалдар	83
Ғұсылсыз жүріп-тұру және ұйықтау туралы	83
Суға жалаңаш түсу (шомылу) туралы	84
Әжетханада шомылу туралы	85
Ғұсыл алмай ішіп-жеу туралы	85
ТӘЙӘММҮМ	86
Тәйәммүмнің парыздары	86
Тәйәммүм қалай жасалады?	87

Тәйәммүм қандай жағдайларда жасалады?.....	87
Судың діни тұрғыдан жоқ деп табылуы	88
Тәйәммүмнің шарттары.....	89
Тәйәммүмнің сүннетке сай болуы.....	90
Тәйәммүм немен жасалады?	90
Тәйәммүмді бұзатын мән-жайлар.....	91
ӘЙЕЛДЕРГЕ ТӘН ЖАЙ-КҮЙЛЕР	92
Хайыз	92
Етеккір кезінде әйелдердің мән беруі қажет мән-жайлар.....	93
Нифас	96
Истихада	96
Истихада күйіне душар болған әйелдің дәрет алуы.....	96
Хайыз, нифас және истихадаға қатысты үкімдер	97
Арнайы күндерде әйелдердің кейбір ғибадаттардан аулақ болуының сыры	100
Арнайы күндегі әйелдің баласын емізуі туралы.....	101
Киім-кешек гигиенасы туралы	102
Киімді химиялық жолмен тазалау туралы	103
Кір жууға арналған ұнтақ діни тұрғыдан таза болып санала ма?	104
Тіс сауытын алтынмен қаптау немесе алтын коронка кою туралы.....	105
Спортпен шұғылдану және дене күтімі	106

ЕКІНШІ ТАРАУ ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ

Қоршаған орта тазалығы туралы	110
Үй-жай тазалығы	111
Үй ішіндегі ескерткіш немесе мүсіндер туралы	113
Ойыншықтардың үйде ұсталуы туралы	115
Үй ішіне сурет ілу туралы	115
Ауыл-аймақ, көше, мешіт, аула, алаң, демалыс аймақтары мен қала тазалығы.....	116
Жан-жануарлардың тазалығы.....	119
Жолдардың тазалығы.....	120
Ауаның тазалығы	122
Судың тазалығы	123
Табиғи судың түрлері	125

Ағын сулар және тұйық (ақпайтын) сулар	126
Діни тұрғыдан таза және нәжіс (лас) саналатын нәрселер.....	127
Нәжәсат қаншаға бөлінеді?	127
Ауыр нәжәсат санатына жататын нәрселер.....	127
Жеңіл нәжәсат санатына жататын нәрселер	129
Ауыр нәжәсаттың намазға кедергі боларлық мөлшері	129
Жеңіл нәжәсаттың намазға кедергі боларлық мөлшері.....	130
Құрамында алкоголь бар өнімдерді тұрмыстық мақсатта пайдалану туралы	130
Діни тұрғыдан таза саналатын нәрселер.....	130
Ит асырау туралы	132
Макияж, шаш бояуы, қына, шаш кремін қолдану туралы.....	133
Денеге сурет салғызудың (татуаж) үкімі қандай?	
Денеге салынған суреттер ғұсылға кедергі бола ма?.....	134
Нәжәсатты тазартудың жолдары.....	135

ҮШІНШІ ТАРАУ АС-СУДЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ

Тамақтану гигиенасы туралы	142
Аллаһтың атын ауызға алмай сойылған малдың етін жеудің үкімі.....	145
Доңыз етінің харам болу себебі мен хикметі.....	145
Теңіз өнімдерінің қайсысы халал?	148
Маргарин майын тұтынуға бола ма?	149
Тауықты бауыздағанда, қауырсынын жұлғанда қандай талаптар сақталуы қажет?.....	150
Малды бауыздағанда не нәрсеге мұқият болған жөн?	152
Мас қылатын барлық нәрсе харам	154
Құрамында алкоголь бар дәрі-дәрмекпен емделу туралы	154
Шылым шегудің зияндылығы туралы	155
Шылым шегуге қатысты діни үкім.....	157
Тазалықта тым секемшіл болу.....	159
Тазалықта шектен шығу.....	160

ТӨРТІНШІ ТАРАУ ТАБЫСТЫҢ АДАЛДЫҒЫ МЕН КІРІСТІҢ ТАЗАЛЫҒЫ

Адал табыс табудың маңызы	166
Табыс табудағы мақсат	168

Харамға мұқтаж етпейтіндей халал бар.....	169
Харамға бастайтын барлық нәрсе харам.....	170
Жақсы ниетпен харамға бару туралы.....	170
Күдікті нәрселерден бойды аулақ ұстау.....	171
Халал кіріс көздері.....	172
Халал (таза) кіріс көздері.....	173
Қызметкер және тұрақты жұмысшылық.....	177
Сауда серіктестігі (фирма, компания құру) туралы.....	179
Харам кіріс көздері.....	181

БЕСІНШІ ТАРАУ РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ

Жүрек тазалығы.....	194
Жүрек тазалығының нышандары.....	197
Тақуалық.....	198
Ықылас.....	199
Әдептілік.....	199
Туралық.....	199
Сенімділік.....	200
Үнемшілдік.....	200
Жылы жүзді болу.....	201
Терең ой (тәфәккүр).....	201
Кішіпейілділік.....	201
Тәуекел.....	202
Табандылық.....	202
Жомарттық.....	203
Хүснұзан.....	203
Хақ.....	203
Даналық (хикмет).....	204
Жақындармен қарым-қатынас жасау.....	204
Жүрек тазалығы үшін қандай жаман қасиеттерден арылу қажет?.....	205
«Жаннаттық адам».....	207
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:.....	209
Нұсқағыш.....	214



Қысқартулар:

(с.а.с.) – саллаллаһу аләйһи уә сәлләм - *(Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)*

(ғ.с.) – ғалайһис-сәлам - *(Оған Аллаһтың игілігі жаусын)*

(р.а.) – радиаллаһу анһу - *(Аллаһ одан разы болсын)*



КІРІСПЕ

Адам баласы дүниеге күнәдан пәк, таза болмыспен келеді. Анасынан аппақ ақ уыз еміп өседі. Бұл кезде оның жан дүниесі де мөлдір су бетіне түскен ай сәулесіндей тап-таза болады. Ал дүниетанымы былғанбаған ақ парақтай тұп-тұнық күйінде тұрады. Шіркін-ай, сәби шақ балалық кездегі осы бір кіршіксіз мінезді өмір бойы сақтар ма еді дейсіз еріксіз. Мұқағали ақынның пәк күндерді аңсап, «Сәби болғым келеді, сәби болғым, Ана сүті аузынан арылмаған» деуі осындай аңсардан, адамдардың өсе келе барлық болмысын кірлетіп алатынына налығаннан туған сөз бе деп топшылайсыз. Адам тіпті, өсе келе өзінің о бастағы мұсылмандық сеніміне де қылау түсіруі мүмкін. Ол туралы Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) «Әр сәби дүниеге мұсылман болып келеді. Кейіннен ол ата-анасы не айналасындағылардың ықпалымен христиан, иудей не өзге дінге өтеді» деп ой салған.

Тазалықтың өмірде алар орны ерекше. Күнделікті асымыздың таза болуы, бойымыздың тазалығы, тұрғылықты жеріміздің тазалығы, киім, қоршаған ортамызды таза сақтауымыз, тұтынған дүниеміз бен ниеттің тазалығы, жүректің ақтығы, тапқан табыстың адалдығы – бәрі де салауатты өмір мен баянды тіршіліктің негізін құрайды. Осы себепті халқымыз «Тазалық – денсаулықтың кепілі» деп білген.

Ғаламдағы күллі жаратылыс тіл жетпес әсем саз, шерлі назбен тазалықтың таусылмас жырын

жырлағандай әсер береді. Мәселен, топырақты үнемі түрлі бактериялар, құрт-құмырсқалар мен жыртқыш құстар тазартып отырады. Кез-келген өлексе көп өтпей топырақтың құнарын арттыратын тыңайтқышқа айналады. Соққан жел, жауған жаңбыр мен қар жер бетін тазалау міндетін атқарады. Сондай-ақ теңіздерде тазалықтың мінсіз жүйесі бар. Бойдағы қанды оттегі тазартады. Адам жанын рухани дүниелер тазартып отыратынын кім жоққа шығара алады? Білген жанға мұның барлығы Жаратушы иеміздің «Құддус» (тазалық сүйгіш) есімінен сыр шертеді.

Иә, әлемнің өзі тазалықтың мінсіз жүйесі сияқты. Тіпті аң-құстар да тазалықсыз өмір сүре алмайды. Бір ғана мысықтың тазалығының өзі неге тұрады?! Нөсер жаңбырдан кейін жер бетінің шаңы басылып, аспанның шайдай ашылғанын сан мәрте тамашалаған боларсыз. Демек, мұның бәрі – әлемде тазалық заңдылығының үйлесіммен жүзеге асатындығының ғажайып көріністері.

Жалпы жаратылысқа ортақ осы заңдылықтан адам да шет қалмақ емес. Аллаһ тағала Құранда өзі жаратқан пендесіне тән тазалығымен қоса жан тазалығын сақтауды бұйырған. Құранды тек таза кісілерге ғана ұстау міндеттелген. Тазалықтың маңыздылығы сонда, ол иманның жартысы әрі тақуалықтың белгісі болып саналған.

Сүйікті пайғамбарымыз тазалыққа қатты көңіл бөлген. Мәселен, тіс тазалығына аса мән берген. Сакалы, шашы мен тырнағы өсіп кеткендерге сыпайы түрде ескерту жасаған. Қол-аяқ, дене тазалығын мұқият қадағалаған. Аптасына ең кемі бір рет шомылып тұруды

міндеттеген. Үсті-басы мен киім-кешегін мұнтаздай таза ұстауды өсиет еткен. Көпшілік орындарға (мешіт, қонақ т.б.) барарда үсті-басын ретке келтіріп, таза киім киген, хош иісті әтір себінген. Өзімен бірге үнемі айна, тарақ, мисуак және иісу алып жүрген. Жағымсыз иістен қашқандықтан шикі сарымсақ, жуа секілді көкөніс түрлерін тұтынбауға тырысқан. Қоғамдық орындар мен қоршаған ортаны таза ұстауды ескерткен.

Айнаға қараған сайын «Я, раббым, сыртқы келбетімді көрікті еткеніңдей, ішкі жан дүниемді де әсемдікке бөлей гөр!» – деп тілеген. Ерекше жаратылған Ақиық елші рухани тазалық мәселесінде баршаға үлгі-өнеге көрсеткен. Күніне жетпістен аса Аллаһ тағаладан кешірім тілеп, жатса-тұрса зікірін тастамай, ғибадатын мүлтіксіз орындап, жүрегін таза ұстауға тырысқан. Кішіпейілдігімен, қарапайымдығымен, тақуалығымен, кешірімділігімен рухани дүниесінің мөлдіреген пәктігімен танылған.

Жалпы алғанда, тазалық – барлық уақытта өзектілігін жоймайтын қағида. Ол бүгінгі күні де өміршең. Тақырыпқа арқау болып отырған себебі де сондықтан. Қазіргі дәуірде адамзат тән тазалығын реттегенімен рухани тазалықта көштен қалғаны белгілі. Тән тазалығын жасауда толайым табысқа қол жетіп, озық технологияны жетілдіргенімен, рухани тазалық мәселесінде артта қалуы өкінішті-ақ. Бұған казино, бар, түнгі клуб, құмар ойындар секілді т.б. әлеуметке қатысты істердің ырықтан шығып, заңға бағынбай кеткенін мысал ретінде көрсетуге болады. Бұл істе сауатты, көзі ашық азаматтардың да мүлт кетіп жататыны бар. Тән тазалығы мен рухани тазалықты екі тізгін

бір шылбыр етіп қатар ұстай алмағандықтан, оқыған, зиялы жандардың өзі тәкаппарлық, өркөкіректік секілді адамгершілікке жат қылықтарға бой алдырып жатады. Мәдениетті деген адамдардың өзі күншілдік пен қызғаныштан, өтірік пен өсектен, ғайбат пен жаладан құлан таза айыға алмауы мүмкін. Демек, тазалықты сыртқы әдемілік деп түсіну қате. Ең маңыздысы – жан мен тән тазалығын бір арнада тоғыстыра білу. Ішкен асың мен тапқан табысыңның ақ адал маңдай термен келуін қамтамасыз ету – Исламдағы тазалықтың артықшылығы болып табылады.

Қолдарыңыздағы кітап – осы мақсатта ислами тазалықтың әр қырына тереңірек үңілуге шақыратын дүние. Еңбек үлкен бес тараудан құралған.

Бірінші тарау тән тазалығы мен құлшылыққа қажетті тазалық түрлерін қамтиды. Онда: тырнақ, беті-қол, аяқ, тіс, көз, құлақ, мұрын тазалығы, шаш пен сақал күтімі, әурет тазалығына қатысты мәселелер (дәрет алу, истибра, истинжа), мәсі кию, ғұсыл алу, тәйәммум соғу, әйел кісілердің жеке тазалығы, сұрақ-жауап күйінде т.б. мәселелердің жай-жапсары, шарифаттағы үкімдері сөз болады.

Екінші тарау қоршаған орта, үй-жай мен аула, жол, қоғамдық орындар мен мешіттердің тазалығына арналған. Ауа мен судың тазалығы діни тұрғыдан лас немесе таза болып саналатын заттар, нәжіс саналған затты тазартудың жолдары, бұған қоса үйге сурет ілу, ит асырау, шашты бояу, денеге сурет салу секілді күнделікті өміршең мәселелердің де діни үкімдері білдірілген.

Үшінші тарау күнделікті тұтынып жүрген өнімдеріміз бен ас-судың тазалық үкімдерін тілге тиек етеді. Онда тамақтану гигиенасы, бисмилласыз сойылған мал, доңыз етінің харам етілуінің себептері, маргарин майын тұтыну жайы, алкоголь мен шылым шегуге қатысты шариғаттың үкімдері қамтылған.

Төртінші тарауда табыстың адалы мен арамы, кіріс көздерінің халалы мен харамы, тұтытуда ысырапшылдыққа жол бермеу мәселелері қарастырылған.

Бесінші тарау жан тазалығын қозғайды. Онда жан тазалығын құрайтын жүрек тазалығы (қалбун сәлим), тәуба, ықылас, тақуалық, әдептілік, турашылдық, жылы жүзділік, кішіпейілдік, түрлі жаман әдеттерден аулақ болу мәселелері сөз болады.

Жалпы алғанда, кітап қазіргі өмірге қажетті кең көлемді мәліметтерді қамтуымен ерекшеленеді. Оқырмандар діни тазалықтың ауқымдылығымен тереңірек танысумен қатар, күнделікті өмірде туындайтын түрлі мәселелердің жауабын осы кітаптан табады деген үміттеміз. Бұған қоса, осы еңбекті даярлау барысында Ремзи Кушжулардың «Хер йөнүйле темизлик» (Стамбул, Рехбер йайынлары, 2006) кітабын негізге алғанымызды ескерте кеткенді жөн санадық.

Баспадан

ТАЗАЛЫҚТЫҢ ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ОРНЫ

«Ақылды адамға иман парыз, иманды адамға ғибадат парыз» деп Абай атамыз айтпақшы, адам баласының бұл дүниеге жіберілуінің түпкі мақсаты Жаратушыны тану болса, танығаннан кейінгі кезекте құлшылық жасау тұратыны айтпаса да белгілі. Ал құлшылық өз кезегінде тазалықсыз жүзеге аспайды.

Ислам дінінде тазалықтың орны ерекше. Тіпті ол «иманның жартысы»¹ болып есептеледі. Сондықтан да мұсылмандар әрдайым тазалыққа ынталандырылған. Күнделікті құлшылығының бәрі тазалыққа негізделген. Бұл турасында Құранда: *«Аллаһ көп тәубе етушілерді және көп тазарғандарды ұнатады»*², – делінген.

Дініміздің алғашқы әмірлері де тазалыққа байланысты келген. Алғаш түскен аяттардың бірінде: *«Киіміңді таза ұста! Әр түрлі лас істерден аулақ бол»*³, – делінген. Бұл аятта сыртқы және ішкі (рухани) тазалықтың өзара байланысы сөз болған. Мүминдерге жүректі, рухты, бойды, киім-кешек пен арды таза ұстау міндеттелген.

Дінімізде тазалық және тазалану мағыналарын білдіретін негізгі ұғым – бұл «тахарат». Құран Кәрімде тазалыққа қатысты 31 жерде кездесетін негізгі терминдер осы сөзден тарайды. Олар сумен немесе өзге де жолдармен тазалануды, күнәдан, харамнан бойды

¹ Мұслим, Таһарат, 1

² «Бақара» сүресі, 2/222

³ «Мүддәссир» сүресі, 74/4

аулақ ұстауды, сонымен қатар, мінез-құлық пен ахлақ тазалығын, пәктікті білдіреді.

Бұған қоса тазалық мағынасына келетін басқа да арабша терминдер бар. Мысалы, «нәзафат» асқан тазалықты, ал «зәрафат» сөзі тазалықта талғампаздықты білдіреді. Дүние-мүлікті кірден тазарту мағынасында «зекет», нәпсіні күнәдан арылту мағынасында «тәзкия» сөзі қолданылады.

Намаз оқу үшін дәрет алып тазалық жасаудың міндеттелуі де тегін емес. Дәрет алмаған жан намаз оқи алмайды. Мәселен, Құрандағы мына аят дәретке, тазалыққа ерекше көңіл бөлетін Құба мешітіндегі сахабалар жайлы түскен:

«Алғашқы күннен-ақ тақуалық негізінде құрылған мешітте (Құба мешіті) намаз оқығаның әлбетте ең дұрысы. Онда тазарғанды жақсы көретін адамдар бар. Аллаһ барынша тазарушыларды ұнатады»⁴.

Жан дүниесінің тазалығымен қоса сыртқы, тән тазалығын ұқыптап күткен мүмин Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленеді. Исламның бес парызының бірі намаз оқу үшін тазалықтың міндеттелуі мұсылманның өмірінде тазаланудың қаншалықты маңызды орын алатындығын аңғартады. Бұған қоса, намазға дайындық барысында дененің, киімнің және намаз оқитын орынның таза болуы шарт. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Намаздың кілті – тазалық!»⁵* – деп бұйырған.

Құранда Аллаһ тағала Ибраһим (ғ.с.) мен Исмаилға (ғ.с.) тауап етушілер, иғтикаф (оқшауланып құлшылық

⁴ «Тәуба» сүресі, 9/108

⁵ Әбу Дәууд, Салат 73; Тирмизи, Тахарат, 3

кылушылар), рүкүф пен сәждеге жығылушылар үшін Қағбаны таза ұстауды әмір еткен⁶. Бұл ғибадат орындарын, үй-жайды, қора-қопсыны, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызы зор екендігін білдіреді.

Пайғамбарымыз хадистерінде: *«Аллаһ – кіршіксіз таза, тазалықты сүйеді»*⁷, – деп атап өткен.

Аллаһ елшісінің: *«Тазалық – иманның жартысы, ал әлхамдулиллаһ таразы басын толтырады»*, – деген өсиетіндегі «тухур» сөзі – сыртқы тазалықпен қоса тәубе ету, кешірім сұрау (истиффар), Аллаһқа жалбарыну, әрдайым Аллаһтың назарында екенін сезіну, жиі-жиі өз іс-әрекетіне есеп берумен қатар шынайы құлшылық ету арқылы жүзеге асатын рухани тазаруды да қоса қамтитын кең түсінік. Осы айтылғандарды өмірлік қағида ретінде ұстанған мұсылманның кәміл иман иесі болары анық.

Бұл мәселені екі тұрғыдан қолға алып қарастырған жөн. Біріншіден, тазалық салдыр-салақтықтан арылтса, екіншіден, жүректі жаман әдеттен, нашар мінез-құлықтан айықтырып, тазартады. Міне, жан мен тән тазалығын қамшының өріміндей қатар өрген жан *«Тазалық – иманның жартысы»* деген пайғамбар өсиетін орындаған болады. Алайда, иманның жүректе нықтап ұялауы – тек Аллаһтың қалауымен болатын дүние. Сайып келгенде, адам құлшылық мақсатында тазалыққа ден қойып, талпынса, жан дүниесі тазарып, сөзсіз оның жүрегіндегі иманы күшеймек.

Тазалыққа қатысты тағы бір айта кетерлік мәселе, аяттар мен хадистердің түпкі мәніне үңіліп, зерттеп,

⁶ «Бақара» сүресі 2/125; «Хаж» сүресі 22/26

⁷ Тирмизи, Әдәб, 41

зерделеген ғалымдар дінімізде жүрек тазалығының бәрінен жоғары тұратындығы жайлы тоқтамға келген. Өйткені, ардақты пайғамбарымыздың жоғарыда айтылған хадисінде тек сумен атқарылатын сыртқы тазалық айтылмаған. Су арқылы тән кірден арылғанымен жүрек күнәға белшесінен батса, бұның толыққанды тазалыққа жатпасы белгілі. Демек, ішкі және сыртқы тазалық өзара үндескенде ғана ол иманның жарты бөлігін құрайды.

Тазалықтың түрлері

Ислам мәдениетінде жалпы тазалық пен құлшылық мақсатында атқарылатын тазалық екі бөлек қаралмаған. Бұл екеуі камшының өріміндей егіз дүние. Сондықтан, ислам ғалымдары тазалықты сыртқы (дене) тазалығы, шариғаттағы діни тазалық және рухани тазалық деп үш тұрғыдан қарастырған.

Сыртқы (дене) тазалығына, дене күтімі, киім-кешек, тамақтану гигиенасы, қоршаған ортаның тазалығы кіреді. Ал рухани тазалық мұсылманның ниеті, ықыласы, жүрегін жақсы қасиеттермен және көркем мінезбен, әдемі ахлақпен кемелдендіруді камтиды.

Діннің түпкі мәні алдымен жүректі тазарту, Аллаһты тану, құлшылық жасау, рухтың кемелденуі және рухани танымы арқылы Жаратушы Иеге жақындау болса керек. Ғибадат пен рухани тазалық, тән тазалығы мен қоршаған орта тазалығы арасында өзара тығыз байланыстың болуы, Құранда жан мен тән тазалығының қатар қолданылуы да жүрек тазалығының мәніне назар аударады.

Тазалықтың келесі бір түрі – діни тазалыққа келсек, бұған рухани ластық санатындағы дәретсіздік

халінен тазалану тәсілдері жатады. Шарифатта көзге көрінетін кір мен былғаныштан тазаруды «нәжістен тазару», ал дәретсіздік халінен арылуды «хадастан тазару» дейді. Дәрет – әдетте белгілі ғибадаттарды іске асыруды мүбаһ⁸ қылатын, адамды құлшылық етуге рухани тұрғыдан дайындайтын және ғибадаттан сауап жинауға септігін тигізетін бірден-бір көмекші ғибадат түрі.

Рухани тазалық пен сыртқы тазалықтың арасындағы тонның ішкі бауындай тығыз байланысты естен шығармаған абзал. Дінімізде тән тазалығы, киім-кешек, үй-жай, қора-қопсы, қоршаған ортаны таза ұстау міндет болса, жүректі күнәдан тазарту парыз саналады.

Тазалықтың дәрежелері

Тазалықтың төрт дәрежесі бар:

Бірінші: бойды нәжістен, кірден тазарту;

Екінші: бойды күнәдан тазарту;

Үшінші: жүректі жаман әдеттерден тазарту;

Төртінші: жүректі Аллаһ тағаладан басқа барлық нәрседен тазарту; Бұл тазалықтың ең жоғарғы мәртебесі бола отырып, тек пайғамбарлар мен пайғамбарлардан кейінгі адамзаттың ең ұлығы сындықтарға (ең шынайы, адал, турашыл) тән.

Адам жүрегін Аллаһқа серік қосуға апаратын түрлі ойлар мен қате сенімдерден тазартпайынша көңіліне мағрифатуллахтың (Аллаһты танып-білу) қонақтауы мүмкін емес. Себебі, Аллаһ тағала адамның бір жағында

⁸ Жасалуы мен жасалмауында діни тұрғыдан ешқандай тосқауыл болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер. Мәселен, тамақ ішу, ұйықтау т.б.

мағрифатуллах, екінші жағында «масиуа» яғни Одан өзгені сыйдыратындай екі жүрек жаратпаған.

Адамның өмірлік мұраты – жүректі көркем мінезбен, ақиқат әрі дұрыс діни сеніммен сәулеттендіру болып табылады. Адам жақсы тәрбие мен тура сенімге кереғар дүниеден бас тартпайынша, күнә мен жаман әдеттерді тәрк етпейінше, жүректе көркем мінез бен шынайы адамгершілік берік орнықпайды. Міне, тазалық сол себепті иманның жартысы немесе бір бөлігі болып саналады. Мұндай тазалық тэнге қуат, жүрекке дауа болып, иманның беріктігінің де өлшемі ретінде бағаланады. Адам баласы рухани танымын биіктету үшін де тазалықты тұғыр етуі шарт. Жаман пиғылдан арылмайынша жүректің тазалығына, жаман мінез-құлықтан жиренбейінше көркем мінез бен жақсы ахлаққа қол жеткізу мүмкін емес. Адам бойдағы жаман әдеттерден тыйылмайынша ғибадаттың ләззатын сезіне алмайды. Діттеген мақсат, көздеген меже биік болған сайын жолда кездесетін қиындықтар да соған орай ауыр болмақ. Бұл жолды аңғалдықпен оңай басып өтемін деу бос әурешілік. Тазалық мәртебелерінің «тар жол, тайғақ кешулерін» дұрыс пайымдай алмаған адам ең төменгі сатысын ғана игеріп, сонда тұрақтап қалары анық. Тазалықты тек қана сыртқы тазалық деп ұғып, оның сыртқы шарттарын мінсіз орындаумен шектелу – таяздықтың белгісі. Сондықтан да игі - жақсы мұсылмандардың ішкі, сыртқы тазалықты бүтіндей ұстанған өнегелі өмірі біздер үшін үлгі болғаны абзал.

Тазалықтағы өлшем

Адамның құлшылыққа деген салғырттығы «жүрегім таза» деп ғибадатты тәрк етуден пайда

болады. «Жүрегім таза, маған ғибадаттың қажеті қанша? Одан да кітап оқып, ғылыммен айналысқаным жөн. Ғибадаттың қазасын өтеуге болар, ал бұлардың қазасы жоқ қой», – деп асыра сілтеушілер де арамызда кездеседі. Бұлай арқаны кеңге салушылармен қатар шектен шығушылар да бар. Бұлар ғибадаттың тек сырт пішіні мен формасына ғана мән беріп, оның ішкі мазмұнын мүлде елеусіз қалдырады. Иә, намаздың тек пішініне көңіл бөлгендердің оның ішкі мазмұнына үңіліп жатпасы анық. Сондықтан, жүрегінің кіреу-келеніп, тотыққанынан бейхабар жүруі ықтимал.

Ислам – жеңілдік діні. Оны қиындататындар діннің мәнін жете түсінбегендер. Аллаһ елшісі бұл туралы: *«Бұл дін – жеңілдік діні. Ешкім діннен озамын деп артық кетуге тырыспасын. Қалай болғанда да дін озады (ұтады)»*⁹, – деген. Иә, дін ұдайы кез-келген адам өз өмірінде жүзеге асыра алатындай жеңілдікте әрі өмірдің шындығынан алшақ жатпауы керек. Ол «жүрегім таза» деп құлшылықты тәрк ету секілді бейқамдықтан да, не болмаса асыра сілтеу арқылы дінді қиындата түсуден де аулақ. Құдайға құлшылық кісінің ішкі ықыласымен өлшенеді. Рухани дүниесінің тереңіне бойлай алмаған адамның тақуа секілді көрініп, жасанды әрекеттер істеуі де тепе-теңдікті бұзады.

Пайғамбарлар ғибадаттың да өлшемін көрсеткен. Иман келтіргендер тек соған сай мінәжат қылғанда барып, тура жолды табады. Сол себепті сумен дәрет жаңалайды, су табылмаған жағдайда Құран Кәрім бұйырғандай тәяммүм жасайды, топыраққа беті-қолын мәсіх етіп, намазға тұрады. Бұл орайда жан тазалығы,

⁹ Бухари, Иман, 29

жүрек пәктігіне сай сыртқы кейіптің тазалығына да ерекше мән беру ортақ үйлесімді бұзбағандықтан ізгі әрекет болмақ.

Адам табиғатындағы тазалық

Әрбір адам тумысынан Исламға бейім әрі күнәдан таза болмыспен дүниеге келеді. Бұл турасында Ардақты пайғамбарымыз: (с.а.с.) *«Әркім туа бітті ислами болмыспен дүниеге келеді. Жүре келе ата-анасы оны христиан, иудей немесе отқа табынушы (мәжуси) қылады»*¹⁰, – дейді.

Мұнтаздай таза адам болмысының өзі жүре келе күпір және күнә істермен кірленіп мұқалуы мүмкін. Құдайды жоққа шығаруы, Оның бар екендігі мен жалғыз дара екендігін паш етіп тұрған күллі нәрсеге көзін тарс жұмуы – күпірлік болып табылады. Сөйтіп жан сарайын су қараңғыға көміп, тап-таза табиғатына күйедей қара дақ түсіреді. Адам иманы мен жақсы амалы арқылы табиғатын қаз қалпында сақтап қала алады. Демек, адам табиғатында иман туа бітті тұрлаулы күш болса, күпірлік кейіннен пайда болатын жағдай екен. Бастапқы табиғатын таза сақтап, жүректі иман нәрімен сусындата алмаған адамның күпірдің көп ағымдарының біріне шырмалып, адасуы ғажап емес.

Адам таза табиғатын кірлету арқылы азғындыққа бой алдырады. Жұмыртқаны жарып шыққан сарыуыз балапан ұша алмаса да құс есебінде. Ал қауырсыны бітіп, қанаты бекіген шақта ұшуға талпынғанын көріп: «Ол әлі-ақ ұшатын болады», – дейміз. Әйтсе де басына пәле орнап, қанаты сынса, майып болса, ұша алмасы

¹⁰ Бухари, Жәнәиз 80; Мүслим, Қадәр 22

анық. Күпір де осы секілді. Ол ұшуға асық құстың топшысын сындырғандай адамның бастапқы табиғатын іске жарамсыз етіп, қанаты қайырылған құстай дәрменсіз халге душар қылады. Әлгі мысалдағыдай біз жаңа туған нәрестеге қарап: «Мына нәресте мұсылман, не болмаса әлі-ақ мұсылман болады», – десеміз. Бірақ, жүре келе өмірдегі таңдауын дұрыс жасамағандықтан сағы сынып, күпір құрдымына кетіп жоғалуы ықтимал. Сөйтіп сәби көңіл көгеріп, зәулім ағаш болудың орнына жаңбырдан, жылу мен күн шуағынан құр қалып курап семіп кетуі ғажап емес.

Имансыз адам дене тазалығы тұрғысынан алдына қара салмауы бек мүмкін. Үсті-басына шаң жуытпайтын сондай ұқыпты, таза, алайда дін-иманнан хабарсыз адамдар баршылық. Сонымен қатар, кір-қоңы бес елі, әйтсе де, бес уақыт намазын қаза қылмайтын діндарлар да кездеседі. Негізінен, мұндай салғырттық діннің кемшілігі емес, жеке адамның қателігі. Ислам діні күнделікті бес мәрте намаздан бұрын дәрет алуды әмір еткен. Аптада бір мәрте шомылуды (моншаға түсуді) Ханафи мәзхабы сүннет десе, кейбір ғұламалар уәжіп деп білген. Аптасына кем дегенде бір мәрте жұма күні бой дәретін (ғұсыл) алу дінімізде бекітілген сүннет және жұма күні жақсылыққа бөленудің алғышарты саналған.

Дінімізде тазалықтың атқаратын рөлі осыншалықты зор. Олай болса діннің бар талабын бүкіл ынтасымен беріле орындайтын жанның тазалықтан кенде болмағаны абзал. Дін талаптарын толық орындамай ішінара тәрк етуші адам діннен шығып кетпейді, десе де діннің берекеті мен игілігінен мақұрым қалады.



БІРІНШІ ТАРАУ

**ТӘН ТАЗАЛЫҒЫ
және
ҚҰЛШЫЛЫҚҚА
ҚАЖЕТТІ ТАЗАЛЫҚ
ТҮРЛЕРІ**



ДЕНЕ ТАЗАЛЫҒЫ

Әдетте әрбір адам өз басының тазалығына мән берсе де, бермесе де, өзгелердің таза болғанын қалайды. Неліктен? Өйткені адамның жаратылысы бойды таза ұстап, таза жүруді қажет етеді. Ұқыпты әрі таза жүру көпшілік ортада кісінің өз-өзіне көңіл бөлетіндігін ұқтырады әрі өзіне деген өзгелердің сый-құрметін оятады. Үсті-басын тәртіпке келтірмей, салдыр-салақ жүретін ұқыпсыздар жайлы Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Араларыңнан кейбіреулер келіп көктен хабар түсуін сұрайды, ал, өзінің тырнағы өсіп кеткен, тырнағының асты кір мен тамақ қалдықтарына толы»* – десе, енді бір хадисте: *«Менің алдыма сарғайған тіспен, жағымсыз иіспен келмеңдер!»*¹¹ – деп ескерткен. Бұл хадистерден тән тазалығының қоғамдық ортадағы мән-маңызына назар аударылғанын аңғарамыз.

Тазалық тұрғысынан күнделікті не күнара болмаса да, тым құрығанда аптасына бір мәрте моншаға шомылып тұру қажет. Осы орайда Пайғамбарымыз да (с.а.с.) жоқ дегенде аптада бір рет шомылып кір-қоңнан, жағымсыз иістен арылуға кеңес бергенін айта кеткен жөн.

Қазіргі күні судың денедегі энергия қуатын реттеп, жүйке жүйесін тыныштандыратыны, ревматизм ауруларына оңды септігін тигізетіні, күнделікті стресті жойып, адамға күш-қуат пен сергектік сыйлайтыны, қан айналымын жақсартып, теріні демалдыратыны

¹¹ Сююти, Жамиус-Сағир, 2/72

анықталған. Осы тұрғыдан салқын судың пайдасы орасан зор. Ал салқын сумен шомыла алмайтындар жылы сумен шомылғаннан кейін аяқ-қолын біршама уақыт салқын суда ұстап бойларын үйретуге тырысса, денсаулықтары үшін аса пайдалы болмақ. Шомылу барысында тым ыстық су пайдалану, денені қатты ысқылаудың теріге зиян екенін де ескерген жөн. Шомылғанда көпшілік пайдаланатын тар хауыздан (бассейннен) аулақ болған жақсы.

Дініміз ғұсыл мен дәретті міндеттей отырып, дене күтіміне ерекше көңіл бөлген. Алдағы бөлімдерде жеке адамның гигиенасына жан-жақты тоқталатын боламыз.

Беті-қол күтімі

Қол күнделікті тұрмыста жиі кірленетіндіктен, оны мұнтаздай таза ұстауға айрықша мән беру керек. Сүннет бойынша тамақтанардан бұрын және кейін, ұйқыдан тұрғанда, азық-түлікті ұстағанда, үй жануарларын сылап-сипаған жағдайда, науқасты немесе сәбиді күту үшін алдын ала қолды мұқият жуу керек.

Бас ауруының бәсеңдеуіне, бастағы қан айналымын жақсартуға, сергек, өңді әрі ажарлы болуға бет жуудың тигізер септігі мол. Бетті кірден, шаң-тозаңнан тазартудың да пайдасы шаш – етекпен. Бетпен қоса мойынды жуу миды қоректендіріп, қан тамырларын шынықтыра түседі.

Аяқ күтімі

Аяқ күтімі де айтарлықтай мәнге ие. Аяқты күнде жуу, жуғаннан кейін әсіресе саусақтардың арасын жақсылап сүртіп құрғату керек. Әйтпесе шамадан

тыс ылғалдан саңырауқұлақ инфекциясының пайда болу қаупі туындайды. Аяқтың тырнақтарын да жиі-жиі алып отыру қажет. Башпайларды ылғалдан сақтау үшін мүмкіндігінше тар аяқкиім кимеген абзал. Аяққа ылғалды жақсы сіңіретін матадан тоқылған шұлық киген абзал. Аяқкиімнің де таза болғаны жөн. Әдетте аяғы тершең кісілердің тері мен кірі аяқкиімге сіңіп, аяқ пен шұлықты лезде кірлетеді. Сондықтан аяқкиімді де жиі тазартып тұрған жөн.

Тырнақ күтімі

Аяқ-қолдың тазалығында тырнақ күтімінің маңызы ерекше. Мамандар тырнақты жиі-жиі дөңгелек пішінде қысқа қылып алып отыруға, аяқ тырнағын өскенде көбесіндегі етке батып ауыртпауы үшін тырнақты түзу етіп кесуге кеңес береді.

Тырнақ – микробтардың ұясы. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Уа, Әли, тырнағыңды қатты өсірмей алып жүр! Себебі, зиянды нәрселер тырнақтың астына жиналады»*¹², – деп ескерткен. Хадисте аталған зиянды нәрсенің бірқатары микробтар екенін білеміз. Қолды ауызға, көзге, мұрынға жиі апаратынымызды ескерсек, кір тырнақтың қандай қатер туғызатынын жақсы түсінеміз. Сүннетте тырнақты апта сайын алып отыруға кеңес берілген.

Сондай-ақ бірде пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Он нәрсе жаратылыстан: мұртты қысқарту, сақалды өсіру, мисуәк қолдану, истинишак (кеңсірікке су жүгірту), мадмада (ауызға су алу), тырнақты қысқарту, саусақтардың арасын салалап жуу, қолтықтың түгін*

¹² Дәйләми, Фирдәус, 3/205

алу, белден төменгі жақты (қасағаны) ұстарамен күзеу, истинжа жасау»¹³, – деген.

Ауыз бен тіс күтімі

Тіс пастасы мен шөткені пайдалану – тіс пен қызыл иектің, ауыз қуысының аман болуының кепілі. Тісті тамақтанғаннан кейін шамамен бір жарым сағаттан кейін жақсылап тазалау қажет. Тамақтан кейін ауызды шайып немесе аздап су ішкен дұрыс. Бұл тісжегі мен қызылиектің қабынуынан қорғайды. Тіс пастасын аз мөлшерде қолданып, тіс шөткесін үш ай сайын жаңалаған жөн. Тісті тазалағанда, шөткені қызыл иектен тіске қарай бағыттап отырып тазалайды.

Профилактикалық шара ретінде алты айда бір рет тіс дәрігеріне көрініп тұрған дұрыс.

Пайғамбарымыз ауыз бен тіс күтіміне ерекше көңіл бөлген. Парыз және нәпіл намаздарды қосқанда күн сайын бес немесе он рет мисуәк пайдалануға кеңес берген. Намаздан бұрын дәрет алғанда үнемі мисуәк қолданатын. Осы орайда, оның: «... егер үмбетіме қиындық туғызбайтынын білгенімде, әр намаздың алдында мисуәк қолдануды бұйырар едім»,¹⁴ «Мисуәк қолданыңдар, мисуәк ауызды жақсы тазалайды»¹⁵ деген хадистері осыған дәлел. Сондай-ақ, пайғамбарымыз күнделікті ұйықтар алдында, төсектен тұрғанда міндетті түрде мисуәк қолданған.

Ауыз тазалығын сыртқы тазалық деп қана қарамау керек. Мүмин адам тілімен өсек, өтірік айтпауға,

¹³ Мүслим, Таһарат 56; Әбу Дәууд, Таһарат 29; Тирмизи, Әдәб 14; Нәсәи, Зинәт 1

¹⁴ Бухари, Жума, 8; Мүслим, Таһарат, 42

¹⁵ Бухари, Саум, 27

жала жауып, балағаттамауға көңіл бөлгені жөн. Қайта көбірек зікір айтып, тәсбих тартып ауызды рухани кірлерден де таза ұстаған абзал.

Тіс күтімінде мисуәктің орны

Мисуәк – хош иісті, жеміс бермейтін «Арак ағашының» жіңішке шыбықтарынан кесіп алына-тын табиғи шөтке. Мисуәк құрамында фтордың бо-луымен ерекшеленеді. Зерттеулерде мисуакта оның шырынының тісті бірқатар микробтардан сақтайтын, қызыл иекті коректендіретін, ауызға жағымды иіс беріп, асқазанға да пайдалы қасиеттер бар екендігі, тістің кіреукесін (эмалін) бұзбайтындығы айтылған.

Тісті күнделікті бірнеше мәрте тазалау – түрлі аурудың алдын алады. Мутауатир хадисте Аллаһ елшісі: *«Тісті мисуәкпен тазалаңдар. Мисуәк – ауыз тазалығының кепілі әрі Аллаһтың разылығына бөлейді. Жәбірейіл періште әр келгенде мисуәк қолдануды мұқият тапсыратыны соншалық, бұл маған және үмбетіме парыз болар деп қорқушы едім. Үмбетіме қиындық тудырмайтынын білсем, мұны парыз қылар едім. Мисуәкті өз басым жиі қолданатыным соншалық алдыңғы күрек тістерімнің түбі босап кете ме деп қауіптенемін»*¹⁶, – деген екен. Бұл хадисті қырықтан астам сахаба жеткізген. Сірә, профилактикалық ме-дицина тұрғысынан тіс күтімінің маңызы туралы дөп басып айтылған бұдан басқа сөз табу қиын шығар.

¹⁶ Ибн Мәжә, Таһарат, 7; Бухари, Жума, 8; Тәмәнни 9; Мүслим, Таһарат, 42

Тағы бір хадисте: «Құран оқитын ағзаларың ауызды таза ұстаңдар! Мисуәк қолданыңдар!»¹⁷, – делінген.

Иә, «Аллаһ – кіршіксіз пәк, пәктікті жақсы көреді»¹⁸. Аллаһ – көркем, көркемдікті ұнатады. Егер, мұмин аузын таза ұстаса, Аллаһтың ұнатқан әрекетін істегені. Мисуәк қолдануды ханафилер дәреттің, шафиғилер намаздың сүннетіне жатқызады. Осының бәрі тісті жүйелі түрде тазалап жүру қажеттігін меңзейді. Мұны дәрет аларда яки намаз оқудың алдында орындауға да жол ашық.

Сондай-ақ, хадистегі «сисуәк» сөзі тура мағынада мисуәк деген мағынаға келсе де, мұндағы мақсат – тісті ысқылау болып табылады. Тісті саусақпен, шөткемен, жіппен немесе басқа құралдармен де ысқылауға болады. Бастысы ол Аллаһтың разылығы үшін жасалса, діннің тазалық жөніндегі талабын орындаған болар едік.

Иә, мисуәк қолдану – Аллаһ елшісінің сүннеті. Сүннетке көңіл бөлетіндер мисуәкті қолдануды әркез әдетке айналдырғаны жөн.

Көз, құлақ және мұрын тазалығы

Көзді жуу – көздің майда қан тамырларының, бұлшық еттерінің жұмысын жақсартады. Көздің қабынуына сеп болатын микробтарды жойып, көз шарасындағы кірді тазартады әрі зейінді өткір қылады. Сонымен қатар көзді салқын сумен шаю, шаршағанды басады.

Мұрынды (кеңсірікті) сумен тазарту тыныс алуды жеңілдетеді. Мұрын айналасындағы синустардың

¹⁷ Бухари, Саум, 27; Нәсаи, Таһарат, 4; Ибн Мәжә, Таһарат, 7.

¹⁸ Мүслим, Иман 147; Ибн Мәжә, Дуа 10.

еркін босауына, мұрын қуысындағы иірімдердің ауаны жылыту қабілетінің күшеюіне септігін тигізеді. Лакит ибн Сабира (р.а.) Пайғамбарымызға: *«Уа, Аллаһ елшісі, дәрет алу туралы айтсаңыз екен?»*, – дегенде, ол: *«Дәретті жақсылап ал, саусақ арасын салалап жу, ораза болмасаң кеңсірігіңе суды жақсылап тарт»*¹⁹, – деп мұрынды жақсылап тазалауға кеңес берген.

Хазірет Пайғамбарымыз тағы бірде: *«Ұйқыдан тұрғанда үш мәрте кеңсірікке су жіберіп сіңбіріңдер!»*²⁰, – деген. Мұнда айта кететін нәрсе өрескел дыбыс шығарып, мұрынды қатты сіңбірмеген жөн. Өйткені, Ислам – тазалықпен қатар сыпайылық діні. Әсіресе жол үстіне, адамдар көп жүретін орындарға, ашық алаңқайларға сіңбіру – жиіркенішті қылық. Көпшілік ортасында мұрын шұқылау, ішіндегі түгін жұлу әдепсіздіктің белгісі әрі денсаулыққа зиянды екенін ескерген жөн.

Шаш және сақал-мұрт күтімі

Дененің шаш, сақал-мұрт секілді қайратты түк басқан тұстарын таза ұстаудың профилактикалық мәні зор. Түбінде тер және май бездері шоғырланғандықтан шаш тез майланады әрі тез кірлейді. Сондықтан шашты таза ұстап жиі, жуып тұрмаса, оның микробтар мен паразиттердің тіршілік ортасына айналатындығы анық. Шашқа қойылатын гигиеналық талап – оны күнделікті немесе күнара, тым құрыса аптасына екі рет жуып, қайызғақтан, май мен шаң-тозаңнан тазарту, шаш пен сақал-мұртты үнемі тарап күту. Бір ескерте кетерлігі,

¹⁹ Әбу Дәууд, Таһарат, 55.

²⁰ Мұслим, Таһарат, 20,21.

жуғанда бас терісін қатты ысқылап тітіркендіру дұрыс емес.

Химиялық жолмен бұйралау, бояу да шаштың өсуін нашарлатады. Сондай-ақ, бас киімсіз күннің астында немесе суықта жүру бастағы қан айналымының қалыпты қызметін бұзады.

Пайғамбарымыз шашын үнемі жуып тазалап, тарап күтетін. Ұйысқан кір шаштарды ұнатпайтын. Бірде шашы ұйпа-тұйпа біреудің мешітке келгенін көріп: *«Мына адам басын жуатын су, шашын тарайтын май таппаған ба? Бұл неткен салақтық!»*, – деп ренжіген еді. Тағы бірде: *«Шашы бар адам шашын күтсін!»*²¹, – деп, шашты күтуге кеңес берген.

Пайғамбарымыз мұртты үстіңгі ерінге жетпейтіндей етіп қысқартып отыруға кеңес берген. Тағам қалдықтары мұртқа жабысып кісінің бет-әлпетін бұзбас үшін мұртты осылайша қысқартып тұрған жөн.

Сырт көз – сыншы

Мәдинада бір топ сахаба мешіт жанындағы Аллаһ елшісінің үйіне келіп, кіруге рұқсат сұрайды. Пайғамбарымыз бұл кезде демалып жатқан болатын. Қонақ келгенін естігенде, дереу түрегеліп, киімін киеді де есікке қарай беттейді. Жолай су толы ыдысқа үңіліп, судағы бейнесіне қарап, шашын түзейді.

Пайғамбарымыздың қонақтарды қарсы алу үшін үсті-басын мұқият ретке келтіргеніне таңданған Айша анамыз: *«Уа, Аллаһ елшісі! Сіз де сырт көзге жақсы көрінуге тырысасыз ба?»*, – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: *«Әрине, Айша! Мұсылман*

²¹ Әбу Дәууд, Тәрәжжүл, 3

адам басқа бауырларын қарсы алғанда үсті-басын ретке келтірместен, олармен ерсі күйде жүздеспегені дұрыс. Аллаһ – көркем, көркем болғандарды ұнатады, сондықтан мұсылманның діндес бауырларына жақсы көрінгенін қалайды», – деп жауап қатады.

Қарапайым киіну әрине абзал, дегенмен қарапайым көрінемін деп ұқыпсыз, олпы-солпы киіну де дұрыс емес. Аллаһ елшісінің сүннеті – таза, ұқыпты, ықшам киініп, адамдарға жақсы кейіпте көріну. Сондықтан достарымыз бен жақын-жуықтарымызды, таныстарымызды қарсы аларда үсті-басымызды түзеп, киім тазалығына мән берген жөн. Әйтпесе салдыр-салақтық пен ұнжырғаның түсіп жүруі адамның жеке басына ғана емес, дініміздің атына да кір келтіруі ықтимал. Ондайда сырт адамдар сізге қарап, «сірә, Исламда осылай жүруді талап ететін шығар» деген жаңсақ ойға баруы мүмкін.

Әурет тазалығы

Исламда дененің түк басқан тұстарын да таза ұстауға айрықша мән береді. Өйткені, тер мен өзге де органикалық қалдықтар көп бөлінетіндіктен микробтар дәл осындай түк басқан жерлерді көбірек мекендейді. Аллаһ Расулының «*Әркім ұйықтап тұрған соң қолын жумай ыдыс ұстамасын! Өйткені ұйықтап жатқан-да қолын қайда жүгірткенін білмейді ғой*»²², – деген хадисі тікелей осыны меңзейді. Сол себепті қандайда бір аурудың алдын алу тұрғысынан, ұйықтап тұрған-нан кейін қолды жуу ерекше ықтиятталған.

²² Мұслим, Таһарат, 87

Пайғамбарымыз дене күтімі жайлы хадисінде қолтық пен ұятты жердің түктерін тазартуды және дәрет сындырған соң сумен тазалану керектігін бұйырған²³. Истинжа (үлкен дәреттің қалдығы) мүмкін болса сол қолмен мол су құя отырып жасалады, қажет болса сабын да қолданылады. Истинжаны сумен жасау гигиена талаптарына толықтай сай әрі шүберек (дәке), тас және қағазбен жасалғаннан гөрі әлдеқайда дұрысырақ. Құба мешіті жамағаты сумен истинжа жасағаны үшін келіп түскен «Тәубә» сүресінің 108-аятында: **«Онда (көрінетін, көрінбейтін нәжістерден) тазарғанды жақсы көретіндер бар. Аллаһ тазаланғандарды ұнатады»,** – делінген. Осыған орай Пайғамбарымыз: *«Уа, Әнсар жамағаты! Аллаһ сендердің тазалықтарыңды мақтауда. Бұл мақтаудың себебі не?»*, – деп сұрағанда, олар: *«Біз намаздан бұрын дәрет аламыз, жүніп болғанда гұсыл аламыз және дәрет сындырған соң сумен тазаланамыз»*, – деген болатын. Сонда Аллаһ елшісі: *«Демек мақтау осы үшін екен. Ендігі жерде бұл әдеттеріңді тастамағандарың дұрыс»*²⁴, – деп кеңес береді.

Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздың әжетханадан сумен тазаланбай шықпағанын айтады. Ибн Омар: *«Біз де солай істедік. Мұны тазалық әрі дертке шипа деп білдік»*²⁵, – деген болатын. Бір ескере кетерлігі, жүніп кезде әурет жерін түктен тазарту – мәкрүһ. Ондайда тазалықтың ғұсылдан кейін барып жасалғаны

²³ Мұслим, Таһарат 56; Тирмизи, Әдәб, 14;

²⁴ Ибн Мәжә, Таһарат, 28

²⁵ Мұслим, Таһарат 87.

абзал. Жалпы діни түрғыдан, денедегі шаштың, түктің, тырнақтың таза кезде алынғаны дұрыс.

Дене күтімінде қолданылатын күнделікті бұйымдарды арнайы микроб түспейтіндей етіп сақтаған жөн. Өйткені, тазарту кезінде денені жарақаттап алу жиі кездеседі. Таза емес құрал қолданғаннан жарақатқа микроб түсіп қабынуы, сөйтіп болмашы енжарлықтан үлкен машақат тууы әбден мүмкін.

Истинжа және истибра деген не?

Зәр төккенде және ішті босатқаннан кейін тазалануды **истинжа**, тазалану барысында тас, кесек пайдалануды **истижмар**, дәрет сындырған соң бір ауық күтіп несеп жолында зәр қалмауын қадағалауды **истибра** дейді. Әсіресе ер адамдардың зәр сындырғанда мұқият болғаны абзал. Өйткені, бір тамшы зәр шықса дәрет бұзылады. Кейбір ғұламалар біле тұра истибра жасауға көңіл бөлмей намаз оқыған адамды дәретсіз намаз оқығанмен тең тұтқан. Хадисте: *«Зәрден сақтаныңдар. Қабір азабының көбі содан болады»*²⁶, – деп мұсылмандарға истибра жасауға кеңес берілген.

Истинжаны немен жасайды?

Истинжа сумен, қала берді ұсақ тас, кесекпен де жасалады. Алайда сүйек, шыны сынығымен, үстіне жазу түскен қағазбен, жібек тәрізді қымбат матамен, зәмзәм суымен истинжа жасау мәкрүһ. Таза қағазды да басқалай игілікке жаратқан дұрыс. Сондай-ақ, пайғамбарымыз тезекпен истинжа жасауға тыйым салған. Су тапшы не

²⁶ Хаким ән-Нейсабури, әл-Мүстәдрак, 1/293; Дарул-Күтүбул-Илмийә, Бейрут, 1990

өте аз болса, арзан шүберек немесе әжетхана қағазымен истинжа жасауға рұқсат етіледі.

Истинжа және истибра жасаудың тәртібі

Ислами кітаптарда зәр сындырған соң истибра жасауға, қақырынып жөтелу, қуықты сығымдау, аяқты қимылдату, бірден дәрет алмай біраз адымдап жүруге кеңес беріледі. Истибрадан соң белден төменгі жақты, яғни қасағаны, жыныс мүшесін жуып, шүберекпен немесе әжетхана қағазымен сүртіп құрғатқан дұрыс.

Истинжа, истибра және әжетханаға кіріп-шығу тәртібіне мыналар жатады:

- ❖ Әжетханаға кірерде саусақтағы Аллаһтың аты жазылған сақина-жүзікті шешіп қою, қалтадан аят, хадис жазулы қағаздарды шығару. Жалпы бұларды әжетханаға жолатпаған дұрыс не болмаса су өткізбейтін мұқабаға салып жүру керек.
- ❖ Әжетханаға кірерден бұрын бісміллә деу, содан соң «Аллаһүммә инни әғұзубикә минал хұбси уәл хабаис», «Уа, Аллаһ, ластықтан және былғаныш нәрселерден сақтай гөр!», – деген дұғаны оқу мұстахаб.
- ❖ Әжетханаға сол аяқпен кіру, оң аяқпен шығу;
- ❖ Әжетханада бетті құбылаға беріп немесе құбылаға теріс қарап отыру мәкрұһ.
- ❖ Әжетханада орынсыз сөйлеуге, зікір, дұға оқуға, сондай-ақ, сырттан берілген сәлемге жауап қайтаруға болмайды.
- ❖ Себепсіз тік тұрып зәр төгуге болмайды. Отырып дәрет сындырғанда қуық әлдеқайда жақсы босайды әрі зәр шашырай қоймайды. Бұл – тазалықтың ең дұрыс жолы.

- ◆ Әжетханада әурет жеріне, зәрге, үлкен дәретке қарамау;
- ◆ Әжетханадан шыққан соң «Әлхамду лилләһил ләзи әһәбә (ғ)аннил әзә уә афани», «Қиындықтан құтқарып бойды жеңілдеткен Аллаһқа мадақ айтамын» деген дұғаны оқу әдепке жатады.

Истинжаның мәкрүһтері

- ◆ Желге қарсы, шалшық немесе ағын суға зәр сындыру мәкрүһ. Жеміс ағаштарының саясына, көлеңкелі жерге, егіндік алқаптарға, құмырсқаның илеуіне, сарышұнақ, егеуқұйрық тәрізді кемірушілердің ініне, жол бойына дәрет сындыру да мәкрүһ. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерінде әсіресе жол бойына, көлеңкелейтін орынға дәрет сындыруға қатаң тыйым салынған.
- ◆ Қоғамдық (көпшілік пайдаланатын) әжетханаларда іш босатқан соң әжетхананы тиісінше тазаламай кету дұрыс емес. Бұлай ету басқалардың ренішін туғызатын жиіркенішті қылық екені белгілі.
- ◆ Истинжа мен истибраны тек сол қолмен атқару шарт. Хадисте: *«Зәр сындырған соң әурет жерін оң қолмен ұстамаңдар. Ишті босатқан соң да оң қолмен сүртінбеңдер»*, – дейді. Ғалымдар аталған хадиске сүйеніп әжетін оң қолмен өтеуді мәкрүһ санаған.
- ◆ Истинжа жасау барысында суды серпіп шашуға, шашыратуға болмайды.
- ◆ Ғұсыл алынған (шомылған) орынға зәр төгу де жаман әдет. Ол секемшілдікке себеп болады делінеді. Алайда зәр тосылып қалмай, ағын сумен

ағып кететін болса мұның мұbah болатынын айтқан ғалымдар да бар. Дегенмен мұндай екіұдай пікір туындағанда ықтияттылық танытқан жөн.

Құлшылық үшін керекті тазалық:

Тазалық жайлы кітаптарда үнемі «хадас» сөзі қолданылған. Діни әдебиеттерде дәреттің болмауы мен жүніптік жағдай «хадас» деп аталады. «Хадастан тахарат» деп осы діни тазалық айтылады.

Хадастан тахарат – дәреті болмаған кісінің дәретін жаңалауы, ғұсыл алуға тиіс адамның ғұсыл, яғни бой дәретін алуы. Тазалықтың бұл түрінің сыртқы кір-қонды кетіру секілді денсаулық тұрғысынан пайдасы ұшан-теңіз. Бұған қоса, басқа да көптеген хикметтері бар. Хадастан арылудың 2 түрлі жолы бар:

1. Дәрет алу. Іш босату, қызылиектің, мұрынның қанауы жағдайында дәрет бұзылады да кіші хадас пайда болады. Бұл күйден тазалану үшін дәрет (тахарат) алу жеткілікті.

2. Ғұсыл алу – жүніп болу, етеккір көру секілді хадас күйінен тазарыну үшін міндетті түрде қажет. Өйткені, бой дәретін алмайынша жүніп болған кісі намаз оқи алмайды. Тап солай етеккірі келген немесе жас босанған әйелдер де намаз оқи алмайды. Әйелдердің хайыз күндері аяқталған соң намаз оқу үшін ғұсыл алуы шарт. Ғұсыл алу үшін су таба алмаған немесе су тапса да әжетке жаратуға мүмкіндігі жоқ адамдар тәйәммүм жасайды. Сондай-ақ, тиләуәт және шүкір сәждесін орындау үшін де хадастан арылу шарт.

Әйелдер үзірлі күндері намаз бен ораза секілді ғибадаттарды орындаудан босатылған. Құран Кәрім етеккір көрудің әйелді қажытатын дімкәстік екенін

білдіріп, сол уақыттарда жұбайлардың жыныстық қатынас жасауына тыйым салады²⁷. Әйелдер хайыз күндері оқымаған намазының қазасын өтемейді, бірақ ұстай алмаған оразасының қазасын кейін өтейді.

Дәрет алу

Ғалымдар бір ғана дәрет алудың өзі нағыз тазалық екенін алға тартады. Пайғамбарымыз дәретті есік алдында ағып жатқан өзенге ұқсатып, күніне бес мәрте өзенге шомылған мүминнің бойында ешқандай кір-қоң қалмайтынын білдірген²⁸. Сондықтан намазға ниет етіп, дәрет алған мүмин Жаратқанның құзырына шығатынын сезіне отырып жуынып, тазарынады. Сыртқы келбет тазалығымен қатар жан дүниесінің тазалығына да баса мән береді. Сыртын қанша жуып-тазартса да іштей былғаныштан арыла алмағанына өкінеді. *«Аллаһ тағала түр-әлпет пен дене-бітімінен бұрын жүрек сырына үңіледі»*²⁹, деген хадисті есіне алып, күнәлары үшін ұяттан жерге кіргендей опық жейді. Сондықтан дәрет – бой тазалығы мен мүминнің жан сарайының тазалығының да айнасы.

Дәрет алу кезінде әр мүшенің күнәсі төгілетініне қатысты Пайғамбарымыз: *«Кімде-кім дәрет суын дайындап аузын шайып (мадмада), кеңсірігіне су жіберіп сіңбірсе (истиншақ) сөз жоқ бетінен, аузы-мұрнынан жаңсақ істеген қателері төгіледі. Сосын Аллаһ бұйырғандай ғып бетін жуса, жүзіндегі күнәлар сақалынан төмен қарай сумен бірге ағып кетеді. Сосын*

²⁷ «Бақара» сүресі 2/222.

²⁸ Бухари, Мәуакыт 6; Мүслим, Мәсажид 282; Тирмизи, Әмсал 5; Нәсәи, Сальат 7; Муатта, Сәфәр 91.

²⁹ Мүслим, Бирр 33; Ибн Мәжә, Зүһд 9.

шынтаққа дейін қолын жуса, қолының күнәлары сумен бірге саусақтарының ұшынан төгілетін болады. Басына мәсіх тартқанда басындағы күнәлар шаштарының ұшынан ағып кетеді, аяғын тобығына дейін жуғанда аяғының күнәлары башпайларының ұшынан ағып кетеді. Сонан соң намаз оқып, Аллаһқа мадақ айтып шүкіршілік қылса, жүрегін Аллаһтан басқаға деген қорқыныш пен махаббат сезімдерінен арылтса, анадан жаңа туғандай болып бүкіл күнәларынан тазарынады»³⁰, – деп баяндайды.

Расында жаңсақ іс-әрекеттен, қателіктен Аллаһ тағалаға сиынып, шынайы опық жеп, тәубе ету арқылы ғана құтылуға болады, ал, қолдың кірі жуса кетеді. Сондықтан күніне бес мәрте дәрет алған адам Жаратқанның алдында жүзі жарқын болып, ағзасына микроб жұқтырып ауру-сырқауға ұшыраудан сақтанады.

Дәрет мұның бәріне өтеу болады әрі мүминнің дәрежесін өсіреді. Мүмин Жаратқанға құлшылық ниетімен дәрет алуға бекініп, басы артық сөзден тыйылады. Аптап ыстық пен сақылдаған сары аяз да бөгет бола алмайды. **«Уа, иман еткендер, намазға тұрғыларың келгенде беттеріңді, шынтаққа дейін қолдарыңды жуыңдар, бастарыңа мәсіх тартып тобықпен бірге аяқтарыңды да жуыңдар!»**³¹ – деген бұйрықты қалт етпей орындап, Аллаһ тағаланың құзырына келеді. Пайғамбарымыздың: *«Сендерге Аллаһ тағаланың күнә мен қателіктерді кешіруіне, тиімсіз жағдайларды жоқ қылуына, дәрежені өсіруіне дәнекер*

³⁰ Мүслим, Мұсафирин, 294

³¹ «Мәйдә» сүресі, 5/6

болатын нәрсені айтайын ба?», – деген сұрағына сахабалар жарыса: «Әрине, айтсаңыз екен!», – дейді. Сонда пайғамбарымыз: «Ешқандай қиындыққа қарамастан дәретті толықтай (тиісінше) алу»³², – деген екен. Соңғы сөйлемде пайғамбарымыз «әсбиғ» деген сөзді қолданған. Бұл ауыз, мұрынды мол сумен шаю, аяқ-қолды жақсылап (ысқылап) жуу дегенге саяды. Сондай-ақ хадистегі «аләл-макариһ» сөзі ешқандай қиындыққа қарамастан дегенді білдіреді. Бұл күн ыстық немесе аязды деместен жақсылап дәрет алу деген сөз. Дәл осы сөз «дәрет алу сендерге зиянын тигізбеген жағдайда» деген мағынаға да саяды.

Егер сырқат адамның ауруы күшейетін болса немесе аурудан айығуы баяуласа, сумен дәрет алудан бас тартқаны жөн. Мұндайда тәйәммүм жасалады. Су тапшы болғанда немесе пайдалануға жарамсыз болғанда да тәйәммүм жасалады. Демек, мұның өзі үлкен жақсылық.

Сонымен, мүмин дәрет алу арқылы үсті-басын тазартып қана қоймай, жан дүниесін де нұрландырады. Сөйтіп, мұнтаздай күйде Жаратқанның алдында құлшылығын орындауға кіріседі.

Дәрет алудың пайдалары

Аллаһ тағаланың адам ағзасына орнатқан механизмі мінсіз жұмыс істейді. Имам Ғазали адам ағзасының таңғажайып екенін тілге тиек еткен. Нобель сыйлығының лауреаты француз ғалымы Алексис Каррель де: «Адам – құпия жаратылыс» атты кітабында

³² Мүслим, Таһарат, 41; Мууатта, Сәфәр, 55; Тирмизи, Таһарат, 39; Нәсеи, Таһарат, 106.

адамның ағзасының тамаша жаратылысын тамсана отырып баяндайды. Адам бойында жеті рет өлшеп, бір пішкен керемет тепе-теңдік, ғажап үйлесім бар. Адам ағзасында осыншалықты мінсіз жүйе болмағанда болмашы ақаудың өзінен бордай тозып, таусылар еді.

Мәселен, жүрек-қан тамырлары белгілі ырғақпен және реттілікпен бірде жиырылып, бірде серпіліп, жұмыс істейді. Бұл ырғақ тіршіліктің тынысы бола отырып, сәт сайын адамның барлық ағзасына қажетті қанды айдап, жеткізіп тұрады. Тіршіліктің тірегі деуге келетін жүрек әрдайым «Аллаһ» деп лүпіл қағады. Бірақ біз мұны байқамаймыз. Дәруіштер «Лә иләһә иллаллаһ» сөзінің ырғағы жүректің соғу ырғағына дөп келетінін айтады. Адам «Лә иләһә иллаллаһ», – дей бастағаннан-ақ жүрек оны сүйемелдей «Лә иләһә иллаллаһ», – деп соғып, қанды бүкіл ағзаға айдайтын көрінеді. Қан тамырлары қарапайым тілмен айтқанда су құбыры секілді, олар да жүре келе тотығады, қабырғаларына май қабатын түзіп қатаяды, сөйтіп, қалыпты қызмет етуден қалады. Бұдан көбінесе, жүрекке қашық орналасқан мидың үстіңгі қабаты мен аяқ-қолдың ұшы зардап шегеді. Бұлардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қан айналымының ақаусыз жұмыс істеуі қажет. Дәрет біздің тәнімізге осындайда септігін тигізеді. Ол жүрекке тым қашық жатқан капиллярлы қан тамырларының белсенділігін арттырады. Бұл баяу ағатын вена қанының жүрекке жетіп, одан оттегіне, қоректік заттарға қанығып артерия қан тамырлары арнасымен алыс-жақын ағзаларға нәр беруі тұрғысынан маңызды.

Мұның барлығы Аллаһтың шексіз мейірбандығын паш етеді. Аллаһ тағала дәретті әмір еткен аяттың соңында *«Аллаһ сендерге қиындық тудырғысы келмейді, алайда шүкіршілік қылсын деп сендерді тазартқысы және нығметін тәмамдағысы келеді»*³³ – деп бұйырады.

Осыдан дәреттің адам ағзасы мен жалпы денсаулыққа тигізер пайдасы зор екендігін аңғарамыз. «Олай болса Аллаһ тағала тәмамдағысы келген нығмет қандай?», – деген сұрақ еріксіз туындайды. Мұндайда адамзатқа Жаратқанның бергенінің бәрі нығмет екенін білген жөн. Бірақ жақсылықтың баянды болуы шартты түрде пенденің еркіне берілген. Әу баста жаратылыс нығметтері адамның ықтиярынсыз жүзеге асқандықтан, яғни Аллаһ тағала бізді жаратқанда, дүниеге әкелгенде ешкімнен сұрамағандықтан, оның жалғасын табуы құлдың ерік-жігеріне тәуелді. Мәселен, дәрігерлер қан тамырларының серпінділігін сақтау үшін кейде ыстық, кейде салқын сумен жуынуға кеңес береді. Ыстық су қан тамырларының арнасын кеңейтсе, салқын су керісінше тарылтады. Дәрет алу барысында жіңішке қан тамырларының арнасы бірде жиырылып, бірде кеңейетіндіктен адам денсаулығының мықты болуына дәрет алу арқылы оңды ықпал етеді.

Дәрет пен ғұсыл қан айналымы мен лимфа жүйесі қызметінің жақсаруына әсер етеді. Лимфа түйіндері қызметінің жақсаруы ағзаның ауруға қарсы төзімділігін күшейтіп, қауіпті бактериялар мен вирустардың ағзаны сырқатқа шалдықтыруына бөгет болады. Діни әдебиеттермен қатар медициналық еңбектерде де

³³ «Мәйдә» сүресі, 5/6

кеңсірікке су жіберіп жуу мен мойынды шаюдың лимфа түйіндерінің белсенділігін арттыратыны жазылған. Сондай-ақ, адам бойында белгілі бір энергиялық тепе-теңдік бар. Бұл тепе-теңдіктің сақталуы денсаулық үшін өте маңызды. Әдетте психо-соматикалық аурулардың дені ағзаға кері әсер етеді. Мәселен, асқазан жарасы әлгіндей кері әсерлердің нәтижесінде пайда болады. Қазіргі таңда адамның тынышын алып, бойындағы энергия тепе-теңдігін бұзатын факторлар тым көп. Себебі, ауа-райының ластығы, синтетикалық (жасанды талшықтан тігілген) киімдер мен ыдыстар тағысын тағы күнделікті тұрмысымызға дендей енген түрлі заттар бойдағы тепе-теңдікті бұзып, ағзаның қалыпты қызметін нашарлатады. Мұндай зардаптың алдын алуға су мен топырақ көп септігін тигізеді. Мұның екеуі де өткізгіш. Адам күніне бес мәрте дәрет алу арқылы, су табылмаса таза топыраққа тәйәммүм жасағанда, бойындағы энергияны реттеп, артығын сыртқа шығарып отырады. Құран міне осыны меңзеп: «...намазға тұрғанда дәрет алыңдар, жүніп болсаңдар ғұсыл алыңдар, су табылмаса тәйәммүм жасаңдар!»³⁴ – дейді. Мұның барлығы да Аллаһ тағаланың құлдарына жасаған жақсылығының белгісі.

Ислам – жеңілдік діні. Аллаһ тағала құлдарына қиындық емес, жақсылық жасағысы келеді. Аятта бұл туралы: «*Ол қиындықты емес жеңілдікті қалайды*»³⁵, – дейді. Сондықтан «неге қиын-қыстау шақта дәрет алуымыз керек?», – деп қамығып, қапалану жөн емес. Себебі, Аллаһ тағала құлдарының игілігін ең жақсы

³⁴ «Мәйдә» сүресі 6.

³⁵ «Бақара» сүресі 2/185.

білуші. Ал біле-білгенге дәреттің адам үшін мың сан пайдасы мен игілігі бар.

Дәреттің тән тазалығы тұрғысынан маңызы

Жоғарыда қысқаша тоқталған аузымызды, мұрнымызды, жүзімізді, аяқ-қолымызды жуу арқылы жүзеге асатын тазалықты – дәрет дейміз. Дәретті күніне бірнеше мәрте аламыз. Ауру-сырқаудың көбіне ауыз, мұрын секілді ас қорыту, тыныс алу жолдары арқылы тарайтынын ескерсек, дәреттің пайдасының ұшан-теңіз екенін аңғарамыз. Медицинада дәлелденген гидротерапияның көптеген элементтері дәретте түгелдей қамтылған.

Аллаһ тағала белгілі жағдайларда мұсылмандарға дәрет пен ғұсыл алуды бұйырған. Жиі-жиі жасалатын мұндай тазалықтың денсаулыққа профилактикалық пайдаларын санамаласақ, бір ғана дәретте қаншама пайда барын аңғарамыз.

Дәреттің хикметтері

Дәрет тек аяқ-қолды жуып, басқа мәсіх тартумен шектелмейді. Дәреттің өзіндік терең мәні бар. Баршаға мәлім, дәрет алудың тәртібі мынадай: әуелі ниет, сосын қос қолды білекке дейін жақсылап жуу, ауыз шайып, кеңсірікке су жүгірту, бетті жуу, қолды шынтақпен қоса жуу. Содан соң басты, мойынды, құлақты ылғал қолмен сүртіп, аяқты тобыққа дейін жақсылап жуу. Енді осы бір тазалық түрінің астарында қандай терең мағына жатыр? Осыған тоқталайық.

Дәрет – Аллаһқа құлшылықтың, мінәжаттың басы әрі намазға дайындық жасаудың атауы. Дәрет яки ғұсыл алу намаздың міндетті алғышарты сана-

лады. Түзге шыққан соң тазалану (жуыну, сүртіну), артынша қолды жақсылап жуу, осыдан кейін дәрет алу тәндік тазалық түрі емес. Тәндік ластық болумен қатар рухани ластық та бар. Дәрет алғанда тәнімізді тазартумен қатар, рухани дүниемізді сергітіп, күнәдан арылуға ұмтыламыз. Түрлі қателіктерімізді мойындап, қайталамауға бекінеміз. Жасаған ісімізге өкініп, тәубе ету арқылы күнәлардан арыламыз.

Жаманды-жақсылы барлық іс-әрекетті адам баласы көзімен, қолымен, аяғымен, тілімен және т.б. ағзаларымен жасайды. Кез-келген істе адам баласының аталған ағзалары Аллаһ тағала белгілеген шектен шығып кететіні және бар. Міне, дәрет алып, жуынғанда, іштей дұға оқып, дәрет ағзаларымызбен жасаған күнәларымыз үшін тәубе етіп, рухани тазарамыз.

Дәрет алардан бұрын адам ниет етеді. Осылайша, Хақ тағаланың құзырына шығуға дайындалады. Содан соң бісімлілә айтып, Аллаһтың жарылқауын үміт етіп, дәрет алады.

Ауызға және кеңсірікке су жібергенде: «Уа, Аллаһ тағалам, сенің атыңды ауызға алуға, кітабыңды оқуға көмектесе гөр! Жаһаннамның иіс-қоңынан аулақ қылып, жаннаттың хош иісін нәсіп ете көр!», – деп дұға етеді.

Бетін жуғанда: «Жаратқан Ием, достарыңның жүзі жарқын болған сол күні (қияметте) менің де жүзімді жарқын қыл! Қарабет қыла көрме!», – дейді.

Оң қолын жуған шақта: «Жаппар Ием, амал дәптерін оң жақтан алғандардың санатынан қыла көр!», – деп, сол қолын жуғанда: «Уа, Аллаһ тағалам, дәптері

сол жақтан берілгендер қатарына қоса көрме!», – деп дұға етеді.

Басқа мәсіх тартқанда: «Уа, Жасаған Ием, мейіріміңе бөлей гөр, береке, жақсылығыңды аяма! Сенен өзге ешкімнен пана таппайтын жерде Арыш тағының саясында жай таптыра гөр!», – дейді.

Құлағына мәсіх тартқанда: «Уа, Аллах тағалам, мені сөздің дұрысына құлақ асып, саған мойынсұнғандардан қыла көр! Жақсылармен бірге жаннатқа шақырған дауысты естуді нәсіп қыл!», – деп айтады.

Мойынға мәсіх тартқанда: «Жаппар Ием, қылша мойным талша! Мені тозақтан құтқар, мойныма бодаулық шынжырын салма!», – деп тілек білдіреді.

Аяғын жуғанда: «Жасаған Ием, тура жолыңнан адастыра көрме!», – дейді. Содан соң кәлимаға тіл келтіріп: «Уа, Аллах тағалам, күнәларым үшін опық жеп өкініш білдіремін! Кеше гөр, тәубемді қабыл ал! Мені өкініш білдіруші және тазарушылар санатынан қыла гөр, жақсы құлдарыңның қатарына қос! Шүкіршілік етуші, сабыр сақтаушы және сені есте ұстаушылар санатына қоса гөр!», – деп тілек тілейді.

Дәрет алған адам көлгірсімей шынайылықпен, кемшіліктері мен қателіктерін Хақ тағаланың құзырында мойындап, кешірім сұрайды, дұғам қабыл болсын деп жалбарынады. Осылайша тәнімен бірге рухы да тазарып, намаз оқуға дайындалады.

Кез-келген кісі осындай адал ниетпен аяқ-қолы мен бет-аузын, тіпті бүкіл бойын кірден тазартуға күш салады. Сондай-ақ, құлшылыққа дайындалу арқылы дәретті рухани тазарудың, жаңарудың нышаны деп біледі. Су адам тәнін кірден тазартса, тәубе де дәл

солай рухани кірден арылтатынына кәміл сенеді. «Жұрт көзіне түсетін киім-кешегімді, үсті-басымды таза ұстауға тырысамын-ақ. Ендеше, Хақ тағаланың назары түсетін жүрегімді, жан дүниемді таза ұстауға неге талпынбасқа?», – дейді. Сөйтіп бойын ғана емес ойын да, жүрегін де түзеуге тырысып бағады.

Сыйлы кісінің қабылдауына барғанда бар жақсымызды бойымызға іліп, сыпайы сырбаз көрінуге күш саламыз, олай болса Аллаһ тағаланың құзырына да үсті-басымызды тәптіштеп түзеп барғанымыз абзал. Шәмсидің: «Сарайын салып бітпеген, патшаны қонаққа шақырып әуре болмасын» – дегеніндей, тек сырт пішінге, сыртқы тазалыққа ғана мән беретін адам патшаны қонаққа шақыра отырып, үйінің сыртын ақтап бояған, бірақ ішіне қарамаған әумесер іспеттес.

Адамның бойы мен ойында тазалық, намазында шынайылық болмаса, жүректе мағрифат сезімі берік орнықпайды. Тәнді сумен тазартуға болады, ал жүрек тазалығына қол жеткізу үшін саф иман керек. Кәміл мүминнің бойы таза, жүрегі иманмен нұрланған болады. Дәретсіз жер баспайтын жан оң және сол жағындағы желеп жебеуші періштелердің ерекше ықыласына бөленеді деседі³⁶. Хақтың разылығын мұрат еткендер жан мен тәннің тазалығын қатар ұстағаны жөн.

Дін ғалымдары дәреттің бес дәрежесі бар екенін алға тартады. Енді осы бес дәрежеге тоқталып өтейік.

1. Рухтың дәреті. Осы арқылы адам тән құмарлықтан арылып, бойдағы ғапылдықты жеңеді. Осы-

³⁶ Хужуири, Кәшфул-Махжуб (Хакикат Билгиси), Чевирен: Сулейман Улудағ, Стамбул, 1982, 426-428.

лайша рухани танымы биіктеп, жүрегі мағрифатқа кенеледі. Жүрек Аллаһтан басқа барлық нәрсені ұмытса, Ғаффар Аллаһ оны нұрға бөлейді. Нәпсіні арам пиғылдан арылтса, тақуалыққа жетеді. Осы арқылы жан тыныштығын табады.

2. Сырдың дәреті. Мұндағы «сыр» рухтың рухы (өзегі, мәні) мағынасында. Сырдың дәреті – рухтың риядан, көлгірсуден, құмарлықтың жетегінде кетуден, менмендік, мансап пен дүние қуудан арылуы. Риядан, нәпсінің құмарлық безбенінен арылғанда жүректе ықылас пайда болады. Бойдағы дүниеқұмарлықты жеңгенде ақиретке ынтызарлық пайда болады. Іштегі тойымсыздыққа тұсау салынса, қанағат пен тәуекел сезімі орнығады.

3. Жүрек пен көңілдің дәреті – жүректі жаман мінез-құлық атаулыдан арылту. Көңілден астамшылдық кетсе, кішіпейілділік оянады. Қара ниетті қойсақ, жақсы пейілге қол жеткіземіз. Дұшпандықтың орнын Аллаһқа сүйіспеншілік басады. Қиянаттың орнын уәдеге беріктік пен сенімділік басады.

4. Тілдің дәреті – өсек, өтірік, ғайбат сөз айтпау, адамдардың қателігін тілге тиек етпеу, бос сөйлеуден қашу. Өсек, өтірік айтуды қойсақ, шындық пен жан қиярлық сезімі туады. Ғайбат сөз, жала жабудан бас тартсақ, сүйіспеншілік, сыйластық сезімі оянады. Бос сөзді қойсақ, мәнді, мағыналы ойлар тілге оралады, Аллаһтың аты ауызға алынады. Адамдардың кемшілігін жіпке тізуді доғарсақ, аяушылық пен мейірбандық сезімі орнығады.

5. Тәннің дәреті – кәдімгі біз білетін, бекітілген діни тәртіп бойынша таза сумен жуыну. Егер пайда-

сын санамалар болсақ, дәрет барысында бетін жуған адамның мақшар таңында жүзі жарқын болады деген үміт бар. Қолды жуғанда, қолы береген әрі жомарт болады. Сондай-ақ амал дәптері оң жақтан берілуі мүмкін. Аяқты жуғанда ақиретте жақсылыққа жетер жолдағы кедергілерді оп-оңай басып өту мүмкіндігі шығады. Міне осындай үмітпен дәрет алу – адамның Аллаһ тағаланың разылығына бөленуге септігін тигізеді.

Дәрет алу барысында тән тазалығымен қоса жан тазалығын да шыңдау үшін мынадай кеңес беріледі: қолды жуғанда жүректі дүниеқоңыздықтан арылту қажет. Ауызға су бергенде тек қана жақсылық сөйлеуге бекінген жөн. Бет жуғанда Хақтан басқаға мойын бұрмауға уәде ету керек. Аяқты жуғанда, тек тура жолда жүруді мұрат қылу керек.

Дәрет – Аллаһтың құзырына барудың алдын-ала жасалатын дайындығы. Аллаһ тағаланың құзырына баруға бекінгендер іштей және сырттай тазаруға ден қоюы керек. Іші-сыртының біркелкі болғанын жан дүниесімен қалайтын адам іштей тазаруға да жіті көңіл бөледі. Сыртқы тазалық сумен, іштей тазалық тәубе етумен жүзеге асады.

Сүйікті пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Ашу-ыза – шайтаннан. Шайтан болса оттан жаралған. Олай болса, бойыңызды ашу-ыза кернегенде оны жеңу үшін дәрет алыңыз»*³⁷, – деп, дәреттің физиологиялық және рухани тұрғыдан пайдаларына тоқталған.

³⁷ Әбу Дәууд, Сүнән, Әдәб

Дәреттің ақиретте мүминге тигізер септігі

Гибадаттың діңгегі – намаз. Ал, намаздың кілті – дәрет. Дәрет алу арқылы рух сергіп, жан сарайы Тәңірі жолдайтын жақсылықтарға айқара ашылады. Мәселен, денеге салқын су тигенде бойдағы күш-қуат артып, ерекше сергектік пайда болады. Рух та тап сондай күш алып, Хақтан келетін игілік атаулыны қабылдауға бейім тұрады.

Дәл осындай ниетпен дәрет алу Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) үмбетінің ақиретте ерекше ілтипатқа бөленуіне септігін тигізеді. Әбу Һурайра (р.а.) дәрет алғанда қолын иыққа дейін, аяғын тізеге дейін жуатын. Мұның себебін сұрағандарға ол Аллаһ елшісінің: *«Қиямет күні үмбетімді шақырғанда, олар дәрет алған аззалары жарқыраған күйде келеді. Сондықтан мүмкіндігі болғандар жарқырауын ұлғайтсын! (Мүслимнің басқа бір риуаятында: «Мүминнің әшекейі дәреттің жеткен жеріне дейін көтеріледі» делінген)*³⁸, – дегенін естідім» дейтін. Басқа риуаятта Әбу Һурайра тақырыпты кеңінен тарата отырып баяндайды: *«Аллаһ елшісі қабірстанға (Бақи-ул Ғарқад қабірстанында он мыңға жуық сахаба жерленген) барып: «Уа, мүминдердің өңірі, сәлем болсын сендерге! Иншаллаһ біз де сендердің қатарларыңа қосылатын боламыз. Діні бір бауырларымды қатты көргім келеді», – деді. Сонда сахабалар: «Біз сізге бауыр емеспіз бе, уа, Аллаһ елшісі!?!», – деп сұрады. Бұл сұраққа пайғамбарымыз: «Сендер менің достарымсыңдар! Бауырларым әлі келе қойған жоқ», – деп жауап қатты. Сахабалар:*

³⁸ Бухари, Ууду 3; Мүслим, Тахарат 34, 35, 40; Нәсәи, Тахарат 110.

«Үмбетіңізден әлі келмегендерді қалай танитын боласыз, уа, Аллаһ елшісі!?», – дегенде, Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Қалай дерің бар ма? Қара торы көп жылқының ішінен аққасқа аттарын иесі түстеп тани алмаушы ма еді?»*, – деген сұрағына: *«Әрине ажыратады, уа, Аллаһ елшісі!»*, – деді сахабалар жарыса. Пайғамбарымыз: *«Осы секілді олар да дәрет алған ағзалары жарқырап келетін болады. Мен хауыздың басына олардан бұрын жетемін. Байқаңыздар, кейбіреулер хауызымның басынан адасқан түйе секілді жаппай қуылады. Мен оларды: «Бері келіңдер!»*, – деп шақырғанымда, маған: *«Сен олардың сенен кейін не істегенін (бүлдіргенін) білмейсің ғой?!»*, – деп үн қататын болады. Сонда мен де: *«Олай болса, аулақ кетсін! Аулақ кетсін!»*, – дейтін боламын»³⁹. – деді.

Уқба ибн Амир (р.а.) жеткізген хадисте дәреттің жаннатта аяқталатын серуеннің басы екені айтылады: *«Біз кезекпен түйе бағушы едік. Бір күні кезек маған келді. Кешқұрым түйелерді қырға айдап салып, қайтқанымда Аллаһ елшісіне (с.а.с.) соқтым. Ол халыққа уағыз-насихат айтып тұр екен. Сөзінің соңында: «...кімде-кім жақсылап дәрет алып, басына беріліп екі рәкәғат намаз оқыса, оған жаннат уәжіп болады»,* – дегенін естіп қалдым. Мұны естіп қуанғанымнан: *«Бұл неткен жақсы хабар!»*, – дедім. Сонда алдымда тұрған біреу: *«Мұның алдында айтқаны тіпті жақсы болатын»,* – деді. *«Кім екен?»* деп жүзіне қарасам, Омар ибн Хаттаб екен. Ол сөзін әрі қарай жалғастырып: *«Кімде-кім дәрет алса және мұны жақсылап орындаса, содан соң «Әихәду ән лә*

³⁹ Мүслим, Таһарат, 39

илһә иллалаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһу. (Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед Аллаһтың құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін). Уа, Аллаһ, мені тәубе етушілерден, тазарушылардан қыла гәр!», – десе, оған жаннаттың сегіз қақпасы да айқара ашылып, қалаған есігінен ішке енеді»⁴⁰, – деді.

Бұл деректерден намаздың басты шарты болған дәретті мұқият алудың маңызын және оның ақиретте пайғамбарымыздың үмбетін тануға мүмкіндік беретінін байқаймыз.

Дәреттің парыздары

Дәрет алудың діни шарттары Құранда және Сүннетте белгіленген. Құранда: **«Уа, иман еткендер! Намазға тұрар кезде беттеріңді, шынтақты қоса қолдарыңды жуыңдар! Басқа мәсіх тартып, аяқты тобықпен қоса жуыңдар!»**⁴¹, – деп келтірілген. Дәреттің парыздары аятта айтылғандай төртеу:

- ◆ Бетті жуу;
- ◆ Қолды шынтақпен қоса жуу;
- ◆ Басқа мәсіх тарту;
- ◆ Аяқты тобықпен қоса жуу.

Ханафи мәзхабынан басқа мәзхабтарда бұл төрт парыздан басқа да парыздар бар. Мәселен, шафиғи мәзхабында ниет (ниет білдіру) пен дәрет ағзаларын ретімен жуу парыз. Мәлики мәзхабы ниет пен дәрет ағзаларын жуғанда ысқылауды («дәлк») парыз деп есептеледі. Ханбәли мәзхабы ниет пен дәретті үзіп, созып алмауды («мүләуат»), яғни дәрет алу барысын-

⁴⁰ Әбу Дәууд, Таһарат, 65; Тирмизи, Таһарат, 41

⁴¹ «Мәйдә» сүресі, 5/6

да араға уақыт салмай ағзаның бірі құрғамай жатып екіншісін жууды парыз санайды.

Мәсіх тарту

«Мәсіх» сөздікте әлдененің үстін сипалау, тазартып сүрту деген мағыналарды білдіреді. Діни терминологияда «мәсіх» ылғал қолмен әлдененің үстін сипау деген сөз. Ылғал қолмен басты, аяқтағы мәсіні немесе жараға таңылған дәкені сипауға болады. Мұнда мұқият боларлық жайттың бірі мәсіх тартудан бұрын жуылған қолды кездейсоқ немесе әдейі ештеңеге тигізбеу керек. Мәселен, қолды жуған соң қолда қалған ылғалды басқа сүйкей салуға болмайды. Қолды қайта жуып барып, басқа мәсіх тарту қажет. Дегенмен, кейбір жағдайларда басқа мәсіх тартқаннан қалған ылғалмен қолды сипауға рұқсат берілген.

Бастың қанша бөлігіне мәсіх тарту парыз?

Бастың төртте біріне мәсіх тарту парыз. Пайғамбарымыз бастың маңдайдан жоғары тұсына мәсіх тартқан. Сондықтан бастың төбе тұсына мәсіх тарту сүннет. Жалпы алғанда бастың құлақтан төмен қарақұс немесе шүйдеден басқа кез-келген бөлігіне мәсіх тартуға болады. Себебі, баста мәсіх тартылатын орын құлақтың жоғары жағынан басталады. Бастың әлгі айтылған кез-келген тұсына төртте бірден кем болмайтын шамада мәсіх тарту жеткілікті.

Дәреттің сүннеттері

Дәреттің сүннеттері мыналар:

- ◆ Дәрет алуға ниет қылу;
- ◆ Бісміллә айту;

- ◆ Қолды шынтаққа дейін үш мәрте жуу;
- ◆ Ауызға және кеңсірікке су жіберіп тазарту;
- ◆ Мисуәк пайдалану немесе тісті шөткелеу;
- ◆ Сақалды салалап жуу: Сақалы тығыз өскендер қолына су алып, сақалдарының арасына жүгіртіп, жоғары қарай тартып салалау керек.
- ◆ Саусақтардың арасын салалау;
- ◆ Басқа толықтай бір мәрте мәсіх тарту; Дәрет алғанда қос қолдың алақаны мен саусақтарын бастың алдынан артына қарай толықтай жүргізіп шығуды ел ішінде толық мәсіх деп айтады.
- ◆ Құлаққа мәсіх жасау;
- ◆ Мойынға мәсіх тарту;
- ◆ Дәретті бірізді алу (тәртібін сақтау);
- ◆ Дәретті оң жақтан бастау, дене мүшелерін үш мәрте жуу және ысқылау;
- ◆ Дәретті үзіп-созып жүріп алмай бітіру. Дәрет мүшелерінің бірі кеппестен келесісін жууға көшу.

Дәреттің әдебі

Дәреттің парыздары мен сүннеттерін ең көркем түрде жүзеге асыру – дәреттің әдебіне жатады. Сондықтан, дәрет алғанда қай әрекеттің дұрыс, қайсысы бұрыс екенін әркімнің ой таразысына салғаны жақсы. Осыған орай дәреттің әдебін былай-ша тізуге болады:

- ◆ Дәрет алғанда мүмкін болса құбылаға бет бұру;
- ◆ Намаз уақыты кірмей тұрып, дәрет алып, намазға дайындалу. Алайда, үзірлі жандар дәретті намаз уақыты кіргеннен кейін алуы қажет.
- ◆ Өздігінше дәрет алуға жарамайтын үзірлі болмаса, дәрет алу үшін басқа жаннан көмек сұрамау қажет.

Дегенмен өз қалауымен басқа жанның дәрет суын дайындап беруі, дәрет алуына көмектесуі әдепке қайшы емес.

- ◆ Дәрет суын денеге, киімге шашыратпау;
- ◆ Дәрет алып жатқанда басынан соңына дейін ниетті ұмытпай әрбір дене мүшесін жумай тұрып бис-милла айтып дұға етіп, салауат айту;
- ◆ Қолда жүзік болған жағдайда жүзікті айналдыра отырып, астындағы теріге судың тиюін қамтамасыз ету;
- ◆ Дәрет алу барысында ауыз бен мұрынға оң қолымен су алып, сол қолымен суды сіңбіру;
- ◆ Дәрет алу барысында суды үнемдеп қолдану. Өзен, көлде болса да суды ысырап етуден сақ болу.
- ◆ Дәрет алған кезде зәру жағдай болмаса сөйлеспей. Өйткені, бөгдемен сөйлескенде дұға оқи алмайды.
- ◆ Дәреттің соңында шәһәдат айту; Осыған қатысты бір хадисте: *«Кімде-кім мінсіз түрде дәрет алып біткесін, «Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін», – деп шәхадат айтса, оған жаннаттың сегіз қақпасы ашылып, қалаған есігінен кіреді»,* – делінген.
- ◆ Артылған дәрет суынан аз ғана ішіп, құбылаға қарап тұрып: *«Ұлы Раббым! Мені әрбір күнәсіне тәуба етуші және күнәлардан арылып тазаланған құлдарыңнан ете гәрі!»,* – деп дұға ету;
- ◆ Дәреттен кейін бір немесе бірнеше рет «Қадір» сүресін оқу;

- ◆ Дәрет алған соң намаз оқуға болмайтын мәкрүх уақытымен тұспа-тұс келмесе, екі рәкағат намаз оқу.

Дәреттің жарамдылығына кедергі болмайтын мән-жайлар

- ◆ Қабыршақтанып тұрған жараның астын жумау дәреттің жарамдылығына кедергі келтірмейді.
- ◆ Тырнақ астында жиналған кір, денедегі кір және шыбын-шіркей былғанышының дәретке кедергісі жоқ.
- ◆ Зәру болған жағдайда дәрет мүшелерінің бірі жуылмай қалса, дәретке кедергі келтірмейді. Мәселен, денедегі жараны, аяқтағы күйіктің орнын жуу зиян тигізсе, жай ғана мәсіх тарту жеткілікті. Мәсіх тарту зиянды болса бұдан да бас тартқан жөн. Жараға жағылған дәрі айналасына аққан жағдайда жуу керек, ал, жуу зиян берсе, мәсіх тарту жеткілікті.
- ◆ Дәрет алып жатқанда және дәрет алып болғасын дәрет мүшелерінің бірін жуып-жумағандығына қатысты күдік туындаса, егер дәрет алғанда әдетте күдіктенбейтін болса, қайта жуады, ал егер әрдайым күдіктенуді дағдыға айналдырса, жумайды. Күдік-күмән да тым шектен шықпаған абзал.
- ◆ Дәрет алғандығын нақты біле тұра дәретін бұзып-бұзбағандығына қатысты күдіктенген жан дәретті болып есептеледі. Нақтылы болған жайт күдікпен күшін жоймайды. Керісінше дәреті жоқ екендігін біле тұра кейіннен дәрет алып-алмағандығына қатысты күдік туындаса, онда дәрет жоқ болып есептеледі.

Дәрет қандай жағдайда бұзылады?

- ❖ Несеп жолынан, тік ішектен зәр, ұрық сұйықтығы, қан, үлкен дәрет сықылды органикалық қалдықтардың бөлінуі;
- ❖ Жел шығару;
- ❖ Ауыздан немесе мұрыннан қан кету, кезкелген дене мүшесінің қанауы; Ауыздан түкірік көлеміндей қан кетсе, дәрет бұзылады. Қанның азды-көптігін түкіріктің түсінен білуге болады. Ағзаның басқа жерінен шыққан қан жан-жағына жайылса дәрет бұзылады. Иненің жасуындай қан жайылмай қаз қалпында қалса, дәретке кедергі келтірмейді. Мұны сүртіп тастаудың еш әбестігі жоқ. Жарадан шыққан іріңді сарысу да қан есебіне жүреді. Күлбіреп қабыршықтанған жарадан аққан сарысу да қан есебіне кіреді. Бір көзқарас бойынша мұндай сарысу дәретті бұзбайды. Шешек және қышымақотыр (бөртпе) ауруларына шалдыққандар осы жеңілдікті пайдалана алады. Шафиғилерде зәр шығару жолдарынан басқа денеден аққан қан, ірің, сарысу дәретті бұзбайды.
- ❖ Құсу;
- ❖ Естен тану, есіру, мас болу;
- ❖ Намазға жығылған адамның абайсызда немесе әдейі жанындағыларға естірте күлуі намазын да, дәретін де бұзады. Жаназа намазында күлу намазды бұзбайды.
- ❖ Босану; Босанған әйелдің қынабынан қан кетсе де, кетпесе де дәрет бұзылады.
- ❖ Әйел мен еркектің өзара шамадан тыс аймаласуы дәретті бұзады. Шамадан тыс аймаласу деп

әйел мен еркектің жыныс мүшелерінің бір-біріне жалаң немесе жұқа киіммен тиюі айтылады. Имам Мұхаммед мұндай жағдайда шәуһет сұйықтығы келмесе, дәреттің бұзылмайтынын айтқан.

- ◆ Әйелдің қынап аузына немесе ішіне қойған дәкесі ылғалданып түсіп қалса немесе шығарып тастаса дәрет бұзылады. Қынаптың ішіне орналас-тырған дәкенің сыртына ылғал өтпейінше дәрет бұзылмайды.
- ◆ Жантайып немесе әлденеге сүйеніп ұйықтау;
- ◆ Намаздан басқа уақытта сәждеге бас қойып ұйықтау; Намаз оқығанда сәждеде қалғып кету дәретті бұзбайды.
- ◆ Үзірлі адамның үзір себебінің бітуі. Үзірлі адамның дәреті намаздың уақыты шыққанда бұзылады. Су таба алмай тәйәммүм жасаған адамның дәреті су табылғанда, мәсіге мәсіх тартқанның мәсіх уақыты біткенде дәреті бұзылады.

Дәретті бұзбайтын жағдайлар

Төмендегі жағдайларда дәрет бұзылмайды:

- ◆ Көзден жас шықса;
- ◆ Жара және жараға ұқсас ісіктер ішінде ұйысқан қан, ірің және сары сулар сыртқа ақпаған жағдайда;
- ◆ Терінің жарадан үзіліп немесе қопарылып түсуі;
- ◆ Түкірік немесе сінбірікке аз қан араласуы;
- ◆ Аузы толмай шыққан құсық;
- ◆ Иісі болса да болмаса әйелдің жыныстық мүшелерінен шыққан жел;
- ◆ Тіс қанауы салдарынан (егер қан ағып тұратындай болмаса) тіс шөткесінде, мисуакта және желінген көкөністерде қалған қан ізі;

- Маса, сона, кене және шыбын-шіркей секілді жәндіктердің қанды соруы;
- Шаш және мұрт қысқарту, тырнақ алу;
- Жамбасты жерге толықтай тигізіп отырып ұйықтау;
- Намаз оқу барысында түрегеп тұрғанда, рукуғда, сәждеде және отырғанда ұйықтау;
- Намаз оқу барысында өзі де, өзгелер де естімейтіндей етіп күлу. Мұндай жағдайда дәрет те, намаз да бұзылмайды. Алайда, тек қана өзі еститіндей етіп күлген жағдайда дәреті бұзылмағанмен намазы бұзылады.

Ұйқы дәретті бұза ма?

Ұйқы өздігінен дәретті бұзбайды. Дәрет ұйқыдағы адамның өз-өзін бақылай алмауы (ес түсін білмеуі) салдарынан бұзылады. Адамның ес-түсін білмеуі нәтижесінде жел шығару қаупі негізге алынып, дәрет бұзылды деген ұйғарым жасаған. Дегенмен намаз оқу барысында немесе арқасын ештеңеге сүйеместен ұйықтаған жағдайда дәрет бұзылмайды. Фикх кітаптарында ұйықтау және дәрет туралы жан-жақты баяндалған. Мәселен, ат үстінде кетіп бара жатып ұйықтаған адам өрге қарай беттеген болса, дәреті бұзылады, ойпаңға беттегенде дәреті бұзылмайды, т.б. Бұл жерде ең бастысы баршаға ортақ принципті білген жөн. Ол – адамның өз-өзін бақылай алу жайы.

Адамға өзінің қоректену, тынығу секілді табиғи мұқтаждықтарын өтеу тиіс екені белгілі. Біз жылы үй, жұмсақ төсекте шаң-тозаңнан, дабырадан қашып демаламыз, алаңсыз ұйықтаймыз. Сондай-ақ, күн сайын кемінде үш мәрте жылы-жұмсақты аузымызға тосамыз,

яғни тамақты да баптап ішудеміз. Олай болса баппен ішіп-жеуге, ұйықтауға көңіл бөлгендей Жаратқанға ғибадатты да бабымен орындауға талпынған дұрыс. Күмәнді дәретпен құлшылық жасау бір басқа, Аллаһ елшісі сипаттап көрсеткендей дәрет алып ешқандай алаңсыз құлшылық жасау бір басқа. Сондықтан да ғибадатқа қатысты барлық нәрсеге ерекше мән беруге тиіспіз. Әрі күмәнді нәрселерден аулақ болу Пайғамбарымыздың бұйрығы екенін есте ұстаған жөн.

Көзден шыққан жас дәретті бұза ма?

Адамның дүние мен ақиретке қатысты әлдене үшін көзіне жасы алуы дәретті бұзбайды. Себебі, жастың дәретті бұзатынын баяндайтын ешқандай үкім жоқ. Намазда рухани дүниелерді ойлап жылаудың намазға да, дәретке де зияны жоқ. Бұл қайта құптарлық жайт.

Сахабалардың айтуынша, Аллаһ елшісі намазда буырқанған сезімдеріне ерік беретін. Ол кейде іштей тынып, кейде солқылдап, өксіп жылаған. Хазірет Омардың жылағаны саптың артқы жағына да естілген екен. Хазірет Омар, Жақып пайғамбардың (а.с.) *«Мен қайғы-мұңымды бір Аллаһқа шағамын және Аллаһтан сендер естіп білмеген нәрселерді білемін»*⁴², – деген аятты оқығанда, көз жасын тыя алмағанын және артындағы жамағаттың да онымен бірге тұнжырап, қамыққаны айтылады.

Иә, жүрек шынайылық пен адалдықтың тұғыры болғандықтан шынайылықпен кемелдене түседі.

⁴² «Юсуф» сүресі, 12/86.

Көз жасы адамның Жаратқанға бір табан жақындауына қолғабыс жасайды. Аллаһ тағала да өзіне жақындаудың жолын қарастыруды бұйырып: *«Уа, иман еткендер, Аллаһтан қорқыңдар! Оған жақындаудың жолын қарастырыңдар әрі Оның жолында күресіңдер! Сонда (азантан) құтылуларың кәдік»*⁴³, – дейді. Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде күнәсі үшін кешірім тілеп, жылаған көздің тозақ отынан аман қалатынын айтады⁴⁴.

Дегенмен, намаз үстінде дүниеге алаңдаудан, бастан кешкен қиындықты еске түсіріп, қамығудан шыққан жас намазды бұзады.

Дәрет алуға қатысты кейбір жағдайлар

Дәрет алғанда шаштың маңдаймен бітіскен тұсынан төмен қарай иекке дейін екі құлақтың сырғалығы арасындағы бөлікті, яғни бетті тұтастай жуу керек. Жақтың құлақ тұсы мен сақалдың арасындағы түксіз бөлік те жуылуы тиіс.

Сақалы там-тұмдап сирек шығатындар дәрет алу барысында иегін жақсылап жуады. Қауға сақалы барларға сақалын жай ғана сулау жеткілікті, олар сақалдың түбіне су тигізуге міндетті емес.

Дәрет алғанда көздің ішін, яғни көз шарасын шаю шарт емес. Осыған орай линза тағатындар дәрет алғанда линзасын шешпей-ақ қойса болады. Қас пен мұрттың үстіңгі жағын суласа, астындағы теріге су

⁴³ «Мәйдә», сүресі, 5/35

⁴⁴ Тирмизи, Фәдаилул-жихад, 12.

тигізу шарт емес. Алайда ғұсыл алғанда қас пен мүрт біткен терінің түбіне су тигізу шарт.

Әбу Һұрайра (р.а.) неліктен өзгеше дәрет алған?

Әбу Һұрайра (р.а.) Пайғамбарымыздың: *«Үмбетімді ақиретте дәрет алған мүшелерінен танимын»* деген хадисін естігеннен бастап, дәрет алғанда қолын иыққа, аяқтарын тізесіне дейін мұқият жуатын. Хадисте дәрет мүшелерінің жарқырағанын сипаттау мақсатында *«ғурреә мухажәлиин» «маңдайлары жарқыраған»* деген теңеу қолданылған. Әбу Һұрайра хадисті *«дәрет мүшелерінің көбірек жарқырауы үшін оларды молынан жуыңдар»* деп толықтырады да, өзінің қолын иығына дейін, аяғын тізесіне дейін жуатынын айтады.

Сондай-ақ, Әбу Һұрайра пайғамбарымыздың хадисінде айтылған мән-жайдың тереңіне өзгеше бір қырынан бойлап, Аллаһтың құзырында абыройлы болу мақсатында дәретті ұқыптап алатын. Пайғамбарымыз бірде: *«Аллаһ тағала қателіктеріңді өшіріп тазартатын және дәрежелеріңді (абыройларыңды) көтеретін бір жайтты айтайын ба?»*, – деп сұрайды. Сахабалар жаппай: *«Иә, айтсаңыз екен, уа, Аллаһ елшісі!»*, – дейді. Пайғамбарымыз сонда: *«Дәрет алу барынша қиындаған шақта дәретті ешқандай кемітпей толық алу, мешіт пен үй арасындағы ұзақ жолды жүріп өту және бір намаздан соң келесі намазды асыға күту – осылар Аллаһ тағалаға жақындау болып табылады»⁴⁵*, – деген екен.

⁴⁵ Мүслим, Тахарат 41; Тирмизи, Тахарат 39.

Бұл жерде ескерте кететін жайт, дәретті дәл солай алудың баршаға міндетті еместігі.

Дәреттің қанша түрі бар?

Үш түрлі дәрет бар:

1. Парыз;
2. Уәжіп;
3. Мұстахаб;

Парыз болған дәрет

Ешбір намазды, мейлі ол нәпіл немесе жаназа намазы болсын дәретсіз оқуға болмайды. Тиләуат сәждесін орындау және Құранды қолмен ұстау үшін де дәрет керек.

Уәжіп болған дәрет

Қағбаны тауап ету үшін дәреті жоқ адамға дәрет алу уәжіп. Қағбаны мұнсыз тауап еткеннің тауабы жарамды болғанымен дәретсіз жүзеге асырғаны үшін тәуаптың түріне қарай құрбандық шалу немесе садақа беруі керек.

Мұстахаб дәрет

Жоғарыда баяндалғандардан басқа дәрет алу құпталатын көптеген жағдайлар бар.

Дәрет алу мұстахаб болатын жағдайлар

- ◆ Фикх (ислам құқығы), хадис және ақида секілді діни кітаптарды қолға ұстау үшін дәрет алған абзал. Бұл кітаптарды оқу үшін дәретті болу дін ілімдеріне құрметтің белгісі саналады. Ғалымдар бұған ерекше мән берген. Төмендегі мысалдар-

дан мұның қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Мәселен, имам Хулуани: «Біз ғылымға деген сый-құрметіміздің арқасында атақ-даңққа қол жеткіздік. Өйткені, қолымызға дәрет жоқ кезде қағаз да ұстаған емеспіз», – деген екен.

- ◆ Ұйқыға жатпас бұрын дәрет алу;
- ◆ Ұйқыдан тұрған соң дәрет алу;
- ◆ Үнемі дәретпен жүру үшін дәрет алу;
- ◆ Дәреттің үстінен дәрет алу;
- ◆ Байқаусызда өсек, өтірік айтқан соң, біреуді сөге жамандағаннан яки балағаттағаннан кейін күнәдан арылу үшін дәрет алу;
- ◆ Қарқылдап күлген соң дәрет алу;
- ◆ Бойды ашу-ыза кернегенде дәрет алу. Бұл туралы пайғамбарымыз *«Ашу-ыза шайтаннан. Шайтан болса оттан жаратылды. Отты тек су сөндіреді. Сондықтан ашуланғанда тез арада дәрет алыңдар»*⁴⁶, – деген.
- ◆ Жатқа Құран оқу үшін дәрет алу (әдетте жатқа оқыған кезде дәретсіз де Құран оқуға болады);
- ◆ Хадис оқу үшін немесе хадис жеткізу үшін дәрет алу;
- ◆ Ілім-білім үйрету не үйрену үшін дәрет алу;
- ◆ Арафатта уақфа жасау (уақыт өткізу) үшін және Сафа Мәруа төбелерінің арасында желе жүріп (жүгіріп) өту үшін дәрет алу;
- ◆ Мәзхабтар қайшылыққа тап болған кейбір мәселелерде, мәселен, әйелге жалаң қол (кез-келген дене мүшесі) тиген жағдайда дәрет алу;

⁴⁶ Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 4/226

- ◆ Жаназаны жуу және ақтық сапарға шығарып салу үшін дәрет алу;

Үзір және үзірлі жандардың дәрет алуы туралы

Исламда ғибадатпен қоса кез-келген тұрмыс жағдайында жеңілдік көрсету, қиындықтың алдын алу маңызды қағида болып саналады. Жай уақытта дәретті бұзатын жағдайлардың үкімі үзірлі адамдар үшін өзгеше қарастырылып, жеңілдіктер жасалған.

Дәретті бұзатын және біршама ұзаққа созылатын дімкәстікті «үзір», мұндай күйге ұшырағандарды «үзірлі» дейді. Ұдайы мұрыннан қан кету, цистит (қуық ұстамау), жарадан қан тоқтамау, әйелдерде жыныс мүшесінен сұйық заттың тоқтамай ағуы, т.с.с. жағдайлар «үзір» деп аталады. Кем дегенде бір намаз уақытына созылған дімкәстік үзірге жатады.

Үзірлі адам әрбір намаз уақыты кіргенде бөлек дәрет алады және бұл дәретпен сол уақыт шамасында қалауынша намаз оқиды. Намаздың уақыты біткенде үзірлінің дәреті бұзылатындықтан қайта дәрет алуы қажет.

Үзірлі адамның үзірсіз адамдарға намазда имам бола алмайтынын білген жөн. Сондықтан үзірлі адамды имам болуға мәжбүрлеу дұрыс емес. Үзірлі адамның таң намазы үшін алған дәреті күн шыққан соң бұзылатындықтан айт намазын немесе нәпіл сәске намазын оқу үшін қайта дәрет алуы қажет.

Үнемі дәретпен жүрудің пайдасы мен маңызы

Үнемі дәретпен жүру жақсы амалға жатады. Жақсылық жасау үшін жарысу да жақсы адамның ақ пейілін аңғартады. Дегенмен, кез-келген адам көтере алмайтын жүкті арқаламауы қажет. Бұл діннің жеңілдікті ұстанатын қағидасына қайшы жағдай. Адам парыз, нәпіл және уәжіп амалдарды тек шамасының жеткенінше өз мойнына алып, Құдайдың қолдауымен орындауға күш салуы керек.

Дәреттің үстінен дәрет алу хадисте айтылғандай «нұр үстіне нұр» болып табылады. Пайғамбарымыз әр намаз уақытында дәрет алатын. Дәреті әрдайым бұзылушы ма еді? Мұнысын білмейміз. Бізге мәлім болғаны – пайғамбарымыздың азан оқылғанда шұғыл дәрет алатыны. Сахабалар пайғамбарымыздың Мекке азат етілген кезде бір дәретпен бір-екі намазды оқығанын айтады. Осыдан Аллаһ елшісінің дәреті бола тұра дәрет алғанын аңғарамыз. Ол сондай-ақ ұйқыға жатарда да дәрет алатын. Үмбетіне де дәрет алып жатуды өсиет ететін. Дәретпен жатқан кезде қайтыс болып кетсе, ондай кісінің шейіт болатынын айтатын.

Намазға дайындық және дәрет

Намаз – тазалықтың төрт мәртебесін де қамтитын тамаша ғибадат. Намазға дайындық ретінде әуелі ғұсыл немесе дәрет алу арқылы дене мүшелері кір-қоңнан тазарады. Тән тазалығы тазалықтың бірінші мәртебесі болып табылады. *«Киіміңді таза ұста! Әр түрлі лас істерден аулақ бол (жан мен тәннің кірінен бойыңды*

тазарт!))»⁴⁷ аятының әмірі екінші кезекте адамның үсті-басын, айналасын, намаз оқитын орнын тазалауы қажеттігін аңғартады. Мұндай тазалықтан өткен адам харамға көз қиығын салмайтын, жаман сөзді ауызға алмайтын, жамандыққа қолы барып, аяғы баспайтын күйде бойы мен ойы күнәдан арылады. Аллаһ елшісінің Әбу Һұрайрадан жеткен хадисінде: *«Мүмин құл дәрет алған шақта: жүзін жуғанда аққан сумен немесе судың соңғы тамшысымен көзбен істеген күллі күнәсі жуылып кетеді, қолын жуғанда аққан сумен немесе судың соңғы тамшысымен қол ұшымен жасаған қателіктері жуылып кетеді, аяғын жуғанда аққан сумен немесе судың соңғы тамшысымен аяғымен барып жасаған күнәлары жуылып кетеді. Осылайша дәрет алып болғанда күнәларынан толықтай арылып мұнтаздай боп шығады»*⁴⁸, – дейді. Аллаһ елшісінің әр намаз үшін арнайы дәрет алуы сондықтан болар. Меккені азат еткенге дейінгі дәуірде Пайғамбарымыздың бір дәретпен екі уақыт намазын оқығаны туралы дерек жоқ.

Келесі кезекте жүрек тазалығы тұрады. Жаман ой-пиғылдан арылып Жаратқанның сүйіспеншілігіне бөлену – жүрек тазалығының нышаны. Аллаһ тағала адамзаттың бір өзіне ғана мойынсұнғанын қалап *«Сендер маған, дұға етіңдер, мен де сендердің дұғаларыңа жауап қатайын»*⁴⁹, – дейді. Басқаша айтқанда намаз оқып, Аллаһтың құзырында жан-

⁴⁷ «Мүддәсир» сүресі 74/4-5.

⁴⁸ Мүслим, Таһарат, 32; Мууатта, Таһарат, 31; Тирмизи, Таһарат, 2

⁴⁹ «Ғафир» сүресі, 40/60

тәнімен, ықыласымен қол қусырған адамға Аллаһ тағала да мейіріммен қарайды.

«Мені есте ұстаңдар, Мен де сендерді ескеретін боламын!»⁵⁰, **«Кеңшілікте Аллаһты еске алыңдар, сонда таршылықта Ол да сендерді еске алады (жарылқайды)»**⁵¹ деген аяттардың дені, «мына дүниеде Мені естен шығармаңдар, қабірде, махшар таңында, жаһаннамның жалыны шарпыған қылкөпірде Мен де сендерді еске алатын боламын!» дегенге саяды. Аят-хадистер күмәнсіз осыны баян етеді. Иә, құл шын жүрекпен Жаратқанын іздеуі тиіс. Себебі, біз оған мұқтажбыз. Міне, намаз осы ізденіске бағыт-бағдар береді. Намазға осылай оқталған мүмин дәретпен бойын, ойын жаңартады, сосын Аллаһтың құзырына шығуға асығады. Әрине, Аллаһ тағала мұндай ықыласты жауапсыз қалдырмай, құлына барша есікті айқара ашады.

Сондай-ақ, тазалықтың соңғы мәртебесі – жүректен Аллаһтан басқаның бәрін, тіпті рұқсат етілген дүниелік нәрселерді аластау болып табылатын пайғамбарлар тазалығы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) пен өзге пайғамбарлар игерген тазалықтың шырқау шыңы осы. Жүрек жаман ахлақтан жиреніп бас тартпайынша, Аллаһтан басқаның бәрінен шет қалуы мүмкін болмайды. Жүрек жаман тәрбиені өзінен аластап, дүниеге қатысты нәрселерден қара үзбейінше есте Аллаһқа жақындай алмайды. Тәніміз күнәдан толықтай арылмайынша жүрек нұрға бөленбейді. Адамның іші-сырты бірдей күнәдан құтылғанда

⁵⁰ «Бақара» сүресі, 2/152

⁵¹ Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 1/307; Хақим, Мүстәдрәк, 3/623

ғана жүректе иманның шамшырағы жанады. Демек, бұл мәртебелердің бәрін аттап өтіп, бірден жоғары қарай көтерілу тіптен мүмкін емес. Тап баспалдақпен көтерілгендей сатылап жоғарылай отырып, Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленеміз. Пайғамбар атаулы осылайша жоғары деңгейге қол жеткізген. Мысалы, Аллаһ елшісі дәретке де намазға да мұқият болған, күніне жүз мәрте, басқа бір деректе жетпіс мәрте өкініш білдіріп истиғфар еткен (Аллаһ тағаладан кешірім сұрайтын). Бұл жөнінде өзі де: *«Мен күніне жүз мәрте Аллаһтан кешірім сұрап, тәубе етемін»*⁵², – деген.

Пайғамбарымыз адамзатқа ғибрат болсын деген ниетпен және үмбетіне мейірім жасалуы үшін, сондай-ақ, рухани тұрғыдан дамылсыз даму үстінде болғандықтан ұдайы Аллаһ тағалаға жалбарынып тәубе еткен.

Пайғамбарымыздың ертеңгісін және кешқұрым бірнеше мәрте: *«Уа, жүректерді сан-саққа жүгіртіп құбылтқан Аллаһ, жүрегімді дін жолында берік қыл!»*⁵³, – деп дұға қайырғаны да мәлім. Міне, оның көздеген межесі осыншалықты биік, жан сарайы осыншалықты кіршіксіз таза, ойы терең.

Намаз оқуға бекінгенде осындай терең ойға берілген дұрыс. Ғибадатқа дайындық аса маңызды. Дәрет алу барысында адам әрбір дене мүшесін жуған сайын жан-дүниесі қуат алып жаңарады, жаңа рухани асуларға ұмтылады. Дәрет алғанда айтылған дұғалар адамды басқа әлемдерге жетелейді. Сонымен қатар, мешітке беттегенде айтылатын бірсыпыра дұғалардың

⁵² Мүслим, Зікір, 41; Әбу Дәууд, Салат, 361

⁵³ Тирмизи, Қадәр 7; Ибн Мәжә Мукаддимә 13.

игі әсерінен адам Жаратқанға бір табан жақындай түседі. Мұдай деңгейгі барша адам қол жеткізе алмаса да, талаптыға жол ашық екенін айту керек. Мәселен, әзірет Әли (р.а.) әр намаз уақытында өңі қуқыл тартып, талып жығылуға дейін баратын. Міне, намазға осындай тазалықпен, осындай дайындықпен келу керек.

Мәсіге қойылатын талаптар

Мәсіге қойылатын бірқатар талаптар бар:

- ◆ Мәсіні дәретпен кию;
- ◆ Мәсінің қонышы аяқтың тобығынан жоғары (асатын) болу керек;
- ◆ Мәсі шамамен 6 шақырым жол жүруге төзімді материалдан тігілуі тиіс;
- ◆ Мәсі байлаусыз-ақ тік тұратындай қатты болуы керек;
- ◆ Мәсі суды бірден өзіне тартып алып, теріге өткізбейтін болуы қажет;
- ◆ Мәсінің тобықтан төмен тұсында аяқтың шынашығынан үш есе үлкен мөлшерде жыртық болмауға тиіс;

Дәрет алғанда аяқтағы мәсінің үстіне кем дегенде қолдың үш саусағы көлеміндей жерге бір мәрте мәсіх тарту жеткілікті. Мұның алдында мәсіні аяққа дәретпен кию қажет.

Мәсінің үстіне бір тәулік бойы, яғни 24 сағат бойы мәсіх тартуға болады. Жолаушылап жүргенде мәсіге мәсіх тарту мерзімі 3 тәулікке немесе 72 сағатқа созылады. Бұл мерзімнің басталуы – мәсі киілгеннен кейін дәреттің алғаш бұзылған уақыты. Мәселен, әлдекім дәрет алған соң мәсі кесе, содан 5 сағат өткен соң дәреті

бұзылса, мәсіх уақыты осы сәттен бастап 24 сағатты, жолаушы үшін 72 сағатты құрайды. Мұнда мәсінің киілген уақытына қарамайды.

Мәсі мен жараға таңылған дәкеге мәсіх тарту туралы

Мәсі немесе мәсінің талаптарына сай келетін ұйық, аяқкиім, етік секілді бұйымдардың үстіне мәсіх тартуға болады. Аллаһ елшісі мәсінің үстіне мәсіх тартқаны белгілі.

Дінімізде мәсі немесе мәсінің талаптарына сай келетін ұйық, аяқкиім, етік секілді бұйымдардың үстіне мәсіх тартуға рұқсат етілген. Тек аталған бұйымдардың мәсіге қойылатын талаптарға сай болуы шарт.

Денені жарақаттап алғанда немесе сүйек сынғанда, сіңір созылғанда, буын шыққанда таңылған дәкенің, салынған шеңдеуіштің үстінен, егер сумен жуу денсаулыққа зиян болса, мәсіх тарту жеткілікті. Дәкенің үстінен мәсіх тарту таңылған дене мүшесін жуғанмен бірдей есептеледі. Таңылған дәкенің үстін сулы қолмен сүрту зиян болса оны да доғаруға болады. Әдетте таңылған дәкенің, шеңдеуіштің үстінен бір мәрте мәсіх тарту жеткілікті.

Мәсіх қандай жағдайларда бұзылады?

Дәретті бұзатын нәрсенің бәрі мәсіхті де бұзады. Бірақ мәсіхтің жарамдылық мерзімі біткенше дәрет жаңаланғанда мәсіге мәсіх тартыла береді.

Алайда мына жағдайлар мәсіхті түбегейлі бұзады. Бұдан кейін дәрет алғанда мәсіх тартылмайды, аяқты жуу уәжіп болады:

1. Мәсіх мерзімінің бітуі; Мәсіхтің жарамдылық мерзімі қатардағы адам үшін 24 сағат, жолаушы үшін 72 сағат екенін жоғарыда баяндадық. Бұл уақыт шамасы толғанда мәсінің үстіне мәсіх тартуға болмайды. Дәреті бар күйде мәсіх мерзімі біткен адам мәсісін шешіп аяғын жуса болғаны дәреті бұзылмай жалғаса береді. Содан соң мәсі қайта киіледі.

2. Мәсінің аяқтан шешіліп қалуы немесе шешіп қою; мәсінің біреуі байқаусызда шешіліп қалса немесе мәсіні иесі шешіп қойса мәсіх түбегейлі бұзылады. Бұл жағдайда дәреті бар адам аяғын жуса дәреті қазқалпында қалады.

3. Жүніп болу, етеккір көру немесе босану секілді ғұсылды қажет ететін жағдайда; мұндайда мәсіх бұзылады және оның ешқандай күші қалмайды. Суықтан аяғы тоңып үсуден қорыққан адам мәсіх мерзімі бітсе де мәсісін шешпей мәсіхті жалғастыра алады. Бұл жағдайда уақытпен санаспайды, үзір саналады.

ҒҰСЫЛ (БОЙ ДӘРЕТІ)

«Ғұсыл» деп денеде иненің жасуындай құрғақ жер қалдырмай тегіс жуынып тазалануды айтамыз. Құран: *«...жүніп болсаңдар жақсылап тазаланыңдар»*⁵⁴, – деп, жүніптіктен арылу үшін ғұсыл алу қажет екенін баяндаған. Жүніп болу, етеккір көру және бала босанғаннан кейінгі қан тыйылғанда ғұсыл алудың қажет екені және мұның жай-жапсары пайғамбарымыздың хадистерінде жан-жақты айтылған.

⁵⁴ «Мәйдә» сүресі, 5/6.

Ғұсылдың денсаулық тұрғысынан және рухани тұрғыдан пайдасы орасан. Ол жүніп болудың салдарын жояды, яғни дененің шаршағанын басып, сергітеді әрі дене қуатының қалпына келуіне, қан айналымының реттелуіне игі ықпал етеді және адамды ғибадатқа дайындайды.

Несеп жолынан келетін сұйықтықтар

Адамның жыныс мүшесінен ағатын сұйықтық үш түрлі болады. Бұлар «мәзи», «уәди» және «мәни» деп аталады. Бұлардың ішінде тек мәни ғұсыл алуды қажет етеді.

«Мәзи» деп қиялдау немесе аймаласудың нәтижесінде ләззат алу салдарынан жыныс мүшесінен ағатын мөлдір жалқық сұйықтықты айтады. Мәзидің келгені байқалмауы мүмкін. Бұл әдетте ер адамда да, әйел адамда да болады.

«Уәди» суық тиюдің, ауыр жүк көтерудің салдарынан көбіне зәр сындырған соң жыныс мүшесінен ағатын қою жалқық сұйықтық. Кейде аймаласудан кейін де келуі мүмкін.

«Мәни» деп өзіне тән исі, түсі бар, несеп жолынан құмарлықпен атылып шығатын ұрық сұйықтығын айтады.

Ғұсыл алуды қажет ететін жағдайлар

1. Жүніп болу

Ғұсыл мәни келгенде ғана алынады. Мәзи мен уәди келгенде тек дәрет бұзылатындықтан, ұятты жерді жуып, тазалап, қайта дәрет алу жеткілікті.

Жүніп болу деп – жыныстық қатынасқа түсу немесе құмарлықпен ұрық бөліну себепті пайда болған, ғибадат жасауға кедергі келтіретін жағдайды айтамыз.

Мәни (ұрық) ағып-ақпағанына қарамастан жыныстық қатынасқа түскен ер адам да, әйел де жүніп болады. Жүніп болуға әкеп соғатын жыныстық қатынастың межесі еркектің жыныс мүшесінің сүннет болған тұсқа дейін әйелдің қынабына кіруі болып табылады. Мәнидің ұйқылы немесе ояу күйде, ерікті немесе еріксіз келуі үкімде өзгеріс тудырмайды. Жүніп болу үшін жай ғана құмарлықпен мәнидің бөлінуі жеткілікті. Ауыр көтеру, құлау немесе сырқаттану салдарынан сұйықтықтың келуі жүніп болуға жатпайды.

Ұйқыдан тұрғанда құмарлық болғаны есінде жоқ, бірақ ішкііміне ұрық сұйықтығының жұққанын көрген адам ғұсыл алуы тиіс. Құмарлық болғаны есінде қалғанына қарамастан ішкіімінде мәни байқамаған адамның ғұсыл алуы шарт емес.

Қарау және ұстаудың салдарынан құмарлықпен мәнидің келуі жағдайында ғұсыл алынуы тиіс.

Жүніп болғанда немесе жыныстық қатынастан кейін кіші дәретке шықпастан немесе көп қимылдамастан немесе ұйықтамастан бұрын жуынса, артынша мәнидің қалған қалдығы аққан жағдайда екінші рет жуынуы тиіс. Алайда жүніптіктен кейін кіші дәретке шығып, біраз қимылдап, содан соң жуынып жатып ұйықтаса, тұрғанда құмарлық болмастан аққан мәни үшін екінші қайтара ғұсыл алудың қажеті жоқ. Себебі, мұндай жағдайда мәни жыныстық мүшеден шәһуатсыз жағдайда аққан болып саналады. Сонымен қатар жуынып болғанда әйелдің жыныстық мүшесінен

(күйеуінің) мәни аққан жағдайда қайта ғұсыл алуы қажет емес.

Етеккір көру және босану

Әйелдің етеккірі тоқтағанда, босанған соң келген қан тыйылғанда немесе бұл екі жағдай үшін бекітілген соңғы мерзім аяқталғанда ғұсыл алу қажет болады. Соңғы межелі мерзім аяқталғаннан кейін келген қан истихада (үзір) қаны болып есептелгендіктен ол тоқтағанда ғұсыл алу қажет емес.

Етеккір көрген немесе босанған әйелдің үкімі жүніп болған адамның жағдайына ұқсас. Сондықтан, бұл күйдегі әйелдерге жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салынады, ораза ұстауға да болмайды.

Ғұсылдың түрлері

Ғұсыл үшке бөлінеді:

Парыз болған ғұсыл

Жүніп болған соң, етеккір тоқтағанда, босанғаннан кейін келетін қан тыйылғанда ғұсыл алу парыз.

Сүннет болған ғұсыл

- ◆ Жұма намазы үшін ғұсыл алу – сүннет. Жұма күні – күндердің ең ардақтысы әрі мұминдердің мереке күні. Мұны Пайғамбарымыздың хадистеріне карап білеміз. Жұма күні шомылуға кеңес берген хадистердің көптігі және мұны Пайғамбарымыздың қайта-қайта тапсыруынан ғалымдар жұма күні шомылуды бекітілген сүннет деп қабылдаған. Шаш қию, тырнақ алу, мұрт қысқарту секілді дене күтімін де жұма күні атқарған дұрыс;
- ◆ Айт намазын оқу үшін шомылу;

- ◆ Қажылыққа және умраға барғанда ихрамға кірмей тұрып шомылу; Бұл шомылу рухани тазалықтан гөрі кәдімгі кір-қоннан арылу мақсатында жасалатындықтан әйелдер хайыз немесе нифас болғанына қарамастан шомыла алады. Су табылмаған жағдайда тәйәммүм жасалмайды.
- ◆ Қажылардың арафа күні Арафатта уақфа жасауы (белгілі бір уақыт Арафатта тұруы);

Мұстахаб болған ғұсыл

- ◆ Жаңа мұсылман болғандардың ғұсыл алуы мәлики және ханбали мәзхабтарында уәжіп, ханафи мен шафиғиларда мұстахаб саналады. Жаңа мұсылман болған жан жүніп күй кешсе, ғұсыл алуы қажет екенін барлық ғалымдар құптайды. Ислам дініне бойсұнған адамның ғұсыл алуы рухани кірлерден, күнәлардан бой тазартып, жаңа өмір бастауға ұмтылуы мағынасына келеді.
- ◆ Балиғат жасына жеткен, яғни он бес жасқа толған жасөспірім қыз не ер баланың ғұсыл алуы мұстахаб. Етеккір көріп немесе мәни келген, балиғатқа толған жас жеткіншектердің ғұсыл алуы парыз.
- ◆ Естен танған адамның есін жиған соң ғұсыл алуы; Бұл аурудан айыққаны үшін шүкіршілік ету мақсатында жасалады.
- ◆ Қан алдырған (берген) соң шомылу;
- ◆ Мәйітті жуу үшін ғұсыл алу;
- ◆ Барағат, Қадір түні секілді түндерді атқару үшін ғұсыл алу;
- ◆ Қажылардың Минә және Мұздалифада болу үшін ғұсыл алуы;

- ◆ Мекке және Мәдина қалаларына аяқ баспай тұрып бұл қасиетті мекендерге құрметтің нышаны ретінде ғұсыл алу;
- ◆ Күн мен ай тұтылғанда оқылатын кусуф және хусуф намазы үшін жуыну;
- ◆ Жаңбыр сұрап тасаттық беруге шыққанда ғұсыл алу;
- ◆ Сапардан қайтқанда немесе киім ауыстырғанда жуыну;
- ◆ Күнәлары үшін опық жеп, тәубе еткісі келген жанның ғұсыл алуы;
- ◆ Жүніп болып артынша етеккірі келген әйел қаласа жүніптіктен арылу үшін шомыла алады не болмаса етеккірдің тоқтауын күтеді.
- ◆ Жүніп болған адамның шомылуға асығуы да мұстахаб. Жүніп адам шомылуды намаз уақытын өткізіп алмайтындай етіп кейінге қалдыра алады. Әйтсе де абзалы уақыт өткізбей шомылғаны. Исламның игі жақсылары бұған жіті көңіл бөліп, жүніп болған шақтарында уақыттың жеткілікті болғанына қарамастан тездетіп ғұсыл алуға тырысқан.

Ғұсылдың парыздары

Ғұсылдың парызы *«...жүніп болсаңдар толықтай жуыныңдар»*⁵⁵ деген аятта айтылғандай денені тұтастай жуу болып табылады. Ауыз бен кеңсірік те (мұрынның іші) дененің сыртқы бөлігі болғандықтан оларды да жуу қажет. Сонымен ауыз, мұрын және бүкіл денені жуу ғұсылдың парызы болып саналады.

⁵⁵ «Мәйдә» сүресі, 5/6.

Ғұсылдың парыздары төмендегі тәртіппен атқарылады:

- ◆ Ауызды және мұрынды жақсылап жуу;
- ◆ Денені иненің көзіндегі құрғақ жер қалдырмай түгелдей жуу; Құлақтың іші, кіндік жақсылап жуылады. Шаш, қас, сақал-мұрт арасына және астындағы теріге су тиуі қажет. Бұлар қалың болғанымен судың тиюін қамтамасыз ету керек. Бұлардың арасы және түбіндегі тері құрғақ қалған жағдайда ғұсыл толыққанды болып саналмайды. Алайда шашын өрген әйелдер шаштарын ашып жууы шарт емес, тек қана шаштарының түбіне судың тиуін қамтамасыз етсе жеткілікті. Ал еркектерде мұндай мәжбүрлік жағдай болмағандығы үшін шаштары ұзын болса да арасын ашып жууға міндетті.
- ◆ Сырға тағатын құлақтағы тесіктердің ішіне ылғал баратындай етіп жақсылап ысқылап жуылуы қажет.
- ◆ Тырнақ астында құрғап кеткен кірлердің астына су барардай етіп жақсылап жуылады. Алайда тырнақтың үстінде жиналған кір немесе қына ғұсылға кедергі болмайды. Себебі, бұлар судың өтуіне кедергі келтірмейді.
- ◆ Қандай да бір үзір себебімен сүннеттелмеген жыныстық мүшенің басындағы тері қабатының іші жуылуы тиіс. Алайда терісі ашылмайтын болса жуу керек емес. Себебі, мұндай жағдайда терінің іші дененің ішкі бөлігі болып саналады. Дегенмен мұндай жандарда кіші дәрет терінің ішкі бөлігіне аққан жағдайда дәреті бұзылады.

- ◆ Судың өтуіне кедергі боларлықтай көлемде тіске жабысқан тағам қалдықтары болмауы тиіс. Дененің кез-келген жерінде теріге су өткізбейтін қандай да бір зат болмауы керек. Себебі, сол зат бөгет болған жердегі теріге судың тимеуі салдарынан ғұсыл толыққанды алынбайды.
- ◆ Кісі ғұсыл алып болған соң дене мүшелерінің бірін жууды ұмытқан жағдайда қайта ғұсыл алудың қажеті жоқ, тек әлгі ұмытылған мүшені жуса жеткілікті. Алайда парыз намаз оқып қойса, намазын қайта оқуы тиіс.
- ◆ Ғұсыл болсын, жай дәрет болсын, көздің ішін жуу қажет емес. Ғұсыл алу барысында көздің жай ғана жабулы тұруы да ғұсылға кедергі болмайды. Кірпіктерге судың тиуі жеткілікті.

Ғұсылдың сүннеті мен әдебі

Ғұсыл алуға бісмілләні айтып ниет ету, әуелі қолды және әурет жерін жуу, намазға дәрет алғандай дәрет алу, сосын бүкіл денені жуу, суды ысырап жасамау, әурет жерін жауып шомылу және шомылу барысында жөн-жосықсыз сөйлемеу ғұсылдың сүннеті мен әдебіне жатады.

Ғұсылдың мәні ауыз, мұрын, қала берді бүкіл денені жуумен ғана шектелмейді. Бұған қоса ғұсылдың ішкі терең мәні барын білгеніміз жөн.

Ислам дінінің жуынып-тазалануды мұсылмандарға міндет қылып жүктеуі мәдениет пен қоғамдық өмірде де үлкен рөл ойнап, тазалық өмір салтына айналды. Мұсылман елдердің тарихи жәдігерлеріне қарасақ, елді-мекен, қала құрылысында әуелі монша мен мешіт

секілді қоғамдық көпшілік орындардың салынғанын көреміз.

Ғұсылдың, яғни бастан аяқ шомылудың денсаулық үшін пайдасы орасан зор екендігі бесенеден белгілі. Сол себепті жүніп болғандар мен хайыз және нифас уақыты біткен әйелдерге парыз болған ғұсыл жұма күндері өзгелерге де сүннет, яғни құптарлық сауабы бар жақсы амал саналған. Дәреттің үстіне дәрет алу, ғұсылдың үстінен ғұсыл құйыну – нұр үстіне нұр болатын қадам.

Ғұсылдың астарындағы хикметке қатысты пікірлердің бірі мынадай: жыныстық қатынасқа түсу барысында адам басыбүтін құмарлыққа беріледі. Бұл, адам табиғатына тән сезім болғанымен өмірдің мұраты тәнді күйттеу емес. Жыныстық құмарлықты ұрпақ жалғастығы үшін қажеттілік деп қабылдаған жөн. Мұның жетегінде кеткен адам руханиятын көзден таса қылады. Өйткені, нәпсі руханиятқа бейім тұрмайтыны белгілі. Сондықтан, жыныстық құмарлық жүректі ғапылдыққа салады. Мәселен, ұзақ уақыт бойы жан-тәнімен руханиятқа ден қойған адамның бірден тән ләззатына берілуі қаншалықты қиын болса, дүниенің баянсыз қызығына барынша құмартқан жанның да кенеттен руханиятқа ден қоюы соншалықты қиын нәрсе. Міне, осындайда дәрет пен ғұсыл көмектеседі, адамның алай-дүлей сезімін реттеп, үйлесімге келтіреді. Жыныстық құмарлыққа берілген жанның тәндік әрі рухани тұрғыдан тазаруын, қайта қалпына келуін камтамасыз етеді.

Естен танған немесе өзін нашар сезінген жанның су бүркігенде есін жиятыны сияқты жыныстық қатынас барысында құмарлықтың жетегінде есі кеткен адам жуынған соң жаны мен тәні қайта үйлесім тауып, қазқалпына келеді. Жалпы жыныстық қатынасқа түскен соң немесе құмарлықпен мәни бөлінген соң шомылудың рухани пайдасы ғана емес, денсаулық тұрғысынан да пайдасы мол.

Дәрет пен ғұсыл сыртқы (материалды) тазалықтың негізі болумен бірге діни тазалықтың да нақ өзі. Дәрет пен ғұсыл алуда басты мақсат – Аллаһ тағаланың құзырына рухани тұрғыдан тазарып (жаңарып) шығу болса керек. Мұны су тапшы немесе денсаулыққа зиян болғанда топыраққа тәйәммүм жасау мүмкіндігінен аңғарамыз.

Хадисте: *«Аллаһ сендердің сыртқы кейіптеріңе қарамайды, жүректеріңе және жасаған амалдарыңа қарайды»*, – дейді. Мәулана Жәлалиддин Руми: *«Көзге көрінетін кірді аздаған су жуып шаяды. Ал көңілдің кірін тек көз жасы жуып кетіреді»*, – деген екен.

Ғұсыл барысында алған дәретіміз бұзылса, ғұсыл да жарамсыз бола ма?

Ғұсыл алғанда дәретті бұзатын жай-күйдің орын алуы ғұсылға ешқандай кедергі келтірмейді. Алайда қайта дәрет алмай бұл ғұсылмен ғибадат қыла алмаймыз. Ғұсылды қажет ететін жағдайлар белгілі. Бұлар жүзеге аспаса, ғұсыл алудың қажеті жоқ. Ғұсыл алу барысында еріксіз мәни немесе мәзи келген жағдайда ғана ықтияттап қайта ғұсыл алған абзал.

Тісті жүніп күйде пломбалатқан соң ғұсыл алудың жағдайы

Ханафилерде ғұсыл алғанда ауызды шаю парыз, Ханбали мәзхабында уәжіп, шафиғи мен мәликилерде сүннет саналады. Бұл тұрғыдан алғанда ауыз қуысын шаю, яғни мадмада ханафилерде айрықша мәнге ие.

Мұндағы «ауыз қуысы» ұғымын анықтап алған жөн. Ауыз қуысы деп тістің өзегін емес, ауыздың ішін, тістің сауытын айтамыз.. Сондықтан пломбаланған немесе қапталған тістің тек сауытына су тисе парыз амал орындалған болады. Мұнда күмәнданатын ештеңе жоқ. Дегенмен мұсылманның жүніп күйде жүріп-тұруы, ғұсылды кешіктіріп алуы құптарлық жайт емес.

Ғұсыл алуы парыз болғандар үшін тыйым салынатын амалдар

Ғұсыл парыз болған адамдарға хайыз және нифас күйіндегі әйелдер де кіреді, оларға мыналарды жасауға тыйым салынған:

- ◆ Намаз оқу, тиләуат сәждесін жасау. Құран оқу мақсатында бір аят болса да жатқа оқу харам. Алайда шүкір және дұға аяттарын дұға, мінәжат мақсатында айтуға рұқсат. Жүніп немесе етеккірі келген әйелдің дұға ниетімен «Фатиха» сүресін оқуына әбден болады. Шәһадат айту, тәкбир, тәсбих айтуға да рұқсат.
- ◆ Құран Кәрімнің аяттарына қол тигізу, Құран Кәрімнің мұқабасын ұстау харам. Тек қапталған немесе арнайы құтыға салынған Құран кітапты сыртынан ұстауға, көтеруге болады.

- ◆ Қағбаны тауап ету, себепсіз мешітке кіру немесе мешіттің ішінен жүріп өту харам.
- ◆ Құран аяттары жазылған маңдайшаға, қағазға, т.б. бұйымдарға қол тигізуге болмайды.

Ғұсыл алу парыз болғандар үшін мәкрүһ амалдар

- ◆ Діни кітаптарды қолға ұстап оқу;
- ◆ Ауызды шаймай, қолды жумай ішіп-жеу;
- ◆ Қолмен ұстамай-ақ параққа, жерге немесе маңдайшаға Құраннан үзінді жазу имам Мұхаммедтің пікірінше мәкрүһ саналады. Жүніп немесе хайыз, нифас күйінде Құран Кәрімге қарауға (көз жүгіртуге) болады. Бұл қолмен ұстағанмен бірдей емес.

Дегенмен де Малики мазхабында бұл мәселеге қатысты өзгеше көзқарас бар екендігін айта кеткен жөн. Имам Мәліктің пікірінше жүніп адам Құран оқи алмаса да, хайыз немесе нифас күйіндегі әйел мусхабқа қолын тигізбей қарап яки жатқа Құран оқи алады. Себебі жүніп болған адам әп-сәтте жуынып тазалана алады, ал әйел етеккірі тоқтағанша ғұсыл ала алмайтындықтан үзірлі саналады⁵⁶.

Ғұсылсыз жүріп-тұру және ұйықтау туралы

Ғұсыл дәрет алмастан ұйықтамақшы болған әлдебіреу ұйықтай алмай дөңбекшіп, мазасызданады. Ал ұйықтамай жүрген кісі жаны саябыр таппай қиналуы мүмкін. Неге бұлай деген сұраққа келсек,

⁵⁶ Нурсен Қышлакчы, Фыхки Иорумларла Абдест Ибадет Илишкиси, www.darulkitab.com

дене қуатының тепе-теңдігінің бұзылуы осыған әкеп соғады, яки мәселенің астарында басқа да жайлар болуы мүмкін. Адам бойындағы энергияның аумалы-төкпелілігі тақырыбын медицинаның тиісті саласы зерттей жатар, біз клиникалық зерттеуді қажет етпейтін бір ғана нәрсені айтқымыз келеді. Желеп-жебеп жүруші хафаза періштелері дәретсіз немесе ғұсылсыз жүргенде адамнан бойды аулақ сала ма, жоқ әлде бұл күй олардың міндетін атқаруға кедергі бола ма? Әйтеуір жүніп күйдегі адам көп тынышсызданып мазасы қашады. Бұған ел ішінде «босанғаннан кейінгі уақыттарда әйелдерді жындар көп иектейді» деген нанымның бар екенін қосыңыз. Олай болса «адамды қорғайтын періштелердің қызметі бірқатар шарттарға тәуелді болған секілді, бұлар болмаса жын-шайтандардың адамды әбден иектеп, мазасын алуы ықтимал», – десек қателесе қоймаспыз.

Суға жалаңаш түсу (шомылу) туралы

Аллаһ елшісі ғұмырында жалаңаш күйде суға түспеген, үнемі үстіне лыпа іліп (әурет жерін бүркемелеп) шомылған екен. Бұл туралы хадистерде «*Аллаһ – мейірбан (жұмсақ мінезді), күнәларды жасырушы, ұяңдық пен жамылғанды (бүркемеленгенді) ұнатушы. Әркім жуынғанда үстіне лыпа ілсін!*»⁵⁷, – деген.

Иә, расында «Аллаһ тағала бәрін көріп біліп тұр ғой», – деп ашылып-шашылып, әдептен озбаған жөн.

⁵⁷ Нәсаи, Ғұсыл, 7; Әбу Дәууд, Хаммам, 1; Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 4/224

Мұсылман ғалымдары ұмытшақтыққа ұрындыратын себептердің бірі әурет жерге қарау екендігін айтқан. Оның үстіне бұл қылық жақсы-жаман амалымыздың есебін жүргізетін, біздерді желеп-жебеуші періштелерге де ұнамаса керек.

Жалпы жалаңаш күйде суға түсу харам емес, бірақ «мәкрүһ емес» деп те айту қиын.

Әжетханада шомылу туралы

Ғұсыл алғанда денедегі барлық түкке су тиердей, құрғақ жер қалдырмай жуу шарт. Мұндайда шомылған орын маңызды емес, тек үсті-басымызға толықтай су тигізсек болғаны. Ғұсыл алуға оңаша орын табылмаса әжетханада да жуынуға болады. Әжетхананың едені лас болса былғаныш су шашырады-ау деген тұсты қайта жуу жеткілікті. Ал әжетхананың едені таза болса мұның душ немесе ванна бөлмесінен еш айырмашылығы жоқ. Қазіргі таңдағы әжетханалар мен шомылуға арналған кабиналар гигиена талаптарына сай жабдықталғандықтан шүбәлануға еш негіз болмаса керек.

Ғұсыл алмай ішіп-жеу туралы

Ханафи ғалымдардың бірқатары жүніп күйде ішіп-жеудің мәкрүһ екенін айтады. Бірақ, ғалымдар ғұсылдан бұрын жай дәрет алу немесе ауызды шайған соң ішіп-жеудің мәкрүһ емес екені турасында ортақ тұжырымға келген. Әйтсе де ең абзалы, ғұсыл алып барып ішіп-жеу болса керек.

ТӘЙӘММҮМ

Сөздікте «әлденеге окталу, ниеттену» деген мағынаға келетін тәйәммүм діни терминологияда «су табылмағанда немесе суды пайдалану мүмкіндігі болмағанда топырақтың көмегімен дәретсіздік күйінен арылу» жайын білдіреді.

Тәйәммүм хижреттің бесінші жылы бекітілген. Оған мына жағдай себеп болған: Мәдина қаласына қоныс аударғаннан кейінгі хижри бесінші жылы шағбан айының алғашқы күндері пайғамбарымыз Хұзаға тайпасының Бәни Мұстағлиқ деген руымен болған соғыста мың кісілік әскерімен сусыз жерде түнейді. Сахабалар таң намазын оқу үшін су таба алмай сабылған тұста мына аят келіп түседі: *«Егер сырқат не жолаушы болсаңдар немесе әжеттеріңді өтеп келсеңдер не болмаса әйелдермен жақындасқан соң су таба алмасаңдар таза топыраққа тәйәммүм жасаңдар, онымен беті-қолға мәсіх тартыңдар. Аллаһ сендерге қиындық тудырғысы келмейді, бірақ шүкіршілік қылсын деп сендерді тазартқысы және сендерге деген жақсылығын (тәмамдағысы) баянды қылғысы келеді»*⁵⁸. Тығырықтан шығар жол табылғанына қуанған сахабалар жаппай тәйәммүм жасап, таң намазын оқиды. Осылайша тәйәммүм дініміздің тазалыққа қатысты жеңілдіктері қатарына енді.

Тәйәммүмнің парыздары

Тәйәммүмнің парызы екеу:

Ниеттену;

⁵⁸ «Мәйдә» сүресі, 5/6

Қолды таза топыраққа екі мәрте ұрып бетке және қолға толық мәсіх тарту; Топыраққа бірінші қол тигізгенде бетке, екіншісінде қолға мәсіх тартылады.

Тәһммүм қалай жасалады?

Дәрет немесе ғұсыл алуға тиіс адам қос қолын таза топыраққа (құмға, т.с.с.) ұрып, бетіне мәсіх тартады. Сосын қос қолын топыраққа қайта тигізіп кезекпен шынтаққа дейін екі қолына да мәсіх тартады. Бұл амал ғұсылды кешіктірмеу үшін немесе намаз сияқты дәретсіз болмайтын ғибадатты орындау мақсатында жасалады. Тәһммүмнің парызы ниет пен екі мәрте мәсіх тартудан тұрады.

Тәһммүм ақырзаманның үмбеті үшін берілген жеңілдіктердің бірі. Аллаһ тағала мұсылманның қиынқыстау кезеңде де құлшылық етуіне жағдай жасайды. Мұнымен әуелі мұсылманның рухани қажеттілігін қанағаттандырады, сондай-ақ, адамды түп негізі болған топыраққа бет бұрғызу арқылы кішіпейілдігі мен Жаратушыға деген сый-құрметін оятады.

Тәһммүм қандай жағдайларда жасалады?

Тәһммүм – дәрет пен ғұсылдың орнына жүретін төтенше амал. Ол үшін белгілі себептер болуы қажет. Бұл дәлелді себептерді екі топқа бөліп қарастыруға болады:

Дәрет немесе ғұсыл алуға судың тапшы болуы;

Суды қолдануға кедергі келтіретін нақты жағдайлардың орын алуы немесе судың діни заңдылықтар шеңберінде жоқ деп есептелуі;

Мұндай жағдайға тап болған адам тәһммүм жасамас бұрын айналадан су қарастыруы керек. Қалалы

жерде сусыз қалған адам міндетті түрде су іздегені жөн. Өйткені, елді-мекенде су табылмауы мүмкін емес. Жолаушылап жүргенде жол, мал-жан амандығы тұрғысынан қауіпсіз болса суды 1 миль (1848 метр) қашықтыққа дейін іздеуге болады. Бұдан қашық жерлерге су іздеп сабылудың қажеті жоқ. Мұндайда су жоқ деп есептеледі.

Су табылып тұрғанымен адам, сырқаттанудан, ауруының асқынуынан немесе меңдеуінен қорықса, сондай-ақ, мұсылман маман-дәрігер су қолдануды сырқатқа зиян деп тапса, тәйәммүм жасалады. Бұл – судың діни заңдылықтар шеңберінде жоқ деп танылғаны. Мәликилер мұсылман маман-дәрігер жоқ болса, мұсылман емес айтулы маман-дәрігердің кеңесі жеткілікті деп біледі.

Судың діни тұрғыдан жоқ деп табылуы

Мына жағдайларда су діни заңдылықтар шеңберінде жоқ деп есептеледі:

- ◆ Жақын маңда су бар болғанымен жолдың мал-жан, ар-ұят және аманат зат үшін қауіпті болуы;
- ◆ Табылған судың дәретке немесе ғұсылға жетпеуі;
- ◆ Табылған су дәретке немесе ғұсылға жұмсалса жолаушының өзі яки жолдасы не болмаса мініс көлігі сусыз қаталап өлу қаупінің тууы;
- ◆ Су табылғанымен оны шығаруға қолда құралдың болмауы; Мәселен, құдықтан су тартып шығаруға арқанның немесе шелектің табылмауы.
- ◆ Қолда бар сумен дәрет немесе ғұсыл алғанда айт немесе жаназа намазына үлгермеуі; Бірақ аталған намаздардың бір шамасына үлгерер болса яки

жаназаның иесі өзі болып өзгелердің күтетініне көзі анық жетсе тәйәммүм емес, дәрет алады.

Жұма намазы және өзге уақыт намаздарының қазасын өтеу мүмкін болғандықтан үлгермей қаламын деп тәйәммүм жасауға болмайды. Өйткені, жұма намазына үлгермеген кісі бесін намазын оқиды, басқа уақыт намаздарына үлгермесе оның қазасын өтей алады.

Тәйәммүмнің шарттары

Тәйәммүм жасағанда алдымен ниет ету – шарт. Тәйәммүм жасайтын адам қолын топырақтың үстіне қойғанда немесе қолға жұққан тозаңмен бетіне мәсіх тарта бастағанда бұл амалды дәретсіздіктен арылу мақсатында, намаз оқу немесе дәретсіз орындауға болмайтын ғибадатты атқару ниетімен жасауға тиіс. Мұндай ниетсіз алынған тәйәммүммен намаз оқуға болмайды. Себебі, құр тәйәммүм жасауға бекіну жеткіліксіз. Тәйәммүм жасау үшін тазалықты атқаруға бөгет болатын жай-күйден арылу керек. Мәселен, дененің кез-келген тұсындағы жарақаттан аққан қан тоқтамайынша дәрет алынбайтыны сияқты тәйәммүм де жасалмайды.

Сондай-ақ, мәсіхке кедергі келтіретін теріге жабысқан қасаң қамыр, балықтың қабыршағы секілді нәрселерді кетіру керек.

Тәйәммүм қос қолдың аясын тұтастай немесе жартыдан көп бөлігін топырақ тектес таза әлдененің үстіне қойып сүйкеу жолымен жасалады. Сондықтан екі саусақпен топыраққа тиіп-қашып тәйәммүм жасаған жарамайды. Шолақ (білегі жоқ) қолымен суды пайдалана алмайтын адам, егер көмектесетін біреу-міреу табылмаса беті-қолын топыраққа (жерге) сүйкеп

тәйәммүм жасай алады. Қолдары кесілген адам болса бетін ғана топыраққа сүйкеу арқылы тәйәммүм жасайды. Егер бұл адамның бетінде тәйәммүмге кедергі боларлық жарақаты бар болса онда ол тәйәммүмсiз-ақ намаз оқи бередi.

Тәйәммүмнің сүннетке сай болуы

Сүннетке сай тәйәммүм төмендегiдей тәртіппен жасалады:

- ◆ Тәйәммүмдi бастамас бұрын бiсiмiллә айтып намаз оқу үшiн дiни тазалық жасауға ниет ету қажет.
- ◆ Қос қолды саусақтар ашық күйде топыраққа қойып, әрi-берi үйкеп көтеру.
- ◆ Көтергенде шаң-тозаң тым көп болса, қос қолды бiр-бiрiне жанай ұрып, сiлкiлеп, бетке толық мәсiх тарту керек.
- ◆ Қолды топыраққа үйкеген соң сiлкiп тастап сол қолдың төрт саусағымен оң қолдың сыртына саусақ ұшынан бастап шынтаққа дейiн мәсiх тартылады. Содан соң алақанмен оң қолдың iш жағына буыннан бiлекке дейiн мәсiх тартылады. Бас бармақпен оң қолдың бас бармағының үстiне дейiн мәсiхтi жеткiзген абзал.
- ◆ Тап солай сол қолға оң қолмен мәсiх тарту керек.
- ◆ Жоғарыда айтылғандай тәйәммүмде ретiмен әуелi бетке, сосын қолға мәсiх тартқан және iстi созып жүрiп алмай бiтiрген жөн.

Тәйәммүм немен жасалады?

Тәйәммүмге топырақ тектес кез-келген таза нәрсе жарайды. Былғанбаған топырақ, құм, құмдауыт жер, ғаныш (гипс) секiлдi нәрселермен тәйәммүм жаса-

лады. Сондай-ақ, тәһммүм жасауға мәрмәр, кірпіш, қыш, ұсақ тас секілді тастың түр-түрі жарайды. Бұған қоса топырақ араласқан қоспалармен де, балшықпен сыланған қабырғамен де тәһммүм жасауға болады. Бұлардың үстінде шаң-тозаңның болуы шарт емес. Имам Ағзам уақыт тығыз болып үлгермей қалатындығынан қорқар болса, кеппеген балшықпен тәһммүм жасауға болатынын айтады. Ал имам Әбу Юсуф балшық құрғамайынша тәһммүмге жарамайды деп есептейді.

Күлмен, темір, алтын, күміс секілді ыстықпен балқытылатын рудалармен, інжу (маржан), шыны, мата және аң терілерімен тәһммүм жасалмайды. Өйткені, бұлар топырақ тектес бұйымдарға жатпайды. Алайда бұлардың беткі қабатына әжептеуір шаң-тозаң қонған болса тәһммүмге жарайды.

Имам Әбу Юсуф пен имам Шафиғидің пікірінше тәһммүм тек топырақпен жасалуы тиіс. Имам Мәлик топырақ, құммен ғана емес, шөппен, ағашпен, қармен де тәһммүм жасауға болатынын айтады. Имам Ахмәд ибн Ханбәлдың пікірінше тәһммүм өрт шалмаған және басқадан тартып алынбаған шаң-тозаңы мол топырақпен ғана жасалады.

Тәһммүмді бұзатын мән-жайлар

Дәретті бұзатын және ғұсылды қажет ететін жағдайлар тәһммүмді де бұзады. Ауру-сырқау, малжан қаупі, шыңылтыр аяз секілді себептермен жасалған тәһммүм бұл себептердің аяқталуы барысында бұзылады. Тәһммүм жасап намазға тұрған адам суды көрсе немесе суға тап болса тәһммүмі бұзылады.

ӘЙЕЛДЕРГЕ ТӘН ЖАЙ-КҮЙЛЕР

Тарихқа үңілсек, әйелдің физиологиялық ерекшелігі болып табылатын етеккір көруі көптеген қоғамда жаңсақ пікір тудырған. Әйелдер адамдармен қарым-қатынаста қысым көріп, тұрмыста оқшаулануға душар болғаны белгілі. Ислам осындай шалыс қадам, жаңсақ пікірлерді түзеп, хайыз болған әйелді тұрмыстан, әлеуметтік ортадан шеттетпей, мұның табиғи жай-күй екенін, әйелді рухани және денсаулық тұрғысынан қажытатын мұндай күндері оған қамқорлық көрсету қажет екенін қоғамдық санаға орнықтырды. Ересек әйел адамның жыныс мүшесінен үш түрлі қан келеді. Біріншісі белгілі жас аралығында жиі-жиі келетін етеккір қаны болса, екіншісі босанған соң едәуір уақыт келетін нифас қаны. Соңғысы, бұл екеуінен басқа көбінесе аурудың салдарынан ағатын үзір (истихада) қаны.

Хайыз

Хайыз (менструация) деп жыныстық тұрғыдан пісіп-жетілген әйелден белгілі бір уақыт циклімен келетін қанды айтады. Әйелдерде жасөспірімдік шақтан менопаузаға дейінгі аралықта үзбей болатын физиологиялық құбылысты – хайыз (етеккір) күйі деп айтады. Әйелде етеккірдің басталу және аяқталу уақыты оның дене бітіміне, генетикалық ерекшеліктеріне және тұрмыстық ортасы мен климатқа тәуелді болады. Етеккір көрудің орташа жасы 11-13 жас болса, етеккірдің біту уақыты 45-50 жасқа дөп келеді.

Ханафи мәзхабында етеккір ең аз дегенде үш күн келеді, ең әрі кеткенде он күнге созылады.

Пайғамбарымыз бұл туралы: «Хайыздың берісі үш күн, әрісі он күнге созылады»⁵⁹, – деген. Үш күннен аз немесе он күннен көп келетін қан үзір қаны болып есептелген. Екі етеккірдің арасындағы тазалық күндері кем дегенде он бес күнді құрайды.

Хайыз күндері оқылмаған намаздың қазасы өтеуге жатпайды, ал оразаның қазасы өтеледі. Бұл мәселеде Аллаһ елшісінің бұйрықтары негізге алынған⁶⁰. Сондай-ақ, хайыз күйдегі әйелмен жыныстық қатынасқа түсу Құранда айтылғандай – харам⁶¹.

Әйелдердің бұл күндері психикасында да, денсаулығында да ауытқу белгілері білінеді. Сондықтан оған түсіністікпен қарау қажет. Әйелдер де етеккір күндері жеке бас күтіміне мән беруге тиіс, мүмкін болса жиі-жиі душ қабылдап (шомылып) қолдан келгенше тазалыққа мұқият болғаны жөн. Хайыз күйдегі әйелдің құлшылық қыла алмауы – діннің оған таныған жеңілдігі.

Етеккір кезінде әйелдердің мән беруі қажет мән-жайлар

Әдетте әйелдер төрт аптада бір мәрте етеккір циклін өткізеді. Бұл орташа алғанда бір аптаға созылады. Хайыздың физиологиялық мақсаты белгілі, айда бір мәрте ана болудан үміткер әйелдің жұмыртқалық жасушасы жатырға келіп түседі. Жұмыртқа жасушасы ұрықтанған жағдайда жүктілік жалғасады. Ұрықтанбаған жұмыртқа жасушасы жатырдың

⁵⁹ Табәрани, Мужәмул-Әусат, 1/90.

⁶⁰ Бухари, Хайыз 20; Мүслим, Хайыз 69.

⁶¹ «Бақара» сүресі 2/222.

шырышты қабықшасында түзілген тінмен бірге етеккірмен сыртқа шығарылады. Сосын жатырдың ішастары кезекті жұмыртқалық жасуша үшін жағдай жасауға әзірлікті бастайды. Әр ай үзбей қайталанатын бұл жайт жатырдың қалыпты қызметі үшін өте қажет. Ана құрсағының бұл қасиеті сәбидің мүлтіксіз дамып жетілуіне бар мүмкіндіктің жасалғанын көрсетеді. Машақаты көп бұл күйдің әйелдердің денсаулығы үшін де пайдасы орасан.

Етеккір кезінде әйел өз күтіміне мән бергені жөн. Өйткені, жатырдың ішкі тіні ажырағанда қан тамырлары кеңейетіндіктен микроб жұқтыру қаупі ұлғаяды. Соңғы жылдары жатыр мен ішкі жыныс аймағының лимфа жүйесіне жасалған зерттеулер етеккір кезінде қан тамырларының кеңеюі жатыр мен ішкі жыныс мүшелерінің қорғаныс қабілетін (иммундық жүйенің қызметін баяулататынын) бәсеңдететінін анықтаған. Салқын тиюдің, суықтан тоңудың ақыры лимфа жүйесі қызметінің ауытқуы салдарынан жыныстық аурулардың меңдеуіне әкеледі.

Етеккір кезінде ерімен жақындасуға болмайды. Ер адам мен әйел адам ауру-сырқаудан дін аман болса да, жыныс мүшелерінде микробтың ұшырасуы ықтимал. Бұл күйде жыныстық қатынасқа түсу дені сау әйелдің жыныс мүшесінің қабынуына, аналық безі онсыз да қабынған әйелде аурудың одан әрі ушығуына әкеп соқтырады. Етеккір кезінде әйелмен жыныстық қатынасқа түсу денедегі ашық жараға қол тигізумен, қолды жумай операция жасағанмен бірдей. Сондай-ақ, жатыр тесігі (араны) мен мойнының эрозиясы көбіне әйелдің етеккір күйі толық бітпеген тұста жақындасу

салдарынан болады. Соңғы жылдары жатырдың лимфа жүйесіне, жатыр тесігі мен мойнының сыртқы қабатына, яғни ішастарына ерекше мән берілуде. Өйткені мұндағы болмашы немқұрайдылық көптеген шешуі жоқ мәселелерге душар етеді.

Әйелдің жыныс аймағына атүсті қарауға жол берілмейді. Мұндағы негізгі мәселенің бірі етеккір кезінде жатыр мен жатыр мойнының шырышты қабатының гормондық өзгерістерге байланысты жасушалық өзгерістерге ұшырауы. Бұл кезең жыныстық бездердің (гормондардың) ерекше белсенді кезеңі. Сол үшін сырттан кез-келген килігу, мейлі ол жыныстық қатынасқа түсу болсын, мейлі суық тиюі болсын, жатырдың эпителийінде орны толмас өзгерістер туырады. Мұндай шалт қимылдың нәтижесі кейін келе көзге түседі.

Сондай-ақ, етеккір кезінде әйелдерге салқын немесе ыстық сумен емес, жылы сумен жуыну қажет. Салқын сумен жуынғанда онсыз да әлжуаз ағзаға суық тию қаупі бар, қасағаны салқын сумен тазалағанда әйелдің сыртқы жыныс аймағы қабынып микроб жұғу қаупі бар. Оның үстіне салқын су етеккірдің уақытынан бұрын шұғыл тыйылуына себепші болады. Ыстық су қан кетуді одан әрі күшейтуі ықтимал.

Етеккір кезіндегі гигиена тек әйелдерге қатысты болмауы керек. Тұрмысқа шыға қоймаған жас қыздар да бұған жеткілікті көңіл бөлуі тиіс. Ерте жастан бойын күтіп үйренген қыз баланың денсаулығы да ерте сыр бермесі анық.

Етеккір кезінде әйелдер мен жас қыздар шаршап-шалдығудан аулақ болғаны жөн. Жыныс аймағы

шаншып ауырса, етеккір қалыпты жағдайдан аз немесе көпкелсе, уақыт өткізбей гинеколог-дәрігерге қаралғаны дұрыс. Әйел адам жалпы алғанда етеккір кезінде суық тигізуден, көп жүруден, атқа мінуден немесе велосипед тебуден, аяқ педалімен тебетін тігін машинасына отырудан, ұйқысыздықтан сақтану керек.

Нифас

Әйелдерде, бала босанғаннан кейін қынаптан ағатын қанды – нифас деп атайды. Нифас күйі ең көп дегенде қырық күнге созылады. Нифас біткен соң намаз, ораза секілді ғибадаттарды қайта жалғастыру қажет. Қырық күн өткен соң да тоқтаусыз келген қан нифас емес үзір болып есептеледі.

Истихада

Истихада – әйелдің жыныс мүшесінен, хайыз мен нифастан басқа қан кетулерге берілген жалпы атау. Жатырдың ішастарынан хайыз бен нифастан басқа дімкәстік салдарынан аққан қанды «истихада қаны» дейді. Хайыз бен нифас күйі үшін уақыт шегі ең алдымен истихада қанын олардан ажырату үшін белгіленген болса керек. Истихада мұрынның ұдайы қанағанына ұқсас тек дәретті бұзатын үзір күйі болып табылады.

Истихада күйіне душар болған әйелдің дәрет алуы

Истихада хайыз бен нифастан өзгеше, пайғамбарымыздың айтуынша «қан тамырларының (шытынауынан) жарылуы» салдарынан айыққанға дейін

созылатын сырқат болып табылады⁶². Бізге жеткен мәліметтер бойынша пайғамбарымыздың дәуірінде үш немесе бес истихада сырқатына ұшыраған әйел бар еді. Солардың ішінде пайғамбарымыздың зайыбы, мүбәрак аналарымыздың бірі – Зейнеп Жаһшқызы болатын. Аллаһ елшісі оған сырқатына байланысты мынадай кеңес береді: *«Таңертең намазға тұрғанда гұсыл ал! Екінтіге аз қалғанда қайта гұсыл ал, сөйтіп бесін мен екінті намазын оқы! Ақшам намазының соңына таман тағы бір мәрте гұсыл ал, мұнымен ақшам намазын, артынша құптанды оқы!»*. Мұнда әйелдің бір күнде үш мәрте жуынып, намаздарын уақытында орындау мүмкіндігі бары баяндалған. Пайғамбарымыз артынша: *«Шамаң жетсе осылай істе! Әйтпесе әр намаз үшін бөлек дәрет ал!»* – деген⁶³.

Хайыз, нифас және истихадаға қатысты үкімдер

- ◆ Хайыз бен нифас күйіндегі әйел намаздың қайсыбірін болмасын оқу жауапкершілігінен босатылады. Әйел адамға хайыз немесе нифас күйінде намаз оқу харам. Бұл күйдегі әйелге оқи алмаған намазының қазасын өтеу міндеті жүктелмеген. Ислам – расында да жеңілдік діні. Хайыз бен нифас күйіндегі әйелдердің намаз борышы жөніндегі үкімінен осы ұстанымды айқын аңғарамыз.
- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдерге намаз оқу харам болғанымен тәсбих, зікір және дұға оқуға шектеу қойылмаған. Тіпті мұндайда уақыты мен

⁶² Нәсеи, Тахарат 133, 134, 137; Хайыз 2, 4, 6; Дарими, Удуу 84.

⁶³ Әбу Дәууд, Тахарат, 110

мүмкіндігі болса әйелдің әр намаз уақытында дәрет алып, намаз оқитындай уақыт шамасы құбылаға жүзін беріп отыруы, сөйтіп, тәсбих, тәухид, тәхлил айтумен уақыт өткізгені мұстахаб саналады. Осылайша ол әрі Жаратқан иесін есте ұстаған, ғибадат ләззатын қолдан жібермеген болады, әрі Аллаһ тағалаға құлшылық етуге құлқы мен құштарлығын паш етеді. Бұл жақсы пиғылы үшін әйелге ғұмырында оқыған ең тамаша, ең берекелі намазының сауабы жазылатыны айтылады.

- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдерге намаз оқумен қатар ораза ұстау да харам. Алайда оразаның намаздан ерекшелігі сол, әйел адам ұстай алмаған оразасының қазасын кейін өтеуі тиіс. Өйткені, ораза намаз секілді үзбей орындалатын ғибадат емес, жыл он екі айда бір келетіндіктен бірнеше күндік оразаның қазасын өтеу қиынға соқпаса керек.
- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелге Құран оқу да харам. Пайғамбарымыздың бұл туралы: «Хайыз немесе жүніп болған жан қасиетті Құранды оқи алмайды», – дегені бар. Бұл күйдегі әйелдердің немесе жүніп болғандардың Құнұт дұғасы секілді түрлі дұғалар оқуына, тәсбих, тәхлил айтуына, Пайғамбарымызға салауат айтуына әбден болады. Мұндайда әйелдер Құран оқи алмағанымен оны тындай алады.
- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдерге Құранға қол тигізу де харам. Құранның тіпті бір ғана аятына, бірнеше сөзіне қол тигізуге де болмайды. Құран үйретуші мұғалім әйел етеккір көргенде оқытуды

көмекшісіне тапсырады. Ханафи мәзхабының ғұламасы Кәрхи мен Тахауидің пікірінше көмекшісі болмаса оқытуды жалғастыра береді. Кәрхи мұндайда ұстаз әйелдің Құранның әр сөзін бөлек ежіктеп үйретуіне болады десе, Тахауи аятты жартылай оқып үйретуге болатынын айтады.

- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдерге, сондай-ақ жүніп болғандарға себепсіз мешітке кіру де харам.
- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдерге, жүніп болғандарға мүминдердің құбыласы, қасиетті Қағбаны тауап ету де харам.
- ◆ Хайыз, нифас күйіндегі әйелдің күйеуімен жыныстық қатынасқа түсуі харам. Бұл күйде жақындасу үлкен күнә саналады.

Құран бұл туралы: *«Сенен әйелдердің етеккірі туралы сұрайды. Айт: бұл – бірқажытатын (дімкәстік) жай-күй. Хайыз күйіндегі әйелдер тазарғанша олармен жақындасуды доғарыңдар!»*⁶⁴ – деген.

Аятқатағы бір дәлел, Айша анамыз жеткізген хадис бар: *«Мен хайыз күйінде болғанда пайғамбарымыз мүбәрак басын құшағыма қойып Құран оқитын. Кейде Аллаһ елшісінің мүбәрак шашын тарап беретінмін»*. Осы хадистен хайыз күйіндегі әйелдің ешқандай да нәжіс емес екенін нақты көреміз. Нифас күйінде де солай. Бұл жағдай кейбір діни парыздарды орындауға кедергі болатын діни тұрғыдан ластық болып саналады.

- ◆ Хайыз күйіндегі әйелдің кіндік тұсынан тізеге дейінгі әурет жеріне күйеуінің құмарлықсыз болса да, жалаң қол тигізуі, аймалауы харам. Хайыз

⁶⁴ «Бақара» сүресі, 2/222

күйіндегі әйелді күйеуі әлгі әурет жерінен басқа кез-келген жерінен аймалай алады.

- ◆ Истихада қаны оразаға да, намазға да кедергі келтірмейді. Мұндайда жыныстық қатынасқа түсуге де шектеу қойылмайды. Истихада күйіндегі әйелдер үзірлі саналып, соған қатысты бекітілген үкім шеңберінде ғибадат жасайды.

Арнайы күндерде әйелдердің кейбір ғибадаттардан аулақ болуының сыры

Аллаһ тағала әйелдерді ерекше қасиетпен жаратқан және әйелдер үшін айдың белгілі күндерінде дәретсіз болуымен ерекшеленетін хайыз деп аталатын арнайы (сырқатты) жағдай орын алатындай етіп жаратқан. Осы арнайы күндерде жауапты болып табылатын кей істерді жасауына тыйым салынған. Негізінде мұндай шектеуші үкімдер еркектер үшін де бар. Мәселен, жүніп болған жағдайда немесе намаз дәретінің болмауы жағдайында Құранға қол тигізуге немесе оқуға болмайтындығы секілді.

Әйел баласы табиғи болмысы және қоғамдық өмірдегі еңбек бөлінісі тұрғысынан көптеген қиындықпен ауыртпалықты көтеретіндей айрықша жаратылыс иелері екені белгілі. Олар бір жағынан балаларын тәрбиелеп, үй істерімен шұғылданса, екінші жағынан ғибадаттарын да толыққанды түрде жүзеге асырулары қажет. Міне сондықтан да Аллаһ тағала көптеген хикметі бар хайыз күндерінде әйел баласын намаз, ораза секілді парыздардан, Құран оқу секілді нәпіл ғибадаттан босатқан. Қала берді, әйел мұндай күндерінде де осы ғибадаттарды жасап жатқандай сауапқа кенеледі. Әрине, егер хайыз күндерден басқа

кездерінде де жоғарыда аталған міндеттерін орындап жүрген жан болса. Ендеше, хайыз кезеңінің хикметіне жіті назар салсақ, әйелдер үшін жеңілдетілген нағыз әділдік екенін байқауға болады.

Арнайы күндегі әйелдің баласын емізуі туралы

Нифас және хайыз – Аллаһ тағаланың қалауымен әйел баласына берілген ерекшелік. Әйел баласы бұл жағдайдан өз қалауымен құтыла алмақ емес. Бұл табиғи заңдылық әрі белгілі бір жасқа дейін жалғасатын әрі уақыты жеткенде мүлдем тоқтайтын құбылыс. Арнайы күндерінде әйел баласы әрдайым дәретсіздік жағдайында болып есептеледі.

Нифас кезеңінде ең әрісі қырық күнге, хайыз күдерінде ұзақ дегенде он күнге созылатын бұл уақытта бала емізетін әйелге «әр жолы» дәрет алуын талап ету дініміздегі жеңілдікті таңдау басымдығына қайшы келетіндігі анық. Қала берді мұндай күндерде әйел, қанша жерден дәрет алса да діни тұрғыдан «таза» саналмайды. Дін әрбір жанның құлшылық борыштарын табиғи болмысына жат болмайтындай негізде орындай алатын үкімдер болып табылады. Бұлардың орындалуын қиындатуға, жүзеге аспастай ауырлатуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан да әйел арнайы күндерінде баласын тек қана омырауының ұшы мен қолын жуып емізуі жеткілікті саналады. Хайыз күндері біткенде, яғни діни тұрғыдан «таза» болып саналатын уақытта әйелге баласын дәретсіз емізбеуі абзал екендігін айта кеткен жөн. Мұндай ұқыптылық, баланың болашағы үшін өте маңызды.

Кейбір аналар өз балаларын нифас және хайыз кезеңінің өзінде дәретсіз емізбегендігіне қатысты оқиғалар баршылық. Шамасы осынау ұқыпты аналар емізбестен бұрын тәйәммүм алған болса керек. Баласын дәретсіз емізбеймін дейтін аналар арнайы күндерінде бала емізер алдын тәйәммүм алуларына болады. Алайда бұл діни бұйрық еместігін ұмытпаған жөн. Дегенмен, мұны пайдасыз амал деп те айта алмаймыз. Мұның қайыр-берекетке себеп боларлықтай парасатты әрі ізгі амал болып саналары анық.

Осы тұрғыдан, рухани дүниесі кемелденген үлкен ғұламалардың да әлгіндей парасатты аналардан туғандығына дәлелдер көп. Бірде үлкен ғұламаның анасынан: «Балаларыңды мұншалықты зерек және парасатты етіп қалай тәрбиеледің», – деп сұрағанда: «Өмірімде әйелдер үшін арнайы күндерден басқа ешбір уақыт тахажжүд (түнгі) намазын жіберген емеспін және ешқашан балаларымды дәретсіз емізбедім», – деп жауап берген екен.

Киім-кешек гигиенасы туралы

Киім-кешек таңдауы мен күтімі гигиена тұрғысынан өте маңызды. Орта ғасырлық Еуропада адамдар суықтан қорғайтын, бірақ тазалауы қиын жүннен тоқылған ауыр киім киетін. Шомылу әдет болмағандықтан олардың киімдері тез кірлеп биттейтін әрі бойларынан күлімсі иіс шығатын. Жағымсыз иісті басу үшін батыстықтар әтір пайдаланатын. Тек XVIII ғасырдан бастап қана сауда-саттықтың дамуы арқасында әрі арзан, әрі ықшам, мақта-матадан жасап тігілген ішкіімдерге қол жеткізді. Бекзадалар жеке бас тазалығына ерекше көңіл бөліп, XIX ғасырда тазалық

жақсы өмір салтының белгісі санала бастады. Дене күтімі мен киім-кешекті жиі жуу нәтижесінде сүзек, оба аурулары мүлдем жоғалды.

Ал, мұсылмандарға келсек, намаздың басты шарттарының бірі – киім тазалығы екені о бастан белгілі. Зәр және өзге де нәжіс тиген киіммен намаз оқуға болмайтындықтан мұсылмандар күніне бес мәрте үсті-басының тазалығын тексеруге міндеттелген. Пайғамбарымыз таза киім кию жайлы айтылған бір хадисінде: *«Ақ түсті киім киіңдер, себебі, ақ түсті киім әлдеқайда әдемі әрі тазалық тұрғысынан ыңғайлы. Мәйітті де ақ кебінге ораңдар»*⁶⁵ – деген екен. Әдетте ақ және ашық түсті киім кір шалғанда анық байқалатындықтан жиі жуылады. Еуропа киім тазалығының маңызын ХІХ ғасырда ғана ұға бастаса, діннің талабын беріле орындайтын мұсылмандар бұған сонау VII ғасырдың өзінде ерекше мән берген⁶⁶. Иә, біздер, мұсылмандар, дене күтімімен қоса киім гигиенасына да жіті назар аударып, Пайғамбарымызға ұқсап таза, мұнтаздай киініп жүруіміз қажет.

Киімді химиялық жолмен тазалау туралы

Фикх кітаптарында киімді нәжәсаттан тазалаудың шарттары белгіленген. Осыған орай көзге көрінетін нәжәсат (мәри нәжәсат) тиген киім оның ізі қалмайынша жуылуы міндетті. Егер нәжәсат киімге сіңіп дақ болып кетпесе, киімді үш қайтара жуып шайып, әр жуғанда қолдың бар қуатымен қатты сығу жеткілікті.

⁶⁵ Табарани, әл-Муғжамуль-кәбир, Мусу, 1983, 18/225

⁶⁶ А. Майда, Чевре темизлиги, Сызынты журналы, 2002 желтоқсан, 287- саны

Байқалмайтын нәжәсат (ғайру мәри нәжәсат) тиген киім болса үш қайтара жуу және сығу арқылы тазартылады. Сондай-ақ, кіржуғыш ыдыста нәжіспен былғанған киіммен бірге жуылған нәжіс тимеген кір киім – нәжіс тиген болып саналып, тазартуды талап етеді. Оны тазарту жоғарыда айтылғандай нәжіс тиген киімді тазарту тәртібімен жүзеге асады. Сондықтан ондай киімдерді бөлек жуған дұрыс.

Ал енді киімді химиялық жолмен тазалау мәселесіне тоқталайық. Діни тазалық тұрғысынан кір басқа, нәжәсат басқа. Киімге нәжәсат тиген болса мұны сумен жуып қана тазалау керек. Ал егер киім нәжіспен былғанбаса, жай ғана кірлеген болса мұны химиялық жолмен тазартуға болады. Мәселен, киімге сия тамса бұл жай кір болғаны, нәжіс болып саналмайды. Мұны химиялық жолмен тазартуға келеді. Алайда қан, зәр, құсық, иттің зәрі және тезегі секілді нәжәсатпен былғанғаны үшін киімді химиялық жолмен тазарту мүмкін емес. Дегенмен химиялық тазалау барысында суменен де тазартылатын болса және көзге көрінетін, көрінбейтін нәжісті сумен тазалаудың жоғарыда аталған шарттары орындалатын болса, киім нәжәсаттан тазарған болып саналады.

Кір жууға арналған ұнтақ діни тұрғыдан таза болып санала ма?

Негізінен, мұндай мәселеде кір жуатын ұнтақтың құрамында нәжіс саналатын қоспалар қосылып-қосылмағандығына назар аударған жөн. Бұл химия өнеркәсібіне, тұрмыстық химияға қатысты мәселе. Егер ұнтақтың құрамындағы спирт таза күйде болса, әрине ұнтақ кір жууға жарамсыз. Бірақ ұнтақтың

құрамындағы спирт санатындағы қоспалар өзге қоспалармен жаңа қосылыс түзсе, химиялық құрамы, қасиеті өзгергендіктен мұндай ұнтақтар діни тұрғыдан таза саналады.

Тіс сауытын алтынмен қаптау немесе алтын коронка қою туралы

Жалпы әйел болсын, ер болсын сау тісін әдемілік, әшекей үшін алтынмен қаптауы дұрыс емес. Тіс-жегіден емделіп пломбаланған немесе өзегі емделіп пломбаланған тісті амалсыздықтан қаптау қажет болса және қаптау үшін күміс не өзге де металдар пайдалану ауызда бактериялардың көбеюін күшейтсе, онда сенімді тіс мамандарының кеңесіне сүйене отырып, тісті алтынмен қаптауға рұқсат етіледі. Бұл – имам Әбу Юсуф пен имам Мұхаммедтің көзқарасы. Бірақ, имам Ағзамның бұл мәселеде ұстанымы басқаша. Ол ер адамға алтынды ешқандай мақсатта қолдануға болмайтынын айтады. Ал, қос имам соғыста мұрнынан айырылған Арфәжа есімді сахабаның әуелі күміс немесе басқа металдан жасанды мұрын жасап таққанын, артынан микроб түсірмес үшін мұны алтынмен алмастырғанын және бұған Пайғамбарымыздың ешқандай қарсылық білдірмегенін айтып, ер адамның шарасыздық жағдайында алтынды пайдалана алатынын дәлел ретінде көрсетеді.

Сонымен шарасыздық жағдайында маман тіс дәрігерлерінің көмегімен тісті алтынмен қаптауға рұқсат етілген. Тістің денсаулық үшін маңызы өте зор. Ауырған тістің бәрін жұла беруге болмайды. Технологияның жетістіктеріне сүйену, оны пайдалану – біздің міндетіміз. Әсілі ауырып ем іздеп, түрлі

шарасыздыққа түсуден гөрі тісті күтіп ауырмаудың жолын іздеген жөн. Алайда ауру ушығып кеткен жағдайларда тісті қаптау жоғарыдағы талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Кейбіреулер бұл мәселеде тым қатты кетіп, үзілді-кесілді пікір ұстанған. Бұлар мұнысын ханафи мәзхабында ғұсыл барысында жуу парыз болған ауыз қуысына «тістің өзегін» де жатқызумен түсіндіреді. Ханафилерде ауыз қуысын құрғақ жер қалдырмай түгел жуу парыз. Ал, бұл үшін тістің кіреукелі (эмальді) сауытына су тигізу жеткілікті.

Спортпен шұғылдану және дене күтімі

Спорт қазіргі таңда жұмыстан шаршауды, жабығуды ұмыттыратын машықтардың бірі болып табылады. Спорт арқылы адам денсаулыққа зиянды жаман әдеттерден тыйылып қана қоймай, рух пен тән саулығы үшін де орасан пайдасын көрері анық.

Ислам діні ақшаны босқа шашып-төгу, адамның басқа да жауапты істеріне кері әсерін тигізу, басқалардың құқықтарын бұзу секілді теріс мақсатқа қолданылмаған жағдайда спортты діни тұрғыдан мұбаһ санап, тіптен осыған ынталандырған. Ардақты пайғамбарымыздың (с.а.с.) тікелей ынталандырған спорт түрлері: жүгіру, күрес, мергендік, мініс жануарларымен (ат, түйе) жарысу және жүзу болған⁶⁷. Мұндай спорт түрлері көңіл көтерумен қатар дене тәрбиесі және дене күтімі тұрғысынан өте пайдалы әрекет болып есептеліп, пайғамбарымыздың дәуірінен қазірге дейін мұсылман елдерінде кеңінен таралып отыр. Айта

⁶⁷ Әбу Дәууд, Жихад 68; Бухари, Жихад 78

кетерлік тағы бір жайт, мұсылман қоғамында осы спорт түрлерін әкесінің баласына үйретуі әкелік міндет ретінде бағаланған.

Қорыта айтқанда, көңіл көтеру және дене тәрбиесі ретінде бағаланатын спорт түрлерінің, Исламдағы негізгі қағидалар мен әдептілікке қайшы келмеуіне назар аударған жөн. Сонымен қатар, спорттың, ел мен жердің танытылуында және еларалық татулық пен бейбітшіліктің орнығуында да пайдасы мол екендігін ескере жүру артық емес.







ЕКІНШІ ТАРАУ

**ҚОРШАҒАН ОРТА
ТАЗАЛЫҒЫ**



ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Тазалық тек тән тазалығы, киім-кешек, үй-жайдың тазалығымен шектелмейді. Дінімізде тазалықтың ауқымы кең. Сол себепті қоршаған орта тазалығына да бір кісідей көңіл бөлген жөн. Қоршаған ортаны ластау – елді қолайсыз жағдайға душар етеді. Ал, шынайы мұсылман – ешкімге зиянын тигізбей, ешбір жанды мақұлықты жәбірлемеуі тиіс.

Пайғамбарымыз: *«Аулаларыңды таза ұстаңдар!»*, – деп, үйдің айналасын, қора-қопсыны таза ұстау қажет екенін білдірген.

Көпшілік орындарды ластау – мұсылман баласына жараспайтын нашар әдет. Бірде Пайғамбарымыз көпшілікке қарата: *«Лағынетке ұшырағандар санатында болудан сақтаныңдар»*, – деген. Сахабалар: *«Уа, Аллаһ елшісі, олар кімдер?!»*, – деп сұрағанда: *«Халық көп жүретін жол бойы мен адамдар көлеңкелеп отыратын тұстарды былғағандар»*⁶⁸, – деп жауап қатқан.

Жүргінші көп жүретін жолдарды, тынығып отыратын орындарды бүлдіру, ластау Ислам әдебімен үйлеспейді. Осы орайда Аллаһ елшісі мешіттің қабырғасындағы түкірікті өз қолымен таспен қырып тазалау арқылы үлгі көрсеткен. Бұл – көпшілік орындарды ластауға болмайтынын ұқтырады.

⁶⁸ Мұслим, Таһарат, 68. Әбу Дәууд, Таһарат, 15; Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 2/372

Аллаһ тағала Құран Кәрімде тазалыққа көңіл бөлетіндерді ұнататынын білдірген. Ендеше таза жүру, айналаны таза ұстауды да білдіреді.

Өз кезегінде қоршаған орта тазалығын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

- ◆ Үй-жай тазалығы;
- ◆ Көше, ауыл-аймақ, қала тазалығы;
- ◆ Жолдардың тазалығы;
- ◆ Жеткілікті шамада су табу (өйткені, айналаның тазалығы мен дене күтімі жеткілікті судың болып болмауына тәуелді);
- ◆ Ауаның тазалығы;

Қоршаған орта тазалығына киім-кешек, тағамдардың тазалығын да жатқызғандар болған.

Үй-жай тазалығы

Пайғамбарымыз намаз оқу үшін үйде арнайы орын болуы керектігін әрі мұндай орынды таза ұстауды бұйырған. Ұруә ибн Зүбейір (р.а.) мен Айша (р.а.) анамыз жеткізген хабар мынадай: *«Сахабалардың бірі маған: «Пайғамбарымыз біздерге үй ішінде намаз оқитын жай жасап, оны таза ұстауды бұйыратын», – деп айтып еді»*⁶⁹.

Үйді таза ұстау денсаулық тұрғысынан да өте маңызды. Кең әрі таза үй жұқпалы аурулардың таралу қаупін әлдеқайда азайтады. Ас үйді таза ұстау, қоқысты сасытпай дер кезінде төгу көп ескертуді талап етпесе керек. Қоқыс – бактериялар үшін аса қолайлы орта. Қоқыс шыбын, тарақандарды көбейтеді. Тұрғын үйдің жалпы алаңы да, бөлме саны да жеткілікті болғаны

⁶⁹ Қандыхләуи, Хайатус-сахаба, 3/73

жақсы. Пайғамбарымыздың үй-жайының жобасын үлгі тұтқан мұсылман сәулетшілер үйдің ауласын ғимараттың ашық қасбеті (фасады) деп қабылдаған.

Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде: *«Кең үй, жақсы көрші, ыңғайлы мініс көлігі – мұсылман кісінің бақытынан»*⁷⁰, – дейді. Сондай-ақ, үйдің кең болғаны жақсы және кір бұйымдарды үйден тысқары шығару, қоқыс жинамау қажет екенін баяндайтын хадистер де бар.

Хазірет Омар да: *«Пайғамбарымыз қоқыс тасталған жерде, құрбан (мал) сойылған жерде, моншада, мал қорасында және адамдар көп жүретін орындарда намаз оқуға тыйым салды»*⁷¹, – деген.

Тар әрі тұрғындардың саны көп үйлерде тыныс алу жолдарының инфекциясы мен жұқпалы аурулар көптеп кездеседі. Адамдар бір-біріне өте тығыз (70 см-ден аз ара қашықтықта) өмір сүретін болса, отбасы мүшелеріне ауру әлдеқайда тез тарайды. Демек, егер тұрмыс жағдайы көтерсе, үйдің кең, таза, болғаны абзал.

Қажылық жасаушылардың қажылық ғибадаты кезінде қағбаның тазалығына баса мән бергені жөн. Қағба қажылық кезінде ығы-жығы халыққа толы болады. Ал эпидемиялық аурулар көпшілік ортада оңай әрі тез тарайды. Олай болса, қоғамдық көпшілік орындарда тазалыққа мұқият болуымыз керек. Гигиенаның талабы да осы. Мешіттердегі ерекше тазалықтың бір сыры осында жатса керек.

⁷⁰ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд, 3/407-408

⁷¹ Ибн Мәжә, Мәсажид, 4

Үй тазалығына көп көңіл бөлген Пайғамбарымыз нәжіс екені анық ит бар үйге және тұрып қалған зәр бар үйге періштелердің жоламайтынын ескерткен. Бұл әлгіндей үй-жай мен ауаны былғайтын нәрселерден үйді таза ұстау қажеттігіне назар аудартуда. Жамағат арасында сарымсақ, жуа секілді көкөніс жеп басқаларды жағымсыз иіспен тіксіндіруді ұнатпаған Пайғамбарымыз адамға ұнамайтын нәрсенің періштелерге де ұнамайтынын білдірген⁷². Олай болса, мүмин реніш туғызатын кез-келген іс-әрекеттен аулақ болғаны әрі мұндайға жол бермегені жөн.

Үй-жайдың тазалығына, намаз оқитын орынның материалды тұрғыдан таза болуы да кіреді. Қандай болмасын нәжәсатпен былғанған жерде намаз оқылмайтыны секілді, былғаныш жерлерде Аллаһтың атын зікір етуге де тыйым салынған. Хадистерде «қоқыс төгілген орын, монша, мал сойылған жер, мола, түйе қорасы» ерекше аталып, бұл жерлерде ғибадат жасалмайтындығы ескертілген⁷³.

Үй ішіндегі ескерткіш немесе мүсіндер туралы

«Ішінде ескерткіш (мүсін) бар үйге періштелер кірмейді»⁷⁴ және «Қиямет күнінде ең қатты азап шегетіндердің бірі мынандай түрді (адам бейнесі) жасайтындар»⁷⁵ деген секілді хадистер, мұсылмандардың өз үйлерінде ескерткіш, мүсін

⁷² Мүслим, Мәсәжид, 72, 74

⁷³ Ибн Мәжә, Мәсәжид, 4

⁷⁴ Бухари, Бәдул-һалк, 7, әл-Мәғазиді 12; Мүслим, әл-Либаһ 87

⁷⁵ Бухари, Әдәб 75; Мүслим, әл-Либаһ 96

коюына тыйым салған. Бұған тыйым салынудың астарында мынадай мақсаттар көзделген болуы мүмкін:

- ◆ Адам баласының қай дәуірде болмасын ескерткіштерге табынуын жойып, таухид сенімін орнықтыру;
- ◆ Мүсіншілердің өнерін «жаратушылық» деп қабылдап, тәухид түсінігіне қайшы әрекеттерге жол бермеу;
- ◆ Ескерткіш мүсін жасау барысында белгілі бір шек болмағандықтан жалаңаш тәнді мүсіндер, жалған пұт құдайлар, діни нышандар секілді Исламға жат саналған нәрселердің жасалуына тосқауыл қою;
- ◆ Қажетсіз шығынды, ысырапты болдырмау;
- ◆ Ескерткіш мүсіндерді ұлы тұлғаларға сыйқұрметтің, халық қаһармандарының ерлігін естен шығармау ниетімен жасайтындардың уәждеріне мұсылман ғалымдары мынадай жауап айтқан:
- ◆ Халық қаһармандарының ескерткіштері әрдайым орнатыла бермегендігі тарихтан белгілі. Залым, озбыр, қарақшы, т.б. адамдарға да ескерткіштердің қойылуы, «ескерткіш тек қана қаһармандарға қойылады» деген ұғымды мүлдем жойған.
- ◆ Мұсылмандардың фәни дүниеде мәңгілік халық жадында жатталып қалуы секілді арман-мұраттары болмайды. Мүмин үшін ең ұлы әрі жалғыз ғана мұрат арғы дүниеде Аллаһ тағаланың разылығына бөлену болып табылады.
- ◆ Ислам дінінде мүмин қызметті тек Аллаһ разылығы үшін ғана жасайды, сондықтан да осы қызметінің жаһанға жария болуынан қашуы абзал.

Исламда ең жақсы өнер туындылары және түрлі өнер салалары болған. Ал, ескерткіш мүсін жасау өнерімен ешкім айналыспаған⁷⁶.

Ойыншықтардың үйде ұсталуы туралы

Балалар ойнайтын ойыншықтар ескерткіш мүсін ретінде саналмағандықтан үйде ойыншықтардың болуына ешқандай тыйым жоқ. Айша анамыздың балалық шағында балалармен ойыншық ойнағанын көрген Пайғамбарымыз (с.а.с.) мұны құптаған екен⁷⁷.

Үй ішіне сурет ілу туралы

Ескерткіш мүсін кейпінде жасалмаса, қағаз, шүберек, тақтай секілді заттарға салынған суреттер жөнінде бұлардың халал немесе харам екендігіне қатысты нақтылы хадистер жоқ. Алайда суреттің тақырыбына, сурет иесінің мақсаты мен ниетіне және қолданылған орны мен тұрған жеріне қарай Ислам ғұламалары түрлі үкімдер жасаған.

- ◆ Киелі мәні бар немесе табынатын нәрселердің суретін салу, оны ілу харам;
- ◆ Ислам әдебіне жат, жалаңаш тәнді суреттерді салу және ілу де харам;
- ◆ Жанды тіршілік иелерінің суреттерін салу және қолдану мұбаһ. Ибн Аббас бір суретшіге сурет салуға қатысты тыйым салынғандығын айтқаннан кейін: *«Сурет салмасам болмайды дейтін болсаң онда рухы жоқ (адам бейнесінен тыс) заттардың суретін сал»*,⁷⁸ – деп ескерту жасаған. Жанды

⁷⁶ Хайреддин Караман, 53.

⁷⁷ Бухари, Әдәб 81; Мүслим, Әдәб 54

⁷⁸ Тахауи, Шәрхү-Мааниил Асар, Каир, 1968, 4-т., 282-288

тіршілік иелеріне келер болсақ, Пайғамбарымыз бұларды құптамаған. Бұдан шығар қорытынды мынадай: суреттер қандай да бір діни тағзым немесе табынуға арналмаса рұқсат бар. Бұл жерде ең маңызды мәселе – таухидтің қорғалуы. Тахауидің мына айтқандары да ойымызды қуаттай түседі: *«Бізге жеткен хадистерде киімнің үстіндегі суреттер тыйым салынған әрі шектен тыс екендігін аңғартуда. Тыйым салынған суреттерге христиандардың шіркеу қабырғаларына салған немесе кенепке салып қабырғаға ілген суреттері жатады»*⁷⁹.

Ислам дінінің суретке қатысты ұстанымынан түсінеріміз, ардақты Пайғамбарымыз әуел баста таухидті санаға жақсылап сіңіру мақсатында сурет мәселесінде өте қатал ұстанымы болғанмен кейін келе зияны жоқ суреттерге рұқсат берген⁸⁰.

Ауыл-аймақ, көше, мешіт, аула, алаң, демалыс аймақтары мен қала тазалығы

Пайғамбарымыз қоршаған ортаның тазалығына, су көздерін ластамауға қатты көңіл бөлген. Ол жайында:

*«Ешкім суға дәрет сындырмасын! Бәлкім ол суды кейінірек дәрет немесе гұсыл алуға пайдаланатындар шығар. Сондай-ақ, ешкім жүніп болған шағында тұйық (ақпайтын) суға түсіп шомылмасын! Ол судан ыдысқа құйып алып, бөлек жуынсын»*⁸¹, – деген.

⁷⁹ Тахауи, 4-т., 282-288

⁸⁰ Хайреддин Караман, 54.

⁸¹ Ахмәд Ибн Ханбәл, Мүснед, 2/259, 265

Мына бір оқиға тазалыққа мән берудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Абдуллаһ ибн Аббас әңгімелеуде: *«Харка есімді қара нәсілді әйел бар еді. Үнемі мешітті тазалайтын. Әлгі әйел дүниеден өткенде ешкім Пайғамбарымызға естіртпеді. Бірнеше күн әлгі әйелді көре алмағанына алаңдаған Пайғамбарымыз оған не болғанын сұрады. Сахабалар оның қайтыс болғанын айтты. Сонда Пайғамбарымыз: «Әлдекім марқұм (о дүниелік) болса мені хабардар етіңдер!», – деді. Сосын әйелге арнап ғайыптан жаназа намазын оқып: «Мен оның жұмақтағы мешітте шөп-шалам жинап жатқанын көрдім», – деді»⁸².*

Алыс аймақтағы тайпаларға жолдаған жарлықтарында Пайғамбарымыздың мешіттерді таза ұстауды арнайы тапсырғаны көпшілік орындарды таза ұстаудың қаншалықты қажетті екенін ұқтыра түседі.

Сахабалар мешітте әдемі иіс сезіліп тұруына да көңіл бөлген. Бұл туралы халифа Омардың ұлы Абдуллаһ (р.а.): *«Әкем жұма сайын Аллаһ елшісінің мешітінде хош иісті шөп тұтататын», – деген⁸³.* Пайғамбарымыздың: *«Жер жүзі маған мешіт әрі таза қылынды»⁸⁴,* – деуі де барша мекенді тап мешіт секілді мұқият таза ұстау қажет екенін көрсетеді. Тағы бірде ол: *«Аллаһ тағала асқан таза әрі пәк, пәктік пен талғампаздықты ұнатады, әрі тым жомарт, бекзаттық пен жомарттықты ұнатады. Олай болса, аула мен бос алаңқайларды (жайларды) таза ұстаңдар!»⁸⁵* – деп үйде қоқыс жинауға тыйым салған.

⁸² Қандыхләуи, Хайатус-сахаба, 3/77

⁸³ Хәйсами, Мәжмәуз-зәуәид 2/11;

⁸⁴ Хәйсами, Мәжмәуз-зәуәид 8/258; Бәйхаки, Сүнән 1/212.

⁸⁵ Ибн Каийм, әт-Тыббун-Нәбауи, 216

Қоршаған ортаның тазалығы дегенде ойға оралатындардың бірі – демалыс орындары. Табиғатқа шығып бір ауық демалу қазіргі таңда әсіресе қалалықтар үшін қалыпты өмір салтына айналғалы қашан. Демалыс аймақтарының ең әуелі әсем, таза, құлаққа ұрған танадай тыныш болғанын қалаймыз. Алайда көбінесе бұл жерлерді күлімсі иіс жайлап, шырайының бұзылғанын, келушілердің демалыс аймақтарын ластағанын көріп ренжиміз. Әсіресе ойын балалары үшін қауіпсіз, шөлмек сынығы жоқ алаңқай табу қиындап барады.

Пайғамбарымыз хадистерінде тек үйдің ауласын, жақын маңды ғана емес алыс аймақтарды, ел көлеңкелейтін орындарды да таза ұстауға шақырады. Мүслимнің риуаятында Пайғамбарымыз былай дейді: *«Лағынетке ұшырағандар санатында болудан сақтаныңдар!»* Сахабалар: *«Олар кімдер, уа, Аллаһ елшісі?»*, – деп сұрағанда, пайғамбарымыз: *«Халық көп жүретін жол мен адамдар тыныстап отыратын көлеңке орындарға дәрет сындырғандар»*⁸⁶, – деп жауап қатады. Кейбір нұсқаларда *«адамдар саялап отыратын орындар»* сөзі түсіп қалып, жеміс ағаштарының түбіне дәрет сындыруға тыйым салынғандығы айтылады⁸⁷.

Хадисті түсіндірген ғалымдардың айтуынша, ластауға тыйым салынған көлеңкелі орын тек жеміс ағаштарының көлеңкесін ғана емес, халық қыдырыстап, демалатын көпшілікке арналған бүкіл орындарды, саябақтарды меңзейді⁸⁸. Мәселен, ағаштың көлеңкесі, ғимарат қабырғасының көлеңкесі, жартастың

⁸⁶ Мүслим, Таһарат 68.

⁸⁷ Хәйсәми, Мәжмәуз-зәуәид 1/204.

⁸⁸ Азимабади, Тухфәтул-Аһуәзи 1/48; Синди, Ғашиә алья Ибн Мәжә, 1/138-139.

көлеңкесі, т.с.с. Әйтеуір адамдар тыныстайтын жерлер. Сондай-ақ, мұмин, хадисте тыйым салынғанды тек «дәрет сындыру» деп қана ойламай, мұны ластаудың кез-келген түрі деп білгені жөн. Себебі, ол дәуірде бөтелке, қалбыр, қағаз, қораптардың қалдығы секілді түрлі қоқыс жоқ болатын. Бұған қоса жүргіншінің мазасын алатын тікен, ағаш шыбығын алып тастаудың, бір сөзбен айтқанда адамның мазасын алатын кедергі атаулыны жоюдың маңызды екені тілге тиек етілген осындай хадистерді басқа тұрғыдан қарастырсақ, демалыс аймақтарын адамдардың, тіпті аң-құстың мазасын алатындай ластаудың діни тұрғыдан қаншалықты өрескел қате екенін аңғарамыз⁸⁹.

Жоғарыда баяндалғандай, мешіт секілді көпшілік жиналатын орындарды, жолдарды, саябақтарды, қысқа қайырғанда, қоғамдық орындарды таза ұстау дініміздің тазалық турасында берген кеңестеріне жатады. Мұминнің тек үсті-басы, ішкен-жегені ғана емес, айналасының да таза болуы керек. Мұның жалпы денсаулық сақтаудың салауатты өмір салтының алғышарты ғана емес дініміздің де әмірі болуы мұсылманның жауапкершілігін арттыра түседі.

Жан-жануарлардың тазалығы

Қоршаған ортаның ажырамас бөлігі саналатын жан-жануарлардың тазалығы да Исламда назардан тыс қалмаған. Әсіресе үй жануарларын таза ұстау сөз болған. Айталық, Әбу Һурайра жеткізген деректе Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Қойлардың тұмсығын*

⁸⁹ Ибраһим Жанан, Аьет ве хадислерин ышығында чевре ахлакы, Иени Асия йайынлары, Стамбул, 1995, 87-89 б.

сүртіңдер, қорасын тазалаңдар, қой қораға жақын маңда намаз оқыңдар! Өйткені, олар жұмақтың малы»⁹⁰, – деген. Сондай-ақ ешкі малын таза ұстауға берген әмірі де бар.

Сауадә есімді сахаба әңгімелеуде: «Шешем екеуіміз пайғамбарымызға көмек сұрай бардық. Алдымызға бірнеше ешкі салуды әмір етті де, шешеме: «Балаларыңызға айтыңыз, сауғанда ешкіні жәбірлеп желінін қанатпайтындай ғып тырнақтарын алып жүрсін! Сосын лақтарға жақсылап қарасын!»⁹¹, – деді». (Хадистер әлсіз)

Жолдардың тазалығы

Хадистерде жолдардың тазалығы да кеңінен қолға алынған. Бұл турасында Пайғамбарымыз (с.а.с.) жолдың кеңдігі мен жол салуға, оны таза ұстауға, жүргіншіге бөгет жасайтын нәрселерді алып тастауға дейін көптеген жайттарды қозғаған. Біз бұлардың ішінде тек тақырыпқа қатыстыларына ғана қысқаша тоқталмақпыз.

Бір хадисте жүргіншіге бөгет болған, «жапа шектіретін» нәрселерді әрбір мұсылманның жолдан алып тастауы «иманның құрамдас бөлігіне» жата-тындығы айтылған: *«Иман жетпіс бөліктен тұрады. Ең жоғарғы бөлігі – лә иләһә иллаллаһ деген сөз, ең төменгісі – бөгет болған әлденені жолдан алып тастау. Ар-ұят та иманның бір бөлігі»⁹². Бұл хадис көптеген*

⁹⁰ Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәид 4/65-66.

⁹¹ Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәид 8/196.

⁹² Мұслим, Иман, 58; Бухари, Хибе, 35; Әбу Дәууд, Әдәб; 160; Тирмизи, Иман, 6; Нәсәи, Иман, 16

хадис кітаптарында әр түрлі рауилердің баяндауында кездеседі.

Келесі бір хадисте жолдан бөгет боларлық нәрсені алып тастау «садақа» есебінде көрсетілген. Бұл садақаның айрықша екенін білдіру үшін Пайғамбарымыз дәл сондай сипаттағы басқа садақаларды да қоса санамалайды: *«екі адамның арасындағы дауды бітістіру», «басқа біреудің мал-мүлкін тиеуге (артуға) қолғабыс жасау», «жақсы сөз», «намаз үшін жасалған әрбір қадам»⁹³*, т.б.

Енді бірде жолда кездескен ағаштың бұтағын *«жүргіншілерге бөгет болады»* деген оймен шауып алып тастаған әлдекімнің жаннатқа барғанын айтқан Аллаһ елшісі: *«Маған үмбетімнің жақсы-жаман күллі амалдары көрсетілді. Жақсы амалдардың арасында жолдан алып тасталған бөгет боларлық нәрсені көрдім. Жаман амалдардың қатарында жерде көмусіз қалған түкірік те бар болатын»,* – деген еді⁹⁴.

Сондай-ақ, Мүслимнің хадис кітабынан жұмаққа апаратын амалды сұраған әлдекімге Пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Мұсылмандардың жолынан бөгет боларлық нәрсені алып таста!»⁹⁵* деп жауап қатқанын оқимыз.

Жоғарыдағы хадистердегі жапа шектіретін (бөгет болар) нәрсе – «аза» сөзіне ден қойсақ, Пайғамбарымыз (с.а.с.) жолдан алып тасталу керек нәрселердің барлығына ортақ «аза» сөзін қолданған. Бұл сөздің түсіндірмелі сөздіктегі мағынасы «кішігірім зиян немесе

⁹³ Мүслим, Зекет 55; Бухари, Мәзалим 24; Әбу Дәууд, Тәтауу 12.

⁹⁴ Ибн Мәжә, Әдәб 7.

⁹⁵ Мүслим, Бирр 131-132.

кемшілік»⁹⁶ болып табылады. Бірақ та хадистерде жүргіншінің мазасын алатын, жайсыздық туғызатын зат атаулы сөз болады⁹⁷. Құран Кәрімде де бұл сөз «мазаны қашырып, жайсыздық туғызатын» нәрселер мағынасында жиі қолданылған⁹⁸.

Ауаның тазалығы

Қазіргі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі – ауаның ластануы. Мұның түрлі алдын алу шаралары болуымен қатар біз тек бір мәселеге тоқталғанды жөн көрдік.

Ауаны тазартудың ең оңтайлы тәсілі самал жел болса керек. Жел, екпіндеп лас ауаны ұшырып әкетіп, орнын таза ауамен алмастырады. Құран Кәрімде желдің осындай ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Жел, Құранда *«қуалай соғатын»*⁹⁹ және *«суыратын»*¹⁰⁰ теңеуімен кездеседі. Аятта: *«Күн мен түннің ауысқанында, Аллаһтың көктем ызық, яғни жаңбыр жаудырып жер жүзін қайта жандандырғанында, желдің оңды-солды соққанында есті адамдар үшін белгі бар»*¹⁰¹, – делінеді. Аяттағы «тасрифир-риях» сөзі желдің есуі мен ерсілі-қарсылы соғуы мағынасына келіңкірейді. Желдің бұл қасиетін сараптасақ, ауаның тазаруында, жаңаруында мұның үлкен рөлі барын аңғарамыз.

⁹⁶ Мужәмул-Уасит 1/12.

⁹⁷ Ибн Әсир, Ән-Нихәйә 1/34.

⁹⁸ Ибраһим Жанан, Аьет ве хадислерин ышығында чевре ахлакы, 89-90 б.

⁹⁹ «Мүрсәлат» сүресі 77/1-2.

¹⁰⁰ «Зәрият» сүресі, 51/1.

¹⁰¹ «Жәсия» сүресі, 45/5.

Ибн Халдун жаңа елді мекен орнатқанда желдету шараларын қолға алудың маңызды екенін айтып, жолдарды және жол тораптарын желдің бағытымен орналастыруға кеңес береді. Тұрғын үйдің ауасын таза ұстауға хадистерде баяндалған кейбір шаралардың өз септігін тигізері даусыз. Бұларды үй-жайдың кең, қабырғалардың тым биік болмауы және үйдің ауласының тар болмауы деп қысқаша түсіндіру жеткілікті.

Судың тазалығы

Ластық пен кір-қоңға көбіне судың тапшылығы себеп болып жатады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) таза әрі жеткілікті суды тұтыну мүмкіндігін адамның табиғи құқықтары қатарына жатқызған: «Барлық адамдар әлеуметтік немесе экономикалық хал-ахуалына қарамастан негізгі мұқтаждықтарын өтейтін таза және жеткілікті мөлшерде ауыз суын иемдену (пайдалану) құқығына ие»¹⁰².

Пайғамбарымыздың ДДСҰ-ның конференциясынан 1340 жыл бұрын таза ауыз су табу туралы айтқан хадистеріне құлақ түрсек, былай дейді: *«Жеті амалдың сауабы кісі өлген соң да үзілмейді, оның амал дәптері жабылмайды, сауабы барып тұратын болады. Бұлар – ілім үйрену, су әкелу, құдық қаздыру, көпшіліктің игілігіне кітап жазып қалдыру, өлген соң артынан дұға қайыратын жақсы ұрпақ тәрбиелеу...»*. Пайғамбарымыз халықты таза сумен қамтамасыз ету-

¹⁰² Біріккен Ұлттар Ұйымының су мәселесіне қатысты 1977 жылғы конференциясы.

дің екі дүнидегі пайдасын ашық айтқан. Осы себепті мұсылмандар мүмкіндіктері жеткенше өңірлерде суландыру кешендерін жасаған. Бұған мысал ретінде Ислам тарихында сәулетші Мимар Синан жасаған егістіктерді суғару жүйесі мен су құбырларын келтіруге болады.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) талап-тілегі орындалғанда, адамзат тарихындағы айтулы эпидемиялық аурулар орын алмас па еді, бәлкім? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да гигиена талаптары сақталғанда мұның бірін көрмес едік деген тоқтамға келген. Ислам жаңа өмір салтын қалыптастырушы дін ретінде келіп түскендіктен ол адамды таза өмір сүруге міндеттейді. Жер шарының өркениет жете қоймаған шалғай аймақтарында тұратын адамдардың жеке бас гигиенасы және қоршаған орта тазалығы туралы жеткілікті мәліметтері жоқ. Әркімнің таза, бүлінбеген ортада өмір сүру құқығы бар. Исламға дейінгі дәуірлерде де бұл құндылықтар пайғамбарлар арқылы адамзатқа жеткізіліп отырған.

Су табиғи және табиғи емес болып екіге бөлінеді.

1. Табиғи сулар. Табиғи сулар деп табиғатта кездесетін жаңбыр, қар, өзен, теңіз, көл, бұлақпен қоса құдық секілді жерасты суларын айтамыз. Дәрет пен ғұсыл алуға тек осы сулар пайдаланылады.

2. Табиғи емес сулар. Құрамына басқа нәрсенің енуімен табиғи үш қасиеті – түсі, исі, дәмі өзгерген гүл суы, жеміс шырыны, еттің сорпасы тәрізді сұйықтықтарды табиғи емес, жасанды сулар дейміз.

Табиғи суға кез-келген көлемде сұйықтық қосылып кетіп, судың қасиеттерінің біреуі немесе екеуі өзгеріске

ұшырар болса, мұндай су жай ғана сұйықтыққа айналады.

Топырақ, сабын тектес таза нәрсе түсіп кетудің салдарынан қоймалжың тартпаса, су табиғи қалпында қалады.

Табиғи судың түрлері

Таза болуына және басқа нәрселерді тазартуға жарамдылығына орай табиғи сулар төмендегідей болып бөлінеді:

- ◆ Әрі таза әрі тазалауға жарамды, қолдануға діни тұрғыдан ешқандай шектеу қойылмайтын сулар. Табиғи үш қасиетін жоғалтпаған бұл сулар тұрмыста пайдалануға, яғни ішуге, тамаққа қосуға, дәрет немесе ғұсыл алуға жарайды.
- ◆ Әрі таза, әрі тазалауға жарамды, бірақ орынды себептерсіз тұрмыста қолданылуы мәкрүһ сулар. Бұған мысық секілді үй жануары немесе қаршыға секілді жыртқыш құстардың ауыздарын батырған сулар жатады. Мұндай сулар таза әрі тазалауға жарамды болса да ішуге, тамаққа, дәрет немесе ғұсыл үшін пайдаланбаған дұрыс.
- ◆ Дәрет немесе ғұсыл үшін пайдаланылған сулар. Мұндай су заттай нәжіс нәрселерді жууға жараса да, қайтадан дәрет немесе ғұсыл алуға жарамайды. Оны ішу немесе тамаққа пайдалану мәкрүһ болып саналады.
- ◆ Ластанған сулар. Мұндайға ішіне нәжәсат түскені анық білінетін аз мөлшердегі су жатады. Бұл су тұрмыста пайдалануға еш жарамайды.
- ◆ Күмәнді сулар. Мәселен, есек пен қашыр тиген немесе аузын салған суларға қатысты ғалымдардың

пікірі екіге жарылған және артынан таза деген ортақ тоқтамға келсе де мұның дәрет немесе ғұсыл алуға жарап-жарамайтыны күмәнді.

Сыртқы факторлардың әсерінен былғанбайынша табиғи суларды дәрет немесе ғұсыл алу үшін және күнделікті тұрмыста да кеңінен пайдалануға болады.

Сұйықтықтармен дәрет немесе ғұсыл алынбайды, яғни, бұлармен ғибадат үшін тазалану мүмкін емес. Өйткені, Аллаһ тағала ғибадат үшін тазалық жасауда тек табиғи суларды пайдалануды бұйырған. Алайда сұйықтықтардың кейбірі ішуге немесе тамаққа пайдалануға жарайды. Сұйықтықтар қоймалжың немесе майлы болмаса былғанышты тазартуға жарайды.

Ағын сулар және тұйық (ақпайтын) сулар

Табиғи сулар ішіне түскен ластықпен былғанып-былғанбайтындығы жөнінен тұйық (ақпайтын) су және ағын су болып екіге бөлінеді

1. Тұйық (ақпайтын) сулар. Бұлар көлеміне қарай «аз мөлшердегі су» және «көп мөлшердегі су» болып екіге бөлінеді.

- ◆ Көп мөлшердегі су деп, шамамен 50 шаршы метрлік алаңға жайылған тереңдігі кем дегенде бір қарыс шамасындағы кішігірім көлшік (шалшық, тоған) немесе хауызды айтады. Бұл сулар былғануы тұрғысында ағын сулармен парпар, яғни, ішіне нәжіс түссе үш қасиетінің бірі өзгермейінше таза саналады.
- ◆ Аз мөлшердегі су деп, шамамен 50 шаршы метрден кем болатын шалшық немесе хауызға айтылады. Бұлардың ішіне нәжіс түссе, үш қасиетінің ешбірі

өзгермегеніне қарамастан әп-сәтте бүлінеді. Мәселен, бір тамшы қан немесе иттің сілекейі суды былғаныш қылады.

2. Ағын сулар. Ағын сулар деп, бір тал сабанды ағызып әкетуге қауқары жететін суды айтады. Ағын су көп су санатына жатады. Ішіне нәжіс түссе түсі, исі немесе дәмі бүлінбейінше ластанбайды.

Діни тұрғыдан таза және нәжіс (лас) саналатын нәрселер

Діни терминологияда заттай кір мен ластықты «нәжәсат», ал ластанған, былғанған нәрселерді «нәжіс» дейді. Нәжәсаттан тазалану дегеніміз, денені, киімді және намаз оқитын орынды адамның зәрі, үлкен дәреті, жануарлардың зәрі мен қиы (тезегі), қан секілді, т.б. діни тұрғыдан лас саналатын нәрселерден тазарту.

Нәжәсат қаншаға бөлінеді?

Нәжәсат екіге бөлінеді:

Ауыр (ғализ) нәжәсат;

Жеңіл (хафиф) нәжәсат;

Бұлай бөлу ластықтың салмағына емес, оның намаздың жарамдылығына кедергі келтіретін мөлшеріне қарай бекітілген. Әйтпесе нәжәсаттың екі түрі де затты бірдей кірлетеді. Мәселен, екеуі де аз мөлшердегі суға тисе суды бүлдіріп, дәрет алуға жарамсыз етеді.

Ауыр нәжәсат санатына жататын нәрселер

Ауыр (ғализ) нәжәсат саналатындар:

- ◆ Адамды дәрет немесе ғұсыл (бой дәреті) алуға итермелейтін денеден шығатын органикалық қалдықтар: зәр, үлкен дәрет, ұрық, жыныс мүшесі-

нен ағатын сұйық жалқық зат, әйелдің жыныс мүшесінен (қынаптан) ағатын сары сұйық зат, қан, ірің, сарысу, ауыз толы құсық, етеккір, нифас халінде (босанған соң) келетін қан, истихада (етеккірден басқа) қаны, т.б.

- ◆ Еті жеуге жарамсыз аң-құстың, жануарлардың зәрі, сілекейі, тезегі (қиы), саңғырығы. Тек лашын, бүркіт, қаршыға секілді құстардың саңғырығы жеңіл нәжәсат түріне жатқызылады.

Еті жеуге жарамсыз жануарлардан тек мысықтың сілекейі мен аузы тиген қалдықтар таза саналған. Мысық табиғатында адамға үйір болғандықтан үй ішіндегі әр нәрсені, адамның қолын тағысын тағы жалайтындықтан қиындық тудырмас үшін дініміз оның сілекейі мен аузын, сарқытын таза деп есептеген. Пайғамбарымыз бұл туралы: *«Мысық лас емес. Ол сендерді айналышықтап жүреді»*¹⁰³, – деген.

- ◆ Бүкіл аң-құс, үй жануарларының ағатын қаны (сойып болғаннан кейінгі еттен шыққан қан таза);
- ◆ Еті жеуге жарайтын тауық, үйрек, қаз, күрке тауық секілді үй құстарының саңғырығы;
- ◆ Бауыздаусыз немесе бісміллә айтылмай сойылған мал, арам өлген мал және олардың иленбеген терілері; Мал дін талаптары сақталмай бауыздалғанда (бауыздау кезінде біле тұра Аллаһтың атын ауызға алмау) да өлексе саналады, оның етін жеуге болмайды. Ал, бісміллә айтуды ұмытып кету салдарынан малдың еті бүлінбейді.
- ◆ Алкогольді ішімдіктер; Масайтатын ішімдіктерді тұтыну харам, олар денеге, киімге тиген жағдайда

¹⁰³ Әбу Дәууд, Таһарат, 38; Тирмизи, Таһарат, 69.

намаз оқу дұрыс емес. Өйткені бұлар нәжіс саналады.

Жеңіл нәжәсат санатына жататын нәрселер

- ◆ Еті жеуге жарайтын үй жануарларының қой, жылқы және киік, таутеке секілді жабайы аңдардың зәрі мен қиы (тезегі). Қашыр мен есектің тезегі туралы екіұдай пікір туындаған. Мұны ауыр нәжәсат қатарына жатқызатындар да, жеңіл нәжәсат қатарына жатқызатындар да бар.
- ◆ Еті жеуге жарамсыз лашын, бүркіт, қаршыға секілді жыртқыш құстардың саңғырығы жеңіл нәжәсат санатына жатқызылады. Еті жеуге жарайтын кептер (көгершін), шымшық торғай секілді ауада (ұшып жүріп) саңғитын құстардың саңғырығы таза саналады.

Ауыр нәжәсаттың намазға кедергі боларлық мөлшері

Ластықтың намазға кедергі келтіретін өлшемі қатты немесе сұйық зат болуына байланысты белгіленеді. Сонымен, ауыр нәжәсат қатты зат болса салмағы бір дирхамнан, яғни үш грамнан кем болуы шарт, одан артық шама намаздың жарамдылығын жояды.

Сұйық ауыр нәжәсаттың көлемі алақан аясынан аспауға тиіс. Одан көбірек сұйық нәжәсат намазға кедергі жасайды. Намаз оқу үшін бұл шамадағы нәжәсаттан тазару – парыз. Аздаған жеңіл немесе ауыр нәжәсат намазға кедергі болмаса да дінімізге сай орайын тауып тазарту абзал әрі сүннет.

Жеңіл нәжәсаттың намазға кедергі боларлық мөлшері

Жеңіл нәжәсаттың намазға кедергі болатын мөлшері – ластықтың киімнің немесе дененің төрттен біріне жайылуы. Ластықтың көлемі төртте бірден аз болса намазға кедергі келтірмейді. Ал егер айтылған шамада немесе одан көп болса жуып тазалау шарт. Сүйікті пайғамбарымыз тазалыққа көңіл бөлгендердің берік иман иесі екеніне ишара жасаған.

Құрамында алкоголь бар өнімдерді тұрмыстық мақсатта пайдалану туралы

Әтір, иіссу секілді заттар құрамында алкоголь болғандықтан ауыр нәжіс қатарына жатқызылған. Сол себепті олардың көлемі алақан аясынан асқан жағдайда намаз оқуға кедергі келтіреді. Себілген әтірдің денеден немесе киімнен буланып ұшуы жеткіліксіз, міндетті түрде сумен жуу керек. Алайда құрамында спирт бар әтірді қолдану мұбах деп санаған ғалымдар да бар екенін айта кету керек.

Түркия Дін істері басқармасының алқалы кеңесінің 1943 – 1948 жылдары берген пәтуаларына сүйенсек спирт, әтір секілді тұрмыстық заттарды ішімдік ретінде пайдалану харам, ал алкогольді жарықтандыру, жылу беру және басқа да химиялық мақсаттарға жұмсауға ешқандай шектеу қойылмайды.

Діни тұрғыдан таза саналатын нәрселер

- ◆ Жер бетіндегі су, тау-тас, өсімдіктер мен ағаштар, жемістер, гүлдер, т.с.с. табиғат әлемі, доңызды қоспағанда барлық жан-жануарлардың ауыр

- не жеңіл нәжәсат тимеген денесі (Доңыздың еті, терісі, түгі, яғни бүкіл денесі нәжіс. Киімге немесе денеге жоғарыда аталғандардың бірі тисе былғанғандықтан жуып тазалау шарт). Шафиғилер доңызбен қатар итті де нәжіс санайды.
- ◆ Бит, бүрге, қандаланың қаны таза.
 - ◆ Суда өлген балықтар мен өзге теңіз жануарлары таза әрі бұлардың қаны да таза. Киімге тисе былғанбайды.
 - ◆ Еті жеуге жарайтын жануарлардың зәрі мен тезегі (қиы) жеңіл нәжәсат болғанымен, сілекейлері таза саналады.
 - ◆ Діни шарттарды негізге ала отырып бауыздалған жануарлардың терісі, сондай-ақ бауыздалған малдың бауырында, жүрегінде, көк бауырында (талақ) және етінде қалып қойған қан таза болып есептеледі.
 - ◆ Доңыздан басқа, бауыздаусыз сойылған жануарлардың, өлексенің еті жарамсыз болғанымен, қан жүрмейтін дене мүшелері – мүйізі, тұяғы, тырнағы, сүйегі, жүні, түгі және иленген терілері таза.
 - ◆ Бұзылған тағам, қышқылданған май, сасып құрттаған ет немесе ірімшік, өзінің тазалық қасиетін жоғалтпайды. Дұрысы денсаулыққа зиянды болғандықтан тұтынбаған абзал.
 - ◆ Үй мысығының зәрі тиген ыдыс пен су былғанады. Алайда зәр тиген киім былғаныш емес. Мысықтың сілекейі мен жеген тамағының қалдығы таза саналады.
 - ◆ Адам зәрінің иненің жасуындай немесе иненің көзіндей шамада шашырауынан дене немесе киім

нәжіс болмайды. Мұндай киіммен намаз оқуға болады. Бірақ осындай шамадағы зәр, аз мөлшердегі суға шашырағанда су жарамсыз болады.

- ◆ Өртенген нәжіс нәрсенің, мәселен, тезектің түтіні киімді былғамайды.
- ◆ Көшенің батпақ-балшығы құрамында көң (қи) болса да таза, бұлар тиген киім былғанбайды.
- ◆ Дәрет немесе ғұсылда қолданылған су таза саналғанымен былғаныш нәрсені тазалауға жараса да, қайтадан дәрет не ғұсыл алуға жарамайды.
- ◆ Былғаныш төсекте не болмаса жерде жатып ұйықтаған адамның үсті-басы егер нәжістің ізі білінбесе нәжіс болып саналмайды.
- ◆ Құрғақ киім егер дымқыл әрі нәжіс топырақтың үстіне жайылса, жайылған заттың үстіне дақ өтпейінше таза саналады.

Ит асырау туралы

Аллаһ елшісі: *«Аң аулайтын, бақша немесе үй қоритын бақташы итті қоспағанда ит асырағанның сауабы күнделікті біршама азайып отырады»*,¹⁰⁴— деген. Бұған *«иті бар үйге періштелердің жоламайтыны»*¹⁰⁵ туралы айтылған хадистерді қоссақ, шығатын қорытынды, исламда сақтық шаралары мен аң аулау мақсатынан басқа ит асырауға тыйым салынған. Біріншіден, ит асырауға шамасы жететін жандар ондай мүмкіндіктерімен жоқ-жұқана, асыраушысы жоқ жалғызілікті адамдарға көмек көрсеткені әлдеқайда

¹⁰⁴ Бухари, Сайд 6; Мүслим, Мүсакат 50;

¹⁰⁵ Бухари, Либас 92, 88; Бәдүл-халк 6, 14; Мәғазы 11; Мүслим, Либас 102;

абзал. Екіншіден, иттің көптеген аурулардың тасымалдаушысы екені медициналық тұрғыдан дәлелденген. Үшіншіден, ит жолдан өткендерді, қонаққа немесе бірдеме сұрай келгендердің үрейін ұшыра үріп, үйге кіргізбейтіні де белгілі.

Макияж, шаш бояуы, қына, шаш кремін қолдану туралы

Әйелдің ислам рұқсат берген шеңберде ажарланып бойын күтуге толық мүмкіндігі бар. Исламда әйелге тек күйеуі үшін әрленуге рұқсат беріледі. Сонымен қатар, қына, сүрме секілді табиғи косметикалық құралдарды пайдалануға да шектеу қойылмайды. Бұған қоса Ислам, әйелдің жібектен киім киіп, алтыннан әшекей тағуына тыйым салмайды. Алайда дініміз, әйелдердің көшеге опа-далап жағып, барын киіп жасанып шығуын, мұнысымен өзгелердің назарын өзіне аударғанын құптамайды.

Ал енді макияж мәселесіне тоқталсақ, мұндай әсемдік бұйымдарының құрамында діни тұрғыдан тыйым салынған нәрселердің бар екендігі анықталған жағдайда бұдан бас тартқан жөн. Мәселен, құрамында доңыз майы қоспасы болса немесе қолданған кезде жұқа қабықша түзіп денеге су өткізбейтін болса опа-далап, лакты пайдалануға болмайды. Шашты жылтырататын, түрлі түске бояйтын крем, бояуларға да сақ болған жөн. Қолданылатын бояудың және лактың су өткізбейтінін алдын ала анықтаған артық емес. Қабықша түзбейтін, су өткізетін бояумен шаш бояудың, лакты пайдаланудың әбестігі жоқ. Қала берді шашқа қына жағудың сүннет екені белгілі.

Ал енді шашқа арналған гельге келетін болсақ, бұлар су құйғанда сабын секілді көпіршіп, ағып кететін болса, ғұсылға кедергі жасамайды. Алайда гель шашқа суды өткізбесе ғұсыл жарамсыз саналады.

Денеге сурет салғызудың (татуаж) үкімі қандай? Денеге салынған суреттер ғұсылға кедергі бола ма?

Хадистерде денеге пайдасыз, тіпті денсаулыққа зиян әшекей сурет салғызудың мұсылманға жат қылық екені айтылады. Пайғамбарымыз денеге қилы пішінде сурет салғызуды жөн көрмеген, тіпті суретті салғызған да, салған да қарғысқа лайық болатынын ескерткен¹⁰⁶.

Денесіне ертеректе сурет салдырып, сосын мұның дінге қайшы екенін кеш білген адам, крест секілді бұрмаланған діннің белгісі немесе моральға қайшы бейәдеп сурет болмаса қиналып өшіруге талпынбай-ақ қойғаны жөн. Денеге сурет салудың түрлі тәсілдері болса да ол әдетте терінің астына бояу енгізу жолымен жасалатындықтан, дәретке, ғұсылға кедергісі жоқ.

Денеге сурет салғызу діни тұрғыдан тиым салынумен қатар, денсаулыққа да зиянды. Еуроодақ комиссиясы жастар арасында денеге сурет салғызудың (татуаждың), пирсинг жасаудың тым көбейіп кеткенін, бұл іс-әрекеттердің денсаулыққа едәуір зияны барын мәлімдеді. Қазіргі таңда медицинада денеге пирсинг жасататындар мен сурет салғызатындар арасында бауырдың қабынуы, ЖИТС, саңырауқұлақтың пайда болуы, аллергия, туберкулез, сіреспе, терінің қатерлі

¹⁰⁶ Мұслим, әл-Либас, 119; Бұһари, әл-Либас, 82-87.

ісігі секілді аурулардың жұғу және таралу қатерінің күрт жоғарылауы жиі айтылуда.

Нәжәсатты тазартудың жолдары

Дінде нәжіс саналған нәрселерді тазалаудың түрлі тәсілдері мен жолдары қарастырылған. Басты тазалау тәсілдері мынадай:

Сумен тазарту

- ◆ Заттай нәжіс нәрсені жаңбыр, өзен, теңіз сулары секілді табиғи сулармен, сондай-ақ, гүл, көкөніс, жеміс-жидек шырындарымен, су тапшы болған жағдайда ғұсыл немесе дәрет алуға қолданылған сумен де тазалауға болады.
- ◆ Көзге көрінетін нәжісті тазалау дегеніміз, нәжістің ізі, яғни исі, түсі қалмайтындай тазалап жуу. Егер нәжіс зәр секілді көзге көрінбей не сіңіп кететін, құрғағанда із қалдыра қоймайтындай болса, онда ластанған тұсты ыдыста үш қайтара жуып шаю және әр шайғанда киімді барынша сығу арқылы тазартуға болады.
- ◆ Былғаныш зат киіз, кілем секілді сығуға келмейтін бұйым болған жағдайда оны да ыдыста үш қайтара жуып шайып, әр шайғанда кептірген дұрыс. Суын толық сарқу кептіргенмен тең. Ыдыста жууға келмейтін үлкендеу былғаныш нәрселерді ағын суға жуғанда немесе үстінен су құйып жуғанда нәжістің ізі қалмаса таза болып саналады, кептіріп немесе суын сарқудың керегі жоқ.

Суда қайнату

- ◆ Сүт, тосап, бал тәрізді сұйық заттардың ішіне былғаныш нәрсе араласып кетсе таза суда өз

мөлшері сақталу шартымен үш қайтара қайнату арқылы тазалауға болады. Өйткені, мұндай жағдайда ластықтың құрамы өзгерген болып саналады.

- ◆ Аршылмаған ішек-қарын қайнаған суға тасталса қайтып тазалау мүмкін емес. Бірақ әлі қайнамаған суға тасталған ішек-қарынды артынан жуып жіберсе бүлінбейді.
- ◆ Бауыздалған бірақ, ішек-қарны алынбаған тауық, қаз, үйрек секілді құстарды қауырсынын тазалау үшін қайнаған суға салып, одан кейін іштегі ластық етке жайылып кетсе, ет бүлінеді. Сондықтан бауыздаған соң құстың ішін жарып, ішек-қарнын алып тастау қажет. Дегенмен бауыздалған құстың денесін ішіндегі ластық етке жайылмайтындай етіп ыстық суға салып алғанда, ет бүлінбейді.
- ◆ Ыстық судың ішінде біраз тұрып қалып бүлінген хайуан етін тазартудың жолы – хайуанның ішек-қарнын алып тастаған соң үш қайтара суда қайнату, әрбір қайнаған сайын суын төгіп тастау. Осылайша ет бойына сіңген нәжістен тазарған болып есептеледі.

Отқа қақтау

- ◆ Лас балшықтан жасалған құмыра, табақ секілді заттар бойында нәжістің ізі қалмайынша отқа күйдірілгенде тазарған есебі болады.
- ◆ Тезек секілді нәжіс нәрселер отқа жанып күл болғанда, олар да таза күйге енеді.

Сүрту арқылы тазарту

- ◆ Егер пышақ, шыны, тегіс тақтай секілді заттар былғанса ылғал немесе құрғақ дәкемен, шүберекпен сүртсе тазарған болып саналады. Тек былғанышты толықтай кетіру шарт. Нақышталып ойып жасалған бұйым түрлерін сүрту жеткіліксіз, мұндай заттар мұқият жууды талап етеді.

Қыру, жону немесе үгу

- ◆ Ішкіімге не көйлек-жейдеге, т.б. киімдерге тиген ұрық сұйықтығы (сперма) құрғап, кеуіп кетсе үгіп кетіруге болады. Одан қалған із намазға тосқауыл болмайды. Киімге тиген сұйықтық кеппеген болса мұны тек жуып кетіру жөн. Денеге тиген ұрық сұйықтығын құрғаса да жуып кетіру қажет.
- ◆ Тоңған майға нәжәсат түссе, сол тұсты жонып алып тастау арқылы тазалау жеткілікті.
- ◆ Аяқкиім, мәсіге жұққан нәжісті құрғақ болса үгіп, қырып тазартуға болады. Ал ластық ылғал болса жуып немесе таза шүберекпен жақсылап сүртіп тастау керек. Егер нәжәсат зәр немесе шарап секілді көзге көрінбейтін сұйық зат болса, былғанған тұсты мұқият жуу немесе сабындалған шүберекпен жақсылап сүрту қажет.

Нәжістің құрғауы немесе із-түзсіз жоғалуы

- ◆ Былғаныш жер және жерге отырғызылған ағаш, шөп секілді өсімдік дүниесі құрғау жолымен тазартылады. Бұл, күннің ыстығының, желдің, оттың көмегімен жүзеге асады. Осылайша құрғаған жерде намаз оқуға болады, бірақ тәяммүм жасалмайды.

Өйткені, мұндай жер таза болса да тазалауға жарамды болып саналмайды.

- ◆ Былғанған жерді ластықтың ізі кеткенше су сеуіп немесе бетіне жаңалап, топырақ төсеу арқылы тазартуға болады.

Су ағызу немесе судың тартылуы

- ◆ Ластанған нәрселерді ағын сумен немесе су құйып тазартуға болады. Шалшық суды сырттан ағатын ағын су арнасынан тасырса, онда бұл су таза саналады. Себебі, мұндай жағдайда шалшықтың суы ағын су есебіне жатады.
- ◆ Ластанған құдық суын шелекпен яки басқа тәсілмен құрғату арқылы тазарту қажет.

Құрамының өзгеруі

- ◆ Заты нәжіс немесе былғаныш нәрсенің химиялық құрамы өзгерсе тазарған есебі. Мәселен, шарап арнайы қоспа қосу арқылы сіркесуға айналса, тазарған болады.
- ◆ Былғаныш зәйтүн майынан сабын жасау оны тазартады. Керісінше былғаныш сүттен айран, ірімшік жасау тағамды тазартпайды. Себебі, мұнда заттың химиялық құрамы өзгермейді.

Бауыздау және теріні илеу

- ◆ Діннің талабы ескеріле отырып бауыздалған бүкіл жан-жануарлардың терісі, доңызды қоспағанда және тері, қан тағы басқа нәжәсатпен былғанбаған болса таза саналады. Мұндай теріге намаз оқи беруге болады.
- ◆ Доңыздан басқа бүкіл жануарлардың терісін діни талаптарға сай бауыздалмаған жағдайда да илеу

жолымен тазартып алуға мүмкіндік бар. Олай болса өлексенің терісін илеу арқылы тазартуға, сөйтіп әжетке жаратуға рұқсат етілген.

Ибн Аббастың (р.а.) айтуынша Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ардақты зайыбы Сәудә бинт Земаның ешкісі өліп қалғанда: *«Уа, Аллаһтың елшісі, біздің ешкі өліп қалды»*, – дейді. Пайғамбарымыз: *«Терісін неге алмадыңдар?»*, – деп сұрайды. *«Өлген малдың терісін қайтеміз?»*, – дегенде сүйікті Пайғамбарымыз: *«Терісін илеп бір игіліктеріңе жаратар едіңдер»*, – деп жауап қатқан екен. Сонда Сәудә анамыз біреуді жүгіртіп өлген ешкісінің терісін сыпырып алады. Өз қолымен илеп, торсық тігіп, оны тозғанша пайдаланған.

- ◆ Теріні илеудің екі жолы бар: 1. Тұз, ашудас секілді химиялық қоспалар мен дәрілік заттар қосу арқылы илеу; 2. Шартты илеу, яғни топырақ сеуіп немесе күнге, желге жайып қақтау арқылы өңдеу; Екі жолмен де иленген теріге намаз өтеуге болады.
- ◆ Заты нәжіс нәрсемен иленгені анық теріні үш қайтара жуып-шайса, тері таза саналады.





ҮШІНШІ ТАРАУ

**АС-СУДЫҢ
ТАЗАЛЫҒЫ**



ТАМАҚТАНУ ГИГИЕНАСЫ ТУРАЛЫ

Адамға көптеген ауру қоздыратын микробтар тазартылмаған көкөніс, жеміс-жидек, су, шикі піскен тағам түрлерінен жұғады. Сол үшін үйде ас әзірлейтін аналардың әсіресе, тамақ өнеркәсібі саласында жұмыс істейтіндердің мұқият болғаны абзал. Тамақтан улануға себеп болатын бактериялардың басты тасымалдаушысы – адамның өзі. Адамның аузы-мұрны, қолы, терісі, ішегі, нәжісі, т.б. бактерияларға толы.

Тұрмыста тұтынылатын азық-түліктің едәуір бөлігін сөзсіз ет, сүт өнімдері құрайды. Бұл өнімдер өз кезегінде бактерия ошағы болуы әбден мүмкін. Ит, мысық секілді үй жануарлары да бактерия жұқтырады. Шыбын-шіркей, тарақандар, тышқан секілді кемірушілер де микроб таратады. Ас үйдегі тағам қалдықтарын тастайтын ыдыс та микробтың нағыз ұясы. Жабық ыдыста сақталмаған, дер кезінде төгілмеген тағам қалдықтарына шыбын қонып, тарақан аралап, азық-түлікті ластауы, яғни микроб жұқтыруы заңды. Азық-түлікке микроб жұқпас үшін мынадай жайттарға мұқият болған жөн:

- ◆ Қол жуу;
- ◆ Мұрын тазалығы;
- ◆ Тырнақты қысқарту;
- ◆ Дәрет сындырған соң қолды мұқият жуу;
- ◆ Азық-түлікті арнаулы жабық ыдыстарда сақтау;

Адамның азық-түлікке түкірік, қақырық тигізу-ден сақтанғаны жөн. 1 грамм түкірікте жүз миллион, 1 грамм сіңбірікте он миллион бактерия жүреді. Адамдардың 30-50 пайызының мұрын қуысында тағамнан уландыратын «стафилококк (*stafilococcus aureus*)» бар екені көзі қарақты оқырманға белгілі болса керек. Бұл көрсеткіш аурухана қызметкерлері арасында 80-90%-ға дейін көтеріледі. Әдетте ауыз, мұрын және тыныс алу жолдарындағы бактериялар тыныс алу барысында, сөйлегенде ауаға тарайды. Жөтелгенде, түшкіргенде, дауыстап сөйлегенде мұның көлемі тіптен арта түседі. Күшті жөтел қысқанда ауыздан 5000 тамшы, ал түшкіргенде 1000000-нан астам тамшы ауаға тарайды екен. Бұл тамшылар ауада бірнеше сағат тұрақтайды. Дастарқан басында түшкіру, жөтелу арқылы ауыздағы, тыныс алу жолдарындағы бактерияларды тамаққа оп-оңай жұқтырамыз.

Сондай-ақ, үй жануарлары мен шыбын, тарақан, кемірушілер микроб жұқтырмас үшін азық-түлікті, суды жабық ыдыстарда ұстаған жөн. Бірақ, адамдардың барлығы бірдей қолайлы жағдай жасалған үйлер мен пәтерлерде тұрмайды. Тұрмыс жайымен жер үйде, киіз үйде үй жануарларымен, шыбын-шіркеймен және кемірушілермен қоян-қолтық өмір сүретін адамдар да аз емес. Түрлі жәндіктерден микроб жұқтырудың алдын алу үшін мұндай шарттарда өмір сүретіндердің азық-түлікті жабық ыдыста ұстауға аса мән бергені жөн. Қала берді пәтерлер мен үйлердегі тарақандар бізбен табақтас болып ашық қалған тамақпен, ас қалдықтарымен қоректенеді. Сондықтан сақтық шара-

лары ретінде азық-түліктің, қалдық салынған ыдыстың беті үнемі жабық тұруы, бұзылған ас қалдықтары дер кезінде сыртқа шығарылып, төгілуі тиіс.

Қолды жуу, мұрынды таза ұстау, тырнақты алу және дәрет сындырған соң қолды жақсылап жуу туралы Пайғамбарымыздың ақыл-кеңестері тағамның тазалығында профилактикалық шара ретінде өте маңызды. Бұл жерде Пайғамбарымыздың тамақты микробтардан қорғау туралы хадистерін еске салғанды жөн көрдік: *«Ыдыстардың бетін жабық ұстаңдар. Торсықтардың аузын байлаңдар. Себебі, жылдың бір түнінде оба келеді. Қақпағы жабылмаған немесе аузы байланбаған ыдысқа оба жұқпай қоймайды»* делінген.

Оба бүрге арқылы жұғумен қатар оба жұқтырған адамның өкпесі қабынса, жөтелмен, түшкірумен ауаға тарап өзгелерге де жұғады. Ертеректе обамен ауырып өкпесі қабынған адам міндетті түрде дүние салатын. Еуропада бір дәрігер өзінің латынша жазған хатында бір түнде төрт мың адамның обадан қайтыс болғанын жазады. Міне, оба келгенде ауамен кең жайылып осындай эпидемиялық сипат алатын. Хадисте ыдыстарды жабық ұстау сөз болады. Тек оба ғана емес өзге де ауру қоздырғыштар ауамен тарап, ашық ыдыстағы азық-түлікке қонуы мүмкін. Беті ашық ыдыста тамақ тасыған кезде байқаусызда түшкіріп қалсаң болғаны, тамаққа ауамен микроб қонуы ғажап емес.

Көптеген жұқпалы ауру түрлері адамға ішкен судан, жеген тамақтан жұғады. Олай болса, суды, тамақты микробтардан таза ұстауға, қажетті гигиеналық талаптарды сақтауға көп көңіл бөлген жөн.

Аллаһтың атын ауызға алмай сойылған малдың етін жеудің үкімі

Адамзат жан-жануарларды азық қылу үшін және басқалай әжетке жарату үшін сояды. Өйткені, бұған Аллаһ тағаланың өзі рұқсат еткен.

Жан-жануарларды сойғанда Аллаһтың атын ауызға алу дегеніміз – өлімнің Аллаһтың құдіреті әрі ықтиярымен болатынын еске түсіру. Сол себепті де Аллаһтан басқаның атымен сойылған малдың етін жеуге тыйым салынады. Өйткені, өмір беру және өлтіру бір Аллаһтың құдіретінде. Бұлай тыйым салу, сойыс малына Оның рұқсаты мен есімі арқау етілмегендіктен, сондай-ақ, пұтқа табынушылықтың тамырына балта шауып тәухидті нық орнату, яғни бір Аллаһты ұлықтау мақсатында жасалған.

Құран: *«Ол сендерге өлексе, қан, доңыз еті және Аллаһтан басқаның атына сойылған хайуанның етін харам қылды. Кімде-кім мәжбүр қалған жағдайда өзгенің құқын аяққа таптамай және зәрулік мөлшерінің шегінен шықпай бұлардан жесе, күнә жазылмайды. Аллаһ тым кешірімшіл, асқан мейірбан»*¹⁰⁷, – дейді. Міне, сондықтан Аллаһтың атын айтпай сойған малдың етін жеу харам.

Доңыз етінің харам болу себебі мен хикметі

Ішімдік ішу, зинақорлық жасау және доңыздың етін жеу секілді тыйым салынған нәрселерден бойды аулақ ұстау да ораза, намаз секілді құлшылыққа жатады. Ғибадаттың қай түрінің болмасын мұраты – Аллаһтың әмірін орындау, ал нәтиже – Аллаһтың разылығы.

¹⁰⁷ «Бақара» сүресі, 2/173

Яғни, Аллаһтың әмірін орындаған соң нәтижесін ақиретте күту. Біздер парыз-амалдарды тек Аллаһтың әмірі болғаны үшін орындаймыз және тыйым салынған нәрселерден тек Аллаһтың қалауы сол болғаны үшін бойды аулақ ұстаймыз.

Аллаһ тағала шексіз билік иесі болуымен қатар, даналықтың да иесі, Оның әрбір бұйрығы мен тыйым салған істерінде мың бір хикмет пен пайда бар. Аллаһ тағала ешқашан әбес, ұшқары қимыл жасамайды. Осыған орай, доңыз етінің харам болуының кейбір хикметтерін, жалпы алғанда медицинаға қатысты бұл тақырыпта көпшілігіміз білетін бірсыпыра энциклопедиялық мәліметтерді келтіруді жөн көрдік.

Доңыздың денесінде бірсыпыра паразит, мәселен, жұмыр құрт – трихина тіршілік етеді. Трихина доңызда әрі личинка әрі ересек құрт күйінде кездеседі. Ол кез-келген уақытта кистаға айналуға қабілетті. Етті тұтынуға дайындау кезінде өлмейтін, яғни жоғары температураға төзімді трихина дәрінің капсуласы секілді қабық түзіп, тіршілікке қабілеттілігін ұзақ сақтай алады. Әдетте доңыз еті арқылы жұғатын трихина адамның иммундық жүйесі, жүрегі мен орталық жүйке жүйесін уландырады. Бұдан келіп трихинеллез, қатерсіз ісік ауруы секілді аурулар туындайды. Дәрігерлердің айтуынша, киста күйінде асқазанға түскен паразит әуелі асқазан сөлімен қорытылып, аш ішекке барып түседі. Аш ішекке түскен бір ғана құрт үш-төрт күннің көлемінде 1500-ге жуық личинка туады. Аш ішектен лимфаға енген личинкалар қан тамырларымен бүкіл денеге тарайды да бұлшық еттерге еніп, орнала-

сады. Күні бүгінге дейін жасалған зерттеулерде трихинаны жоюдың не болмаса зарарсыздандырудың тәсілі табылмағанға ұқсайды. Статистикалық мәліметтер бойынша, доңыз етін тұтынатын адамдар санатында трихина себепші болатын аурулар көрсеткіші тым жоғары екен.

Сондай-ақ, доңыздың етін жеу арқылы адамда жаңа табиғи түйсік пайда болуы мүмкін, яғни адамның мінез-құлқы өзгеріп, жан дүниесінің суалуы ықтимал. Доңыздың басты ерекшеліктерінің бірі – бойында қызғаныш сезімінің болмауы. Мұның адамға тигізер зардабы трихинадан да өткір. Жалпы бұл мәселеге нүкте қойылған жоқ. Асылы, ешқандай мәселеде иләхи кәламнан (сөзден) артық сөз айту мүмкін емес. Сол себепті доңыз етінің харам болу себептері ретінде бүгінгі күні ғылымда әлі зерттеліп үлгермеген мәліметтер алға тартылуда. Күні ертең оның тағы қандай кемшіліктері жарыққа шығарын кім білсін? Қалай болғанда да мәселені «зиянды болғаны үшін харам» деген тұрғыдан біржақты қарастыру қате әрі орынсыз. Доңыз етін жеу – Аллаһ тыйым салғаны үшін харам. Сондықтан күндердің күнінде біреулер «күллі зиянды қасиеттерін құрттық» деп жар салса да аталған үкімде өзгеріс бола қоймайды. Өйткені, сол уақытта белгілі болған мәліметтерге сүйене отырып мәлімдеме жасалады. Ал бұл өткінші, тек сол күннің шындығы болғандықтан доңыз бәрібір тұтастай таза саналмайды.

Теңіз өнімдерінің қайсысы халал?

Ғалымдардың көпшілігі «теңіз жануарлары – халал» деген пікір білдірген. Тек құрлықта өмір сүретін доңыз, ит секілді еті харам хайуандармен аттас теңіз жануарлары жайлы қарама-қайшылық туындаған. Кейбіреулер бұларды халал десе, енді бір топ оны халалға жатқызбаған. Имам Мәлік теңіз шошқасын мәкрүһ деп есептеген.

Теңіз жануарларын тұтастай халал дейтін ғалымдар: *«Сендерге пайда және азық ретінде әрі жоллаушыларға сапарда азық болсын деп теңіз мақұлығын аулауға, жеуге рұқсат берілді»*¹⁰⁸, – деген аятты дәлел келтірген.

Ханафилер бойынша, теңіз жануарларынан балықтың кез-келген түрі жеуге жарамды. Балықты бауыздаудың қажеті жоқ, алайда суда өздігінен өлген балықты жеуге болмайды. Толқынның жағаға ұруымен қайраңда өлген, таспен соғып алу, ау, қармақ салу жолымен ауланған балықтар жеуге жарамды. Басқа теңіз жануарлары жеуге тіксіндіретін болғандықтан немесе бауыздалмағаны үшін өлексе саналғандықтан жеуге жарамайды.

Теңіз жануарларынан балықты және құрлық жәндіктерінен шегірткені қоспағанда бауыздаусыз өлген хайуандар өлексе санатына кіреді. Алайда бауыздалмаған балық пен шегірткені жеу халал. Себебі, теңіз суы туралы сұрағанда Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Теңіздің суы таза, өлекесі халал»*¹⁰⁹, – деп жауап қатқан.

¹⁰⁸ «Маида» сүресі, 5/96

¹⁰⁹ Әбу Дәууд, Таһарат, 41; Нәсаи, Таһарат, 46; Тирмизи, Таһарат, 52

«Теңіз мақұлығын аулауға және оны жеуге рұқсат берілді» деген аяттағы «тағам» сөзін хазірет Омар мен Ибн Аббас «бауыздаусыз өлген теңіз жануары» деп түсіндірген.

Бауыздау мүмкін болмағандықтан шегірткені бауыздаусыз жей беруге болады. Ибн Әби Әуфаның: «*Аллаһ елшісімен бірге шегіртке жей жүріп жеті жорық жасадық*»¹¹⁰, – деген сөзі бұған дәлел.

Маргарин майын тұтынуға бола ма?

Тағамның кез-келген түрінің мүбаһ болуы оның діни тұрғыдан жарамдылығына байланысты. Осыған орай доңыздың майы, еті, сүйегі, т.с.с. қосылған тағамды жеуге тыйым салынады.

Маргариндерге келсек, олардың құрамында хош иіс беретін эссенция (ароматты көміртектер) бар. Бұл эссенция спирттің көмегімен алынатын болса, мұндай қоспасы бар маргаринді жеуге болмайды.

Мамандардың айтуынша, маргариндер 40°C температурада еритін көрінеді. Ал адам денесінің қалыпты температурасы 36-36,5°C құрайды. Маргаринді сіңіру үшін ағза шамадан тыс күш жұмсайтын болады не болмаса қан тамырларының тарылу қаупі туындайды.

Қорыта айтқанда, маргариннің құрамында діни тұрғыдан қажетсіз деп табылған қоспалар болмаса, жеуге, тамаққа пайдалануға жарайды. Десек те профилактикалық медицина тұрғысынан ағзаға тигізер зиянын үнемі ескеріп отырған абзал.

¹¹⁰ Тирмизи, Әтғиме, 22; Бухари, Зәбаих, 13; Нәсәи, Сайд, 37

Тауықты бауыздағанда, қауырсынын жұлғанда қандай талаптар сақталуы қажет?

Біріншіден, тауықты бауыздау мәселесіне келсек, бұл туралы Құранның үкімі мен Пайғамбарымыздың сүннеті айқын, бауыздағанда Аллаһтың атын айту керек. Құран: *«Аллаһтың атын ауызға алмай сойғандарыңды жемеңдер!»* – дегенді жиі-жиі ескерткен. Тауықты бауыздау кезіндегі көңілге күдік ұялататын жайттардың бірі де осыған тікелей қатысты.

Қазіргі таңда құс фабрикаларының түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданатыны шындық. Бірсыпыра құс өсіруші кәсіпкерлер тауықты біртекті етіп қолмен бауыздатса, енді біреулері автоматты машинаның көмегіне жүгінеді. Бұл екі жағдайда да бісіміллә айтылуы шарт. Алайда қол еңбегін пайдаланатын құс өсірушілер әр тауықты бауыздағанда бісіміллә айтудың мүмкіншілігі жоқтығын екі секундта үш тауық бауыздайтындардың бұған шамасы келмейтінін, үлгермейтіндігін алға тартады. Ислам құқық кітаптарында осыған ұқсас жағдайларда бісіміллә айту ұмытылса, сойылған малдың еті халал болатындығы баяндалған. Яғни, қасап үзбей бауыздаған 100 тауықтың екі-үшеуіне «бісіміллә» айтуды ұмытса немесе үлгермесе бұл түсінерлік жай. Дегенмен бісімілләні еш ауызға алмау аяттың әміріне құлақ аспау болып табылады.

Автоматты машинамен бауыздағанда әр тауыққа бісіміллә айту техникалық тұрғыдан мүмкін де емес. Өйткені, конвейерлік жүйемен үзбей келіп тұрған тауықтар айналмалы (дөңгеленген) пышақпен, яғни

адам қолының қатысуынсыз бауыздалады. Сонда Аллаһтың атын ауызға қашан және қалай аламыз?

Бұл мәселеге салыстырмалы түрдегі ұқсас жағдайды фикх кітаптарында аңшылыққа байланысты үкімдер баяндалған бөлімдерден табуға болады. Мәселен, бір оқпен бірнеше құсты атып алған аңшының бүкіл олжасы халал. Себебі, оқ атқанда ауызға алынған бісміллә атып алынған бар құсқа жеткілікті. Онда салыстырмалы түрде автоматты машинаның тетігін қосқанда айтылған «бісміллә» машина жұмысын доғарғанға дейін сойған тауықтарға жеткілікті болса керек. Аллаһтың атын ауызға алудан түбегейлі бас тартқанша, тым құрыса машинаны қосқан сайын бісміллә айту арқылы мұны діни негізі бар мәселе деңгейіне көтеруге болады.

Тауықтардың қауырсынын жұлғанда да түрлі тәсілдер қолданылады. Әдетте бауыздалған тауықтар ыстық су толы астауларға малынып, қауырсындары желім оқтаулармен жұлынады. Мұнда екі нәрсеге мән берген жөн: біріншісі, судың температурасы, екіншісі тауықтың суда ұсталған уақыты.

Тауықты қауырсыннан тазарту кезінде қолданылатын судың температурасы ет пісіретіндей ыстық болмауы тиіс. Әйтпесе қайнаған судың әсерінен босаған теріден, кеңірдек пен бөтегеден тауықтың денесіне нәжәсат сіңіп, етті бүлдіреді. Сондықтан судың температурасы 50-55°C-тан аспауға тиіс. Тауықтың терісін жұмсартып, қауырсынын жұлу үшін суды бүркіп шашқан дұрыс. Бұл тәсіл сақталмаған жағдайда тауық алдыңғылардың нәжісімен былғанған астауға батырылатын болса, мұны мүбаһ деп қабылдау қиын. Егер

тауық конвейерлі таспада жеткізілсе, тауыққа бүркілген су тауықтың астындағы таспада бірікпей ағып кететін болуы шарт.

Қазіргі таңда сауда саласындағы бәсекелестік өндірушілерді тұтынушының пікірімен санасуға мәжбүрлейді. Демек, қоғам өмірінде бұрыс немесе тиімсіз деп тапқан мән-жайларды өзгертуге күшқайрат жұмсасақ әрі қойылып отырған талабымызда табанды екенімізді дәлелдесек, «Көп қорқытады, терең батырады» дегендей, біздің талабымыз да ескерілетін болады.

Малды бауыздағанда не нәрсеге мұқият болған жөн?

Еті жеуге жарайтын құрлық хайуандары қолға үйретілген үй жануарлары және оңай қолға түспейтін жабайы аңдар болып екіге бөлінеді. Бірінші топтағыларды бауыздауда діни тұрғыдан бірқатар талаптар сақталуы шарт:

1. Бауыздау малдың тамақ тұсын кесіп қанын ағызатын өткір құралмен жүзеге асырылуға тиіс. Бұған темір, ағаш немесе тастан жасалған құралдар жарамды. Пайғамбарымыздың Адий ибн Хатимге: *«Қанды қалаған нәрсеңмен ағыз және Аллаһтың атын ата!»*¹¹¹, – дегені осыған дәлел.

2. Бауыздалған малдың алқымы, яғни өңеші, кеңірдегі және мұның екі жағындағы күре тамырлар кесілуі керек. Ханафилерде аталғандардың үшеуінің кесілгені жеткілікті саналады.

¹¹¹ Әбу Дәууд, Әдахи, 15; Ибн Мәжә, Зәбаих, 5; Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 4/256

Мал ыңғайсыз құлап немесе қолға түспей қашып, бауыздау мүмкін болмаса, оның кез-келген мүшесінен қан ағызу бауыздаудың орнына жүреді. Пайғамбарымыздың заманында қашып жеткізбеген түйені оқпен атып алған екен. Аллаһ елшісі осыны құптаған әрі мұндай жағдайларда дәл осылай істеуді бұйырған.

Тауықсекілді құстарды бауыздаған соң қауырсынын жұлу оңай болуы үшін денесі ыстық суға батырылса, тауықтың тек терісі былғанады. Ал былғанған теріні жуып тазартып алу тез.

3. Бауыздаған кезде Аллаһтан басқаның атын атамау және Одан басқасы үшін құрбан шалмау;

4. Малды бауыздаған кезде Аллаһтың атын айту. *«Оның аяттарына (нышандарына) иман еткен болсаңдар Аллаһтың аты ауызға алынған нәрсені ішіп-жеңдер!»*¹¹², *«Аллаһтың аты ауызға алынбаған нәрсені жемеңдер!»*¹¹³ деген аяттар мен *«Қаны ағызылған және бісміллә айтылғанды жеңдер!»* деген мағынадағы хадистер осыны міндеттейді.

Бауыздағанда қойылатын талап, малды қинамай тезірек жан тапсыруын қамтамасыз ету. Пайғамбарымыздың малды мүйіз немесе тіс секілді доғал құралдармен союға тыйым салуы, пышақты малдың көзінше қайрап білемеуді тапсыруы жоғарыда аталғандарды меңзейді.

Малды сойған адамның мұсылман немесе әһли кітап болуы шарт. Кітап иесі деп иудейлер мен христиандар секілді негізі хақ болып, жүре келе бұрмалан-

¹¹² «Әнғам» сүресі, 6/118

¹¹³ «Әнғам», 6/121

ған дін өкілдерін айтады. Бұлар Исламда әу бастан хақ дінге иланбаған мүшріктер мен пұтқа табынушылардан ерекшеленіп, олардың ас-суы мұсылмандарға халал саналған. *«Бүгін сендерге таза және пайдалы нәрселер халал қылынды, кітап иелерінің ас-суы сендерге, сендердің тағамдарың оларға халал»*¹¹⁴, – деген аят жалпылама мағынада айтылғандықтан, доңыз, арақ-шарап, өлексе секілді заты харам нәрселерден басқаның бәрі қамтылады.

Мас қылатын барлық нәрсе харам

Ислам дінінде, аз немесе көп мөлшерде болсын мас қылатын барлық ішімдіктер харам. Мас қылатын ішімдіктерді аз ғана ішкенде масаймайды, ендеше аздап ішуге болады деген сыңаржақ пікірлер мүлдем қате. Мас қылатын ішімдікті ішіп әуестенетіндер басында аздап ішкенімен ағзасы ішімдікке бейімделіп, уақыт өте ішуді ұлғайта түсетіндігі баршаға мәлім. Сондықтан да дініміз мұны әу бастан тыю мақсатында ішімдіктің азын да көбін де харам еткен. Осыған қатысты пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Көбі (көп ішкенде) мас қылатын нәрсенің азы да харам»*¹¹⁵, – деген.

Құрамында алкоголь бар дәрі-дәрмекпен емделу туралы

Бірде шарап туралы сұраған кісіге Пайғамбарымыз (с.а.с.) ішімдікке тыйым салынғандығын айтты. Әлгі кісі: *«Мен оны емдік мақсатта ғана қолданамын»*, – дегенде, Пайғамбарымыз: *«Ол – дәрі емес, қайта*

¹¹⁴ «Мәйдә» сүресі, 5/5

¹¹⁵ Мұслим, әл-Әшрибә 73-75; Әбу Дәууд, әл-Әшрибә 5;

дерт»¹¹⁶, – деген. Осы хадиске сүйенген ғұламалар алкогольді емдік мақсатта да қолдануға тыйым салған. Ал енді құрамында алкогольі бар дәрі-дәрмекке келер болсақ, ауруды емдеу үшін басқа жол жоқ болса және құрамында алкогольі бар дәрі-дәрмекті мұсылман дәрігер ауруға рецепт ретінде жазса, зәрулік қағидасы негізінде мұндай дәрі-дәрмекті емдік мақсатта қолдануға жарайды¹¹⁷.

Шылым шегудің зияндылығы туралы

Темекі XVI ғасырда Америкадан Еуропаға, одан мұсылман елдеріне тарай бастады. Осы уақыттан бастап Ислам ғұламалары темекіге қатысты түрлі пікір білдірген.

Темекінің денсаулыққа зиян екендігіне қазіргі уақытта ешкімнің күдігі де, таласы да болмаса керек. Темекінің ағзаға зиянды бөлігі – никотин болып табылады. Никотин – өте улы алколойд. Ауыз арқылы енетін 1-2 грамм никотин адамды өлтіріп те жіберуі мүмкін. Денсаулық тұрғысынан темекі түтінінің зияны өте жоғары. Темекі тұтатылған сәтте 6000 мыңға жуық зиянды заттар пайда болады екен. Бұлардың бір бөлігі майда түйіршіктер, бір бөлігі газ ретінде, ішке тартылған әрбір тыныста 300 000 мыңнан 3,5 миллиардқа дейінгі мөлшерде майда зиянды түйіршіктер өкпемізге жетеді. Бір уақыттағы, бір күндегі, өмір бойы тартатын темекі санын есептесек, өкпеміздің халінің қаншалықты болатындығын көзге елестетудің өзі қорқынышты.

¹¹⁶ Мұслим, әл-Әшрибә 12; Әбу Дәууд, әт-Тыбб 11

¹¹⁷ Хайреддин Караман, 41-43

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек дамыған елдерде денсаулық сақтау мәселесінде ең негізгі қоғамдық іс-шара – темекіге қарсы күрес. Салауатты өмір салты үшін жүргізілген осындай науқандар нәтижесінде дамыған елдерде темекі шегетіндер саны азайғанымен дамушы елдерде темекі шегетіндер саны жыл өткен сайын ұлғаюда. Біздің қоғамымызда да темекі мен есірткінің шырмауына түскендер көбеймесе азаяр емес.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, әлемде жыл сайын 3 000 000 адам темекі салдарынан өмірімен қош айтысатын көрінеді. Демек бұл – әрбір он секундта бір адамның өлуі деген сөз. АҚШ-та осы көрсеткіш – 435 000, әрбір 5 өлім оқиғасының біреуі темекі салдарынан орын алуда. Рак ауруынан көз жұматындардың 30 пайызы темекі салдарынан болады екен. Әдетте темекі тартатындар осындай статистикалық мәліметтерді елегісі келмей «темекі шекпейтіндер де өліп жатыр» деп өздерін алдап жұбатуға тырысады. Дегенмен, темекі шегетін адамдар арасында шекпейтіндерге қарағанда өлім қаупі екі есе жоғары екендігі анықталған. Осы тұрғыдан темекі шегетін әкеден туылған баланың организмінде рак ауруына қарсы тұратын гендері өлі туылады екен. Ал екіқабат кезінде темекі шеккен әйелдердің балалары туылғанда 10-15 пайызға салмағы кем, ой-өрісі де дәл осындай мөлшерде кем қалпында дүниеге келетін көрінеді¹¹⁸.

Қазіргі таңда темекі индустриясының дамығаны соншалық, темекі өндіріп сататын әлемдік алпауыттар

¹¹⁸ Global Status Report, Tobacco or Health. Bulletin 1997; 75(5).

кейбір дамушы елдердің ұлттық табысынан әлдеқайда көп табыс табатындығы жасырын емес. АҚШ-тың бір жылдық темекі саудасы 47 миллиард долларды құраған. Алайда, темекі шегу салдарынан туындайтын зиянның мөлшері тапқан табыстан бірнеше есе үлкен екендігін ескергенде, бұл дерттің қаншалықты қорқынышты деңгейге жеткендігін байқау қиын емес¹¹⁹. АҚШ секілді темекі саудасында трансұлттық компаниялары ғаламат табыс тауып жатқан елдің зияндары осыншалықты артса, дамушы елдердің жағдайының қаншалықты дәрежеде екендігін түсіну қиын болмас¹²⁰.

Шылым шегуге қатысты діни үкім

Темекі шегуге қатысты діни үкім жасаған ғұламалардың пікірлері бірнеше топқа бөлінген.

1. Темекінің мүбаһ екендігін, шарифатта бұған қатысты ешқандай тыйым салынбағандығын және денсаулыққа зияны жоқ екендігін алға тартқандар; Осыған қатысты дереу жауап бере кетсек, қазіргі таңда ғылымның бізге берген мәліметтері бойынша темекінің денсаулыққа зияндылығы түпкілікті дәлелденген, күдік тудырмайтын ғылыми шындық. Шарифатта тыйым салынбағандығына келер болсақ, мұндай тыйым салушы үкімдер «қияс» яғни, салыстырмалы түрде берілер еді.

2. Темекінің мәкрүһ екендігін алға тартатындар; Бұлардың сүйенетін дәлелі шарифатта анық түрде

¹¹⁹ Prochaska JO6 Goldstein MG. Process of Smoking Cessation. Clinics in Chest Medicine. 1991; 12 (4): 727-736.

¹²⁰ Шериф Али Текалан, Чағын өлүм тузақлары, 48-130

тыйым салынбаған нәрсеге харам деп үкім тағудан тартыншақтауынан туындауда.

3. Темекі шегу, әсіресе темекіге салынып кетуді харам деп есептейтіндер; Бұл топтың сүйенетін дәлелдері, денсаулыққа зияны, ысырап екендігі және жанұяның нәпақасына масыл болатындығына байланысты осылай үкім жасаған. Ендеше осы үкімді жанжақты қарастырайық.

А) Зияндылығы тұрғысынан, темекі шегуші де, жанында тұрған жан да денсаулықтарына зиян келтіретіндігі айдан анық. Осыған қатысты ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Тікелей яки жанама түрде зиян тигізуге болмайды»*¹²¹, – деп, зиян келтіруге тыйым салған. Мұнымен қоса, *«Өз қолыңызбен өзіңізді қауіпке душар қылмаңдар»*¹²² және *«өз-өздеріңді өлтірмеңдер»*¹²³ деген аяттар арқылы Раббымыз құлдарына өз-өзіне зиянды нәрселер жасаудан аулақ болуды бұйырған.

Б) Ысырап болуы тұрғысынан, *«Ішіп-жеңіздер, алайда ысырап жасамаңыздар»*¹²⁴ деген аят және *«Пайғамбар (с.а.с.) мал-мүліктің босқа жұмсалуына тыйым салды»*¹²⁵ деген хадис негізінде ысырап жасау харам болып табылады.

В) Нәпақаға масыл болуы тұрғысынан, жанұядағы барша жанның нәпақасын табу отағасына міндетте-

¹²¹ Ахмад, Мүснәд 5/327; Муватта, әл-Ақдиә 31; Ибн Мәжә, әл-Аһкам 17

¹²² Бақара сүресі, 2/195

¹²³ Ниса сүресі, 4/29

¹²⁴ Ағраф сүресі, 7/31

¹²⁵ Бухари, Зәкат 18, Хусумат 3, Итисам 3

летін іс. Осы тұрғыдан да нәпақадан жырып, темекіге ақша жұмсау харам болып табылады.

Қорыта келгенде, осы үш себептің біреуі болса да темекі шегу харам болып табылады.

Бұған қоса, «Мысырдағы «әл-Әзһар» университетінің жанындағы «пәтуа комитеті» 1979 жылы темекіге «харам» деп пәтуа шығарған. Сондай-ақ, «әл-Әзһар» университетінің бұрынғы шейхул-әкбары Жәддул Хақ Али Жаддул Хақ, Мысыр республикасының бұрынғы мүфтиі Насыр Фәрид, заманымыздың Атия Сақр, Юсуф Қарадауи сынды бірқатар ғалымдары да харам деп пәтуа берген»¹²⁶

Тазалықта тым секемшіл болу

Уәсуәсә (шектен тыс шүбәлану, секемдену) – шайтанның мүминдерге істейтін ең соңғысы айласы. Ғибадат жасауға жаңадан ден қойып жүргендерде әдетте уәсуәсә болмайды. Бұл көбіне шын көңілден дінге бой ұрған діндар жандарда ұшырасады. Шайтан иман турасында да адам ойына жиі күдік салып, арпалысқа түсіруі мүмкін.

Уәсуәсәнің дерт болып жабысуы дегеніміз бұл – әлдене жайында адамның егжей-тегжейлі ойланып, әуре-сарсаңға салынуы. Уәсуәсәмен әбігерленуші адамға түбегейлі түсіндіріп, жөнін айтқан дұрыс. Мәселен, біреу дәрет алғанда басына мәсіх тартқанына күмәнданса және мұндай жағдай жиі қайталанса «мәсіх тарттым» деп намазын оқығаны жөн. Намазды үш немесе төрт рәқағат оқығанынан жаңылатындар, егер уәсуәсә күнделікті қайталанып тұрса «төрт рәқағат

¹²⁶ Қ. Жолдыбайұлы. Дін мен діл. Б. 90. Алматы, 2010.

оқыдым» деп бітіргені абзал. Нәпсінің санаға салған күмәніне осылайша қарсы тұру керек. Өйткені, уәсуәсә жіберу арқылы шайтан адамның тынышын алып, құлшылығын әбігерлікке айналдыруға тырысады.

Уәсуәсәдан құтылудың жолы секемденген нәрсе туралы қайта-қайта ойлауда емес, оған қарсы тұруда. Еш абыржымастан жаңылысқан болса да «әйтеуір хак мазхабтың біреуіне сай келер» деп ғибадатты аяқтаған абзал. Уәсуәсәдан құтылған соң құлшылықты бәз-баяғы қалпынша жалғастыруға болады.

Тазалықта шектен шығу

Тазалықта шектен шығу дегенді де оқырманға түсіндіре кеткен артық болмас. Ғалымдардың пікірінше, тазалықта шамадан тыс кету өз кезегінде өте машақатты іс. Зерттеулерге сүйенсек балалық шақта, яғни организмнің қалыптасу кезеңінде кірден, микробтан қатты сақтанғандарда жүре келе астма (демікпе) не өзге де аллергиялық және аутоиммунды ауруларға жоғары бейімділік байқалады екен.

Мамандар осы кезге дейін астманың пайда болу және өршу себебін қоршаған ортаның, ауаның ластануынан деп түсіндіріп келген. Тыныс демікпесі (бронхиальная астма) бұл – тыныс алу жолдарындағы асқынған аллергиялық ауру және өкпедегі ұсақ бірліктердің бейбастақ иммундық реакция беруінен ұстайды. Мәселен, Польшаның ауасы ластанған көптеген қалаларынан Оңтүстік Швецияның климаты әлдеқайда тәуірірек. Дегенмен, онда астма және өзге аллергиялық аурулар Польшадағыдан әлдеқайда көптеп ұшырасатын көрінеді.

Лондон Гигиена және тропикалық медицина мектебінің эпидемиологы Дэвид Страчанның айтуынша, әдетте үлкен отбасынан шыққан балаларда аллергиялық тұмау, балалар экземасы, астма секілді аурулар сирек кездескен. Дәрігер мұның себебін «ойын балалары салдыр-салақ болып түрлі инфекцияларды үйге әкеледі, сөйтіп кішкентай бауырларында иммунитет қалыптастырады», – деп түсіндіреді.

Чарлотсвайл Вирджиния университетінде қызмет істейтін астма маманы Томас Платс Милстің айтуынша, Американың шалғай аудандарында балалар жұқпалы аурулармен ерте жастан ауырады екен, сондықтан осы өңірлерде астмамен ауырудың жоғары қаупі байқалмаған.

Д. Страчанның пікірінше, белгілі жас аралығында бастан кешкен инфекция адамда өсе келе пайда болатын аллергиялық сезімталдықтың алдын алады.

Қазіргі таңда гигиена саласындағы ғалымдар шамадан тыс тазалықтың адамның иммундық жүйесіне тигізетін зардабын анықтау бағытында жұмыс істеуде. Мамандардың ендігі мақсаты – адам денсаулығына қандай гигиенаның зияны күштірек екенін анықтау.

Балалар арасындағы жұқпалы аурулар мәселенің тек бір жағы ғана, мұның екінші жағын тіршілік ортасы адам ағзасы болып табылатын микробтар құрайды.

Лондон Университетінің қызметкері, бактериолог Джон Стэнфорд Хук кірдің құрамында бактериялардың ерекше түрлері өмір сүретіндігін және оның арамыздағы ластау кісілерді астма, аллергиялық тұмау тағысын тағы аурулардан қорғайтынын жазады.

Батыста адамдар уақытының тым аз бөлігін үйден және жұмыс орнынан тысқары жерлерде өткізеді, яғни табиғат аясына көп шықпайды. Мұндай жағдайда микробтың организмге ену ықтималы төмендейді. Батыстықтардың астма және өзге де аллергиялық ауруларға шалдығу қаупінің тым жоғары болу себебін бәлкім осыдан іздегеніміз жөн шығар.

Қазіргі таңда адамды қоршаған ортадан толықтай оқшаулаған, стерилді (зарарсыздандырылған) шамадан тыс гигиеналық өмір салты бар. Дегенмен, адамның иммундық жүйесі қоршаған ортамен қарым-қатынасқа әбден мұқтаж. Біздер күнделікті тұрмыста бактериялар мен вирустарға ұшыраспасақ, оларды жасанды жолмен организмге егуге мәжбүр болуымыз мүмкін. Өйткені гигиена талаптары денсаулығымызды біршама сақтаса да ішінара пайдалы жақтарынан мақұрым қалдырады. Сондықтан, аутоиммунды және аллергиялық аурулар пайда болады.

Адамның иммундық жүйесін қайта үйрету арқылы астма, т.б. аллергиялық сырқат түрлеріне қарсы екпе (вакцина) табу жолында жаңа зерттеулер жүргізілуде. Оксфорд университетінен Джулиан Хопкинс деген ізденуші астмамен, аллергиялық тұмаумен ауыратын қырық адамға микробактерия вакцинасын егіп, бақылау жүргізуде. Егер гигиенашылардың дегені дұрыс болып, сәтті шықса қолда бар вакциналарды қайта қарау, сондай-ақ, көптеген жаңа вакциналар жасап шығару қажеттігі туындайды. Мұндай жағдайда гигиена тұрғысынан микробтарды қатаң бақылауға алған батыстықтардың да бастапқы пікірлерін өзгертуге мәжбүр болары анық.

Мәселен, тазалық ауруымен өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ғалымдарының бірі шейх Әбу Саид деген кісі де ауырған. Бұл кісі ешкімге қолын ұстатпайтын, өзгелерге де қол тигізбейтін жан екен. Үйінде күндіз-түні монша жағып, күніне тоғыз мәрте шомылған көрінеді. Уәзірі Әбу Саидтің жайын патшаға жеткізгенде патша онымен жүздескісі келеді. Сонда уәзір тұрып: «Тақсыр, ол келмейді, мұнда келсе сарай әдебі бойынша өзін қолтықтан сүйеуге, оған сіздің құзырыңызда шашақты сүюі қажет болады. Ол шейх бұлардың бірінде істей алмайды», – депті. Патша Әбу Саидті көру үшін қалыптасқан қағидаларды алып тастайды. Осылайша сарайға бас сұққан Әбу Саидке: «Жастарды білім нәрімен сусындатқаныңыз үшін Аллаһ сізге разы болсын», – дейді. Дереу уәзіріне бұрылып: «Шейхтің күндік жалақысы қанша?», – деп сұрайды уәзір: «Жүз ақша», – деп жауап қатады. Сонда патша тұрып: «Жүз ақша жетпейді. Менің атымнан сабын алуға жүз ақша тағы қосыңыз, біраз жүрегіндегі секемшілдік мен күдікті жуып шайсын», – деген екен. Мынадай тауып айтылған уәжден тосылған шейх Әбу Саид тазалық турасындағы шамадан тыс секемшілдігін қойып кетіпті деседі.

Тазалықта секемшіл болудың көңілді ғибадаттан суытуға, тәрк етуге апарып соғатын қаупі де бар. Адам алған бетінен таймаса, әу бастан-ақ мақсаты иманнан бездіру болған шайтанның өз қуыршағына айналдыруы оп-оңай. Олай болса, шектен шығудың арты жақсылыққа соқпайтынын ескеріп, тазалықта да таразы басын тең ұстаған абзал.





ТӨРТІНШІ ТАРАУ

**ТАБЫСТЫҢ
АДАЛДЫҒЫ МЕН
КІРІСТІҢ ТАЗАЛЫҒЫ**



АДАЛ ТАБЫС ТАБУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Табыс пен пайда табуда оның таза әрі халал болуы аса маңызды. Ислам діні бойынша діннің таза деп қабылдаған нәрселерін ғана тұтынған жөн. Яғни, тұтынылатын нәрселердің, заттар мен бұйымдардың діни тұрғыдан халал әрі таза болуы шарт.

Мұсылман адам кез-келген нәрсеге діни талғам тұрғысынан қарайды. Неге десеңіз, ол ішкен-жеген нәрселерінің барлығы рухани өміріне, сана-сезіміне, мұсылмандық өмір салтына жағымды-жағымсыз әсер ететінін жақсы біледі.

Мүмин кісі өзін рухани әлсірететін нәрселерден батынша бойын аулақ ұстағаны жөн. Мұндай жағдайдың әрі осы дүниеде де, ақиретте де тигізетін салдарларын әрдайым қаперінде ұстайды. Сондықтан да ішіп-жейтін, қаражат ретінде жұмсайтын нәрселерінің діни қағидаларға сай таза әрі халал болуына аса мән береді. Өйткені, Құран Кәрімде: *«Ей, адамдар! Жер жүзіндегі халал әрі таза нәрселерді жеңдер, шайтанның ізіне ермеңдер, өйткені ол сіздің ап-айқын дұшпаныңыз»*¹²⁷, – делінген. Сонымен қатар, көптеген жерде мына жайды да есімізге салады: *«Ей, адамдар! Сіздер үшін таза етіп берілген ризықтардан жеңдер. Шайтанның соңынан ермеңдер. Ешқашанда дінге жат алдап-арбауларға бармаңдар. Дінге жат әрекет жасап, өз амалдарыңызды шайтанның ісіне сәйкестендірмеңіздер. Себебі, ол Аллаһтың ең жек көретін дұшпаны»*.

¹²⁷ «Бақара» сүресі, 2/168

Осыған ұқсас тағы бір аятта бұл жайды одан әрі аша түседі: *«Ей, иман еткендер! Сендер үшін халал ризық еткен нәрселерден жеңдер, егер Аллаһқа шынайы құл болсаңдар шүкіршілік жасаңдар»*¹²⁸.

Міне, егер Аллаһқа саналы түрде құлшылық жасау қажет болса, халал, таза етіп жаратқан ризықтарды тұтынумен қатар, шүкіршілік ету қажет.

«Маида» сүресіндегі мына аяттар да Ислам дінінде ненің халал, ненің харам екенін айқын білдірген:

*«Өлік, қан, доңыз еті, Аллаһ тағаладан басқаның атына сойылған малдар, (жаны шықпай тұрып бауыздалмай) тұншығып өлген, бір жерінен атып өлтірілген, құлап (домалап) өлген, (басқа жануар немесе мал тарапынан) сүзіп өлтірілген, жыртықшы хайуандар тарапынан желінген және тігулі (нұт) тастардың атына сойылған малдарды жеу әрі пал оқтарымен сәттілік іздеу сіздерге харам қылынды»*¹²⁹.

Бұларды халал есебінде қолданатын халықтар да бар. Алайда Аллаһ тағала таза әрі мінсіз болмыспен жаратқан құлдарына кір, лас болып табылатын нәрселерді лайық көрмейді. Сондықтан болар:

*«Таза болатындар тазаларға лайықты»*¹³⁰ деген қағида негізінде Ислам діні мұсылмандарға лайықты емес нәрселерге тыйым салған.

Тазалық дінімізде өте маңызды болғандықтан тұтынатын нәрселеріміздің таза болуына мән бергеніміз жөн. Ендеше, тұтынылатын азықтардың тазалығы мен халалдығына тереңірек назар аударайық.

¹²⁸ «Бақара» сүресі, 2/172

¹²⁹ «Мәида» сүресі, 5/3

¹³⁰ «Нұр» сүресі, 24/26

Ислам діні бойынша ішіп-жеуге жарамды әрі жарамсыз нәрселердің ара-жігі ертеден-ақ ажыратылған. Мәселен, алкогольдік ішімдіктерге қатысты Құранда «рижс» сөзі қолданылған, бұл сөз алкогольдік ішімдіктердің әрі рухани жағынан әрі заттық сипаты жағынан лас, харам нәрсе екендігін білдіреді.

Мас қылатын барлық нәрсе ішімдік болып саналады. Ислам діні оны мүлік ретінде қабылдамайды. Сондықтан да болар, мәселен бір адам көп мөлшерде алкогольдік ішімдік ұрлаған жағдайда бұл үшін ұрлық жазасы қолданылмаған. Ал егер әлгі ішімдікті төккен болса, келтірген шығыны төлеттірілмеген. Себебі, Ислам құқығы бойынша алкогольдік ішімдік, «мәл-и мүтәқәуим», яғни құны, қадірі жоқ зат болып саналған.

Табыс табудағы мақсат

Табыс табуға қатысты негізгі бағыттар мыналар:

1. Аллаһты таныту жолында;
2. Сауда-саттық;
3. Ауылшаруашылығы;
4. Қолөнер;

Осы жолдар арқылы табыс табудың үкімдері:

- ◆ Өзіне, жанұясына және қарыздарын төлеуге жететіндей мөлшерде табыс табу парыз болып есептеледі.
- ◆ Кедейлерге және ағайын-туысқа қол ұшын беру мақсатында көбірек табыс табу мұстаһаб (таңдаулы, ең көркем амал) болып табылады.
- ◆ Жақсы және жеткілікті өмір сүру үшін табыс табу мубаһ (жасалуы мен жасалмауында діни жағынан

ешқандай кедергі болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер) болып табылады.

- ◆ Халал жолдардан табылса да мақтану, атақ шығару, жарысу, азғындық үшін табыс табу жағымсыз және тыйым салынған¹³¹.

Харамға мұқтаж етпейтіндей халал бар

Ислам – адам баласының тәндік және басқа да қажеттіліктері үшін қажет әрі пайдалы болып табылатын ешбір нәрсені харам қылмаған. Харам, зиян болғаны үшін яки пайдасынан зияны көп болғаны үшін тыйым салынған (мәселен алкогольдік ішімдіктер). Аллаһ тағала қаласа адамдар мұқтаж болатын кезкелген нәрсені харам қылуына болар еді. Өйткені, мүлік иесі – Аллаһтың өзі. Құлдың Раббысына қарсылық жасауға хақысы жоқ. Алайда, Ол мейірімділігінің нышаны ретінде зиян нәрселерді ғана харам етіп, орнын толтыратын, оларға мұқтаж болмайтын пайдалы нәрселердің барлығын халал жасады. Мәселен, бал ашуды харам еткен, мұның орнына истиһара дұғасын¹³² жасаудың жолын көрсеткен. Еркектер үшін жібектен киім киюді харам қылған, дегенмен, мұның орнын толтыратын басқа барлық матадан киім киюіне рұқсат берген. Лас және зиянды тағам, сусындарды харам қылғанымен мұның орнына қаншама тағам түрлерін халал етті.

¹³¹ Маусули, әл-Иһтияр, 4/171-172

¹³² Истиһара дұғасы – бір нәрсенің жақсысын, қайырын, игілігін тілеу, жақсы істердің қайсысы өзі үшін қайырлы әрі жақсы болатындығына рухани ишарат білу мақсатымен оқылатын екі рәкәт намаз және дұға.

Харамға бастайтын барлық нәрсе харам

Қандай да бір нашар нәрсеге тосқауыл қою сол нәрсеге тыйым салу арқылы жүзеге асады. Сондықтан, Ислам дінінің харам мәселесіндегі ұстанымы да дәл осылай. Мәселен, Ислам діні пайыз алуды да, беруді де харам қылған. Мақсат пайыз алып-берушіні жазау емес, мақсат – осы күнәнің алдын алу. Бұл үшін жазамен ғана шектеліп қалу жеткілікті болмас еді. Күнәні мүмкіндігінше болдырмаудың жолы соған апаратын барлық факторларды ескеру. Осы себепті пайызды алып-берумен бірге, пайызға делдалдық және хатшылық жасауға да тыйым салынған.

Жақсы ниетпен харамға бару туралы

Исламда ниетке өте үлкен мән берілген. Сондықтан да болар, *«Амалдар ниеттерге қарай бағаланады»*¹³³ деген қағида алтын негіз болып бекітілген. Ғибадаттардың қабыл болуы ниетке қарай бағаланатыны секілді, кез-келген амал, іс-әрекеттеріміз де ниетке байланысты. Халал жолдан рызык табу үшін еңбек ету, тіпті харамнан бойды аулақ ұстау мақсатында әйелімен төсек қатынасында болудың өзі ғибадат болып есептеледі. Ендеше, осы аталған қағидалар негізінде Исламның тағы бір қағидасын атап өтсек: «Мақсатқа жету үшін қолданылатын жол, тәсіл және құралдар да заңды яғни халал болуы қажет». «Мақсатқа жету үшін барлық жол мен тәсілді қолдануға болады» деп есептейтін макиавеллизмді Ислам мүлдем қабылдамаған. Яғни, жақсы ниетпен жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін харам жасауға тыйым

¹³³ Бухари, Бәдул Уахи 1, әл-Иман 41; Мүслим, әл-Имарат 155.

салынған. Мәселен, мешіт, мектеп, жол, көпір, т.б. қайырлы істер жасау үшін, құмар, пайыз, пара, алдап-арбаумен сауда-саттық жасау секілді харам жолмен табыс табуға болмайды. Осыған қатысты ардақты Пайғамбарымыз: *«Харам жолдан мал тауып сонымен жасаған садақасы қабыл болған және осыдан берекет тапқан бірде-бір құл жоқ. Қалғаны (малы) болса, жаһаннамға сапарында өзіне азық болады. Күдіксіз, Аллаһ тағала жамандықты жамандықпен өшірмейді, қайта жамандықты жақсылықпен жуады. Дегенмен, лас нәрсе лас нәрсені жуа алмайды»*¹³⁴, – деген.

Күдікті нәрселерден бойды аулақ ұстау

Ислам діні халал мен харамды барынша айқындап берген. Дегенмен, харам мен халал арасында күдікті нәрселер де жоқ емес. Тақуалыққа бет бұрған жандар күдік тудырған кез-келген нәрселерден бойын аулақ ұстағаны абзал. Осыған қатысты адамзаттың асыл тәжі ардақты пайғамбарымыз: *«Халал анық белгілі, харам да анық белгілі. Бұлардың арасында халықтың бір бөлігі халал немесе харам екендігін біле алмаған күдікті нәрселер бар. Дінін және намысын қорғау үшін бұлардан бас тартқандар саламатта болады. Бұлардың кейбірін істеген адам болса харамға жақындаған болады; өйткені қорықтың (тыйым салынған аумақ) шетінде мал жайған адамның (малдарының) қорыққа кіріп кету қаупі бар. Байқасаңыз, әрбір патшаның*

¹³⁴ Ахмәд Ибн Ханбәл, Мүснәд; әл-Мүнзири, әт-Тәргиб вәт-Тәрһиб, әл-Кәсн бөлімінің басы

өзінің қорығы бар. Аллаһтың қорығы болса харам қылған нәрселері болып табылады»¹³⁵, – деген.

Халал кіріс көздері

Әрбір азамат өз елінің басқа елдердің көшінен кері қалып қоймауы үшін еңбек етіп, тер төгері анық. Бұған қоса кез-келген мұсылман тек қарақан басын ғана ойламауы тиіс. Табыс табу жолында өте абай болатын жағдайлар бар екендігін ұмытпауымыз керек.

Ислам діні бойынша баршаға ортақ игілікке берілген үш нәрсе бар, бұлар: су, от (энергия ресурстары) және жер. Бұларды қоспағанда әрбір адам, діннің рұқсат еткен салаларында табыс табуына және мүлік иесі болуына болады. Кейбір Ислам ғұламалары осы үш нәрсеге төртіншісі ретінде табиғи кеніштерді қосады. Дегенмен, көптеген ислам ғұламалары табиғи кендерді жеке меншікке жатқызады. Яғни, жеке тұлғалар табиғи кеніштерді пайдалана отырып, мемлекетке алым-салығын төлесе, тапқан табысы өзінің жеке меншігіне айналатынын алға тартқан.

Ислам дінінің пайда табу көздері ретінде рұқсат берген салалар бүкіл қоғамның экономикалық өмірін дамыта алатындай жеткілікті мөлшерде болып табылады. Аллаһ тағала экономикалық өмірде тыйымдарды анық белгілеген. Ислам діні бойынша, пайыз алу және беру, алдап табыс табу, қара базар (контрабанда, заңсыз сауда-саттық, т.б.), пара алу және (биржалық) спекуляцияның барлығы харам. Аллаһ тағала Құранда адамдарды әрдайым заңды түрде жұмыс жасап, заңды жолдардан табыс табуға үндейді.

¹³⁵ Бухари, әл-Буйю 2; Мүслим, әл-Мусақат 107, Тирмизи, әл-Буйю 1.

Халал (таза) кіріс көздері

а) Аң аулау

Бұл мәселеде қандай да бір шектеу жоқ. Яғни, жерде, суда, аспанда болсын барлық жерден аң аулауға болады. Құран бұл мәселені бірнеше аятта баяндай келе мүминдер үшін аңшылық өлшемдерін берумен қатар осыған ынталандырады.

ә) Кеніштер және жер асты байлықтары

«*Рызықты жердің терең қатпарларында іздеңіздер*»¹³⁶ деген сөзге хадис тұрғысынан сын айтылса да, ақиқатты баяндау тұрғысынан қолға алынуы қажет өте маңызды мәселе. Жер асты байлықтары қазіргі таңда тек аты ғана белгілі қазба байлықтарынан тұрмайды. Болашақта қандай жерлерден қандай қазба байлықтар өндірілетіні, адамзат игілігіне берілетіні бір Құдайға аян. Әсіресе, әр түрлі қазба жұмыстары нәтижесінде табылатын қымбат бағалы заттар мен қазыналар да осы байлықтардың аясына кіруі мүмкін. Міне, Исламның пайдалы деп есептеген жер асты байлықтарының өзі үлкен табыс көзі екен.

б) Сауда

Сауда-саттықты ынталандыратын хадистердің көп екендігі белгілі.

«*Өзгелерді алдамайтын, тура және сенімді саудагер ақиретте пайғамбарлар, ізгілер және шейіттермен бірге қайта тірілтіледі*»¹³⁷.

¹³⁶ Мүнәуи, Фәйзуль-Қадир, 1/692-б.

¹³⁷ Мүнәуи, Фәйзуль-Қадир, 3/366-б.; Ибн-Мәжә, Тижарат, 1

«Турашыл саудагер ешбір көлеңке болмайтын сол күні (қиямет күні) Арштың көлеңкесінде тірілтіледі»¹³⁸.

«Рызықтың онда тоғыз бөлігі саудада»¹³⁹.

Бұл хадистерден көріп отырғанымыздай, Ислам мүминдерді әрдайым сауда-саттыққа ынталандырып отырған. Исламның өркендеп тұрған дәуірлерінде сауда-саттық, мұсылмандардың дамып-өркендеуінің ең маңызды құралдардың бірі болған. Сауда-саттық – ең негізгі табыс көзі саналған.

в) Қолөнер

Қолөнер де – маңызды табыс көздерінің бірі. Қолөнерімен жасалған барлық еңбектер Исламның негізгі қағидаларынан ауытқымаған жағдайда осы салаға кіреді. Кілем және тоқыма, қолдан жасалған әшекей бұйымдары, түрлі оймалар бұлардың барлығы да шеберлердің қолынан шыққан қолөнер бұйымдары болғандықтан заңды табыс көзіне жатады.

г) Жұмыскерлік

Жұмыскерлік – қол еңбегі, маңдай терімен еңбек етіп, жұмыс жасап табыс табу және т.б. осындай жолдармен келетін табыс.

Жұмысшы болу – Аллаһ тағаланың құрметпен атаған және Пайғамбарымыз (с.а.с.) ынталандырған еңбек түрлерінің бірі. Бұл жайлы бір аятта былай делінген: *«Амал жасап (жұмыс) істеңдер. Аллаһ,*

¹³⁸ Бұл да сонда, 367-б.

¹³⁹ Бұл да сонда, 322-б.

пайғамбар және мұминдер сіздің істегендеріңізді (еңбектеріңізді) көретін болады (деп айт)»¹⁴⁰.

Бір хадисте: *«Аллаһ өз (маңдай тер, адал) еңбегімен күн көретін құлын жақсы көреді»¹⁴¹*, – делінген. Демек, Раббымыз еңбекқор, жұмыскер, қолынан іс келетін епті мұминдерді әрі жақсы көреді, әрі оларға қошемет жасайды.

Басқа бір хадисте: *«Сіздің араңыздан ешқайсыңыз өз (қолының) еңбегімен тапқан астан әлдеқайда таза (адал) ас жей алмайды»¹⁴²*, – деген. Яғни, қол еңбегі ең қайырлы рызық болып саналған.

Көріп отырғанымыздай, маңдай тер, адал еңбегімен табылған рызықты Аллаһ та, пайғамбар да қошеметтеуде. Осы жерде мына бір оқиғаны тілге тиек ете кетелік.

Бірде ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) әлдебір шаруамен Мәдина шаһарының сыртына шыққан болатын. Қайтар жолда оны бау-бақшасында жұмыс істеп жатқан бір сахабасы шақырады. Пайғамбарымыз әлгі кісінің қасына барғанда, оның кетпен ұстап, әбден тілімделген қолын көріп, қатты сүйсінеді. Тіпті оның қолдарын өзінің қасиетті жүзіне тигізіп: *«Аллаһ разы болатын қолдар міне осындай қолдар»* деген екен.

Кетпен шапқан сахабаның қуанышында шек жоқ еді. Өйткені, істеген еңбегінің еш кетпейтіндігін Пайғамбарымыздың өз аузынан естіп еді. Пайғамбарымыз еңбекқор жанның қолымен жүзін сипай отырып қияметке дейінгі жұмысшылар, шаруалар мен

¹⁴⁰ «Тәубә» сүресі, 9/105

¹⁴¹ Ибн Мәжә, Зүһд, 5

¹⁴² Бухари, Бүйү, 15

еңбекшілердің адал еңбегінің маңызын, сонымен қатар қай дәуірде болмасын еңбек еткен адамға деген құрмет-кошеметтің өлшемін көрсеткен.

з) Олжа

Ислам дінінің адал деп есептеген табыс көздерінің бірі – олжа. Белгілі бір кезеңдерде мұсылмандар олжа арқылы үлкен байлыққа кенелген. Мәселен, Омар ибн Абдулазиз дәуірінде зекет алатын жан болмаған деседі.

д) Икта

«Икта» – мемлекет басшысы немесе оның өкілеттік берген сенімді басқарушы қызметкерінің кейбір жер алқаптарын мұқтаж жандарға беруі олардың меншіктік құқыққа ие болуын қамтамасыз етуі. Әдетте мұндай жер телімдері ешқандай мұрагері жоқ жандардан мемлекет меншігіне өту арқылы беріледі, яки бос жатқан иесіз алқаптардан үлестірілетін болған.

«Кімде кім бос жатқан тың жерді игерсе, ол жер сол кісіге тиесілі»¹⁴³ деген хадис және осыған ұқсас көптеген хадистер осы табыс көзінің адалдығын меңзейді.

е) Зекет және садақа

Зекет Ислам дінінде толықтай сақтандыру жүйесі секілді функция атқаратын құрылым болып табылады. Құран аятында былай делінген: *«Зекет, Аллаһтан бір парыз ретінде кедейлерге, мұқтаждарға, оны (зекет) жинаушы қызметкерлерге, жүрегін исламға жібіту үшін (арнайы) жандарға беріледі және*

¹⁴³ Муатта, Ақдиә 26, Тирмизи, Ахкам 38, Әбу Даууд, Хараж 37

құлдар, қарызданғандар, Аллаһ жолындағылар, жолда қалғандар үшін арналады (жұмсалады)»¹⁴⁴. Мінекей зекет осылайша аятта аталған топтар үшін маңызды кіріс көзі болмақ.

Мұнымен қоса зекет – жүректі сараңдық сырқатынан арылтатын, бай жандарда мейірім мен сүйіспеншілік сезімін оятатын ғибадат түрі. Зекет арқылы кедей жандардың жүрегіндегі қызғаныш пен ыза жойылады. Өздері үшін көмек қолын созған байларға сүйіспеншілік пен құрметі артып, қоғамда бірлік пен бауырластық сезімдері күшейеді. Зекет арқылы мал-мүлік «кірден» тазарады.

Исламның заңды деп рұқсат берген кіріс пен табыс көздерін жоғарыда аталған сегіз саламен шектеп қоюға болмайды. Осы саланың өзін бірнеше тармақтарға бөле аламыз. Яғни, Исламда жоғарыда аталғандардан басқа да көптеген табыс көздері бар. Алайда басқа жүйелердің заңды деп тапқан кіріс не табыс көздерінің кейбіреулері Исламда заңды болмайтын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан болар Ислам діні бұл салада да ешқандай қайшылыққа жол берместей етіп өлшеммен жөн сілтеген.

Қызметкер және тұрақты жұмысшылық

Мұсылман адамның мемлекеттік мекемелерде және жеке компанияларда қызметкер немесе жұмысшы ретінде еңбек етуіне діни тұрғыдан шектеу қойылмайды. Алайда басқарушылық немесе төрағалық секілді жауапты қызметтерді өзі талап етуі дінде аса құпталмайды. Бір хадисте: *«Басқарушылар, төраға*

¹⁴⁴ «Тәубә» сүресі, 9/60

немесе қорғаушылардың (әскери басшылар) жағдайы аянышты. Қиямет күнінде кейбір топтар: «Әттең, үркер жұлдыздарына шашымыздан асылып көкпен жердің арасында сілкіленсек, бірақ жауапкершілікті мойнымызға алмаған болсақ», – деп өкінеді»¹⁴⁵ деп айтылады. Дегенмен оның қарым-қабілетін бағалап, басқа адамдар басшылыққа ұсынған жағдайда жауапкершілікті қабылдауында ешқандай әбестік жоқ.

Сахаба Абдурахман ибн Сәмураға (р.а.) ардақты Пайғамбарымыз былай деген: *«Басшылыққа ұмтылма! Себебі, басшылыққа еркіңнің тыс тағайындалсаң, Аллаһтан көмек келеді, ал оны өзің талап етсең, онда жеке өзің мойынмен көтересің»*¹⁴⁶.

Ислам діні табыс табу үшін саудамен, кәсіпкерлікпен және лауазымды қызметпен айналысуды шектемеген. Алайда капиталистік немесе прагматикалық көзқарастан бөлек үш негізгі қағиданы ұстанады:

- ◆ Екі жақты ризашылық;
- ◆ Жақсы ниет және туралық;
- ◆ Өз мүддесін қамтамасыз етумен бірге басқалардың мүддесіне нұқсан келтірмеу; Құранның төмендегі аяты осы мәселеге қатысты негізгі қағидаларды белгілейді: *«Ей, иман еткендер! Мал-мүліктеріңді өз араларыңда әділетсіздікпен жемеңдер. Бірақ екі жақты ризашылықпен жасалатын сауда арқылы болса (бұл) басқа, өздеріңді құрдымға кетуден сақтаңдар. Күдіксіз, Аллаһ сендерге өте мейірімді. Кімде-кім шектен шығып және залымдықпен*

¹⁴⁵ Ибн Хиббан, әл-Бүйү 4; Ибн Мәжә, әл-Тижарат 3

¹⁴⁶ Бухари, әл-Аһкам 5-6; әл-Әйман 1; Мүслим, әл-Имарак 13; әл-Иман 19

осылай жасайтын болса, оны тозақ отына саламыз. Бұл Аллаһқа өте оңай»¹⁴⁷.

Аятта аталған «құрдымға кетуден сақтаңдар» деген сөз әрбір мұсылманды толғандыруы тиіс. Харам жолмен, өзгелердің мүддесін аяқ асты етіп тапқан табыс – бес күндік жалғанның қызығы болғанымен арты үлкен өкінішке ұласатын, өз-өзін құрдымға ұрындыратын сор іс. Фәни дүние тұрғысынан да үлкен қиянат, себебі, көптеген қылмыс, басбұзарлық, анархия, төңкерістер осыдан келіп шығады. Ал ақиретте болса нағыз бармақ тістеп, опық жейтіндігі хабар етілген. Себебі, харам табыс ол адамды тозақ отына түсіреді.

Сауда серіктестігі (фирма, компания құру) туралы

Бұрындары сауда және экономикалық қатынастар қазіргідей күрделі емес, сауда серіктестіктері де қарапайым болатын. Бірнеше адамның басы бірігіп капитал, жұмыс, ақша және жер мәселесінде ортақтаса отырып, серіктестік құра беретін. Ислам діні сауда серіктестіктерін құрудың кейбір негіздерін бекіткен әрі соған тікелей ынталандырған. Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) Раббымыздың мына сөзін жеткізген: *«Бір-біріне қиянат жасамаса (саудада) екі серіктестің үшіншісі боламын; серігіне қиянат жасаған сәтте араларынан шығамын»¹⁴⁸.*

Қазіргі таңда ауқымды істер жасау үшін көп мөлшерде капитал, білім және адам күшінің жұмылуы қажет. Ал ол үшін ірі компаниялар құрылуы керектігі

¹⁴⁷ «Ниса» сүресі, 29-30

¹⁴⁸ Әбу Дәууд, Бұйү 26

анық. Бір мұсылманның осындай ірі компанияларға серіктес болуына ешқандай діни шектеу жоқ; ол серіктестік пайыз, алдау, кулық, әділетсіздік, қиянат секілді діни тұрғыдан тыйым салынған қызмет түрімен айналыспауы қажет.

Ислам дінінің капитал мен еңбек күшінің бірігуі нәтижесінде құрылған серіктестіктерде аса мән берілген шарттарының бірі – табыс пен зиянға бірдей ортақтасу мәселесі. Әрбір үлескер өз үлесіне қарай табыс немесе зиянға ұшырағанда да өз үлесін алуы тиіс. Үлескерлердің кез келген біреуінің компания табыс тапса да, таппаса да тұрақты түсім көруі Исламның сауда қағидаларына мүлдем қайшы. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ауыл шаруашылығы саласында құрылған серіктестіктің келісім-шарты жасалуы барысында үлескерлердің біреуінің егін алқабынан түсетін өнімнің тең жартысына жуық тұрақты бөлігін өз үлесінің табысы ретінде бекітіп жасаған келісімді жасауына тыйым салғандығы белгілі. Өйткені, мұндай тұрақты табысты белгілеп бекіту басқа үлескерлердің зиянға ұшырауына да алып келуі мүмкін. Алайда қазіргі таңда серіктестіктер заңды түрде құрылады және бұлар заңды тұлғалар болып саналады. Осы серіктестіктерде (компания, фирма) үлесі бар, басқарушы немесе қызметкер болып істейтін жандардың осы компаниядан тұрақты түрде жалақы алуларына діни тұрғыдан ешқандай шектеу жоқ. Компаниялардың акционері болып табылмайтын, жалдамалы жұмыс істейтін қызметкерлері мен жұмысшылары тапқан табыстың негізінде емес, істеген қызметтері үшін ғана жалақы алады.

Харам кіріс көздері

Заңсыз (діни тұрғыдан тыйым салынған) табыс және кіріс көздері де көптеп кездеседі. Енді осыларға тоқталайық.

Пайыз

Құран Кәрім пайызға тыйым салған және пайыз жеушінің халін былайша сипаттаған: *«Пайыз жейтіндер махшиарда шайтан соққан адам секілді қайта тіріледі. Бұл олардың: «сауда-саттық та пайыз секілді зой» дегендіктерінен. Ал бірақ Аллаһ сауда-саттықты халал, пайызды харам қылды. Кімде-кім Раббынан насихат келгеннен кейін пайыздан бас тартса, бұрынғы тапқандары өзіне қалады. Және оның ісі Аллаһқа тапсырылады. Ал кімде-кім пайызшылыққа қайтар (оралар) болса, мінекей солар тозақтық болып табылады. Олар сонда мәңгілік қалатын болады. Аллаһ пайызды кемітеді (құтын қашырады), садақаны берекеттендіреді. Аллаһ ешбір надан (сабақ алмайтын) күнәһарды жақсы көрмейді»¹⁴⁹.*

Пайыз жегендер ақиретте жазаға тартылады. Олар дүниеде шалқып өмір сүрген секілді көрінгенмен негізінде өмірлері жайсыздықтар мен уайымға толы өтеді.

Жаратушы иеміз иман еткендерге пайыздан бас тартуларын бұйырған. Егер осы бұйрыққа мойынсұнып пайыздан бас тартпаған жағдайда бұл ең надан әрекет болып, Аллаһқа қарсы соғыс жариялау мағынасына да келеді. Бұл жайлы Құранда: *«Ей, иман еткендер! Аллаһтан қорқыңдар. Егер сенім иесі болсаңдар, пай-*

¹⁴⁹ «Бақара» сүресі, 2/275-276

ыздан артта қалғанынан бас тартыңдар. Бұлай жасамасаңдар, мұның Аллаға және пайғамбарына қарсы жарияланған соғыс болатынын біліңдер. Егер тауба етсеңдер, мал-мүліктерің өздеріңдікі (болады). Сонда әділетсіздік жасамаған боласыңдар және әділетсіздікке де душар болмайсыңдар»¹⁵⁰, – делінген.

Негізінде харам етілгеніне қарамастан христиандар мен еврейлер қасиетті кітаптарында пайызды халал қылып өзгертіп алған. Пайыздың харам болуына қатысты негізгі себептер мен хикметтерге қатысты көптеген еңбектер жазылған. Енді осыларға қысқаша тоқтала кетейік;

- ◆ Пайыздық өсіммен қарыз беретіндерде жиналған капитал тұтынушының (капиталы жоқ жұмысшы, еңбекші, қызметкер, кедей-кепшік, т.б.) қалтасынан алынатындығы үшін байлар байыған сайын кедейлер кедейлене түседі.
- ◆ Пайызға негізделген капиталистік жүйелерде байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің тамыры тереңдеген сайын мұның ақыры әлеуметтік дағдарыстарға, бұқаралық толқуларға, төңкерістер мен анархияға ұрындыруы мүмкін.
- ◆ Өсімі жоқ қарыз беру адамдар арасында мейірімділікті нығайтып, қоғамның біртұтастығын қамтамасыз етсе, ал пайыз қоғамдағы әлеуметтік топтар арасындағы өшпенділікті асқындыра түседі.
- ◆ Пайыз қоғамда еңбек етпейтін, тек қана өсімнен түскен ақшаны жеумен және қоғамға масыл өмір

¹⁵⁰ «Бақара» сүресі, 278-279

сүретін әлеуметтік топтардың тууына себеп болады.

- ◆ Пайызбен қарыз алған жан күндіз-түні еңбек етіп, қарызынан құтылу үшін жанын салады. Ал өсіммен ақша алатын адам еңбек етіп бас қатырып, қиналмай-ақ басқалардың маңдай терімен келген ақысын жеп, шалқып өмір сүреді. Мұндай жағдай қоғамдық сананы, қоғамдық тәрбие мен әдепті бұзатын жиренішті құбылыс болып табылады.

Ардақты пайғамбарымыз бір хадисінде пайызға қатысты, адамдардың төрт тобының лағынетке ұшырайтындығын баяндаған. *«Аллаһ пайыз алатынға, беретінге, осыған хатшылық жасаушыға және куә болушыға лағынет етті. Бұлардың күнәлары теңдей болады»*¹⁵¹. Дегенмен, пайыз төлейтін адамның зәрулік жағдайда пайыз алуына күнә жазылмауы мүмкін. Бірақ зәрулік жағдайдың өзіндік қатаң шарттары бар. Олар:

- ◆ Пайызбен қарыз алатындай тығырыққа тірелген қиын жағдайда қалған болуы қажет. Зәруліктен тыс нәрселер үшін пайызбен қарыз алуға болмайды.
- ◆ Пайызбен қарыз алмастан бұрын барлық мүмкіндіктер мен қажеттілікті өтеудің жолдары қарастырылуы керек (мұсылман ауқатты кісілердің мұндай жандарға көмек бергені жөн).
- ◆ Алынған қарыз зәрулік және қажеттіліктің мөлшерінен аспауы керек.

¹⁵¹ Муслим, Мұсақат, 106, 107, 113; Тирмизи, Бұйу, 2, Әбу Дәууд, Бұйу, 52; Ибн Мәжә, Гижарат, 58; Нәсәи, Зинәт, 25

Құмар

Аллаһ құмар ойнауды толықтай харам қылған. Оның ресми және рұқсатпен жасалатыны да, заңсыз жасалатыны да харам болып табылады.

Құранда құмарды шайтанның былғанышты істерінің бірі ретінде сипаттай отырып: *«Ей, иман еткендер! Ішімдік құмар, пұттар, және бал оқтары, күдіксіз шайтан ісі, былғаныштар. Бұларға жоламаңдар, сонда (ғана) бақытқа бөленесіңдер. Күдіксіз, шайтан, ішімдік пен құмар арқылы араларыңа дұшпандық, өшпенділік салуға әрі сендерді Аллаһты еске алудан, намаздан алыстатуды қалайды. Енді бұдан бас тарттыңыз, солай ма?»*¹⁵², – делінген.

Құмар ойнауға әдеттенген адам одан құтыла алмайды. Құмар кеселіне шалдыққан елдің де түбі жақсылық емес. Өйткені, құмар – әрі Аллаһтың, әрі кісі ақысын аяққа таптау деген сөз. Құмар кең тараған қоғамдар шайтанның шеңгеліне түседі. Құмар қай жағынан алса да зиянды. Алайда шын мәнінде зиян тартушы ұтылған кісіге емес ұтқанға болады. Себебі, ол кісі ақысын жейді. Мұндай жан сонымен қатар алдап-арбаудың да күнәсін арқалайды.

Сауда-саттықта алдау

Исламда алдап-арбаудың кез келген түріне тыйым салынған. Әсіресе, сауда-саттықта алдау арқылы табыс табу дұрыс емес. *«Алдаушы бізден емес»* деген хадисте де айтылғандай мұминді алдаған адам Аллаһ елшісінің қасиетті ортасынан шеттетіледі. Сатушы адам сататын затының барлық ерекшеліктерін сатып алушыға айтуы

¹⁵² «Мәйдә» сүресі, 5/90-91

тиіс. Сонымен қатар, кемшіліктері болатын болса, мұны міндетті түрде ашық көрсетуі қажет. Мұндай әрекет арқылы әрі сенім артады, әрі Аллаһ тағала бұл саудаға берекет нәсіп етеді. Жоғарыдағы келтірілген хадистердің бірінде айтылғандай турашыл саудагер арштың көлеңкесін паналай алатын топ ішінде болады. Жаратушы иеміз ақиретте ондай жанды ізгі жақсылармен, шейіттермен бірге қайта тірілтеді.

Осыған байланысты бір мысал келтірейік. Бір күні ардақты Пайғамбарымыз базарда жүріп бір сатушының қасына сәл аялдайды. Сатып тұрған құрмаларының жақсысы бетінде, ылғалдары астында екендігін байқағанда, сатушыға: «Алдайтындар бізден емес»¹⁵³, – деп ескерту жасайды.

Өкінішке орай, қазіргі таңда сауда-саттық тұтастай алдауға негізделгендей. Теледидарда сатылатын тауарды асыра дәріптеп, жарнамалап жатады. Сол үшін неше түрлі айла-шаралар ойластырып, халықты алдайтындығы көңілге қаяу салады.

Парақорлық

Парақорлық – адамзат тарихы бастау алған сәттен қоғамды құрттай жеп келе жатқан жиіркенішті ауыр күнелардың бірі. Осынау дерт имандылық әлсіз, қоғамдық азғындау белең алған елдерде асқынған түрде жүзеге асады. Мұндай қоғамда әлеуметтік теңдіктің болуы, адам құқықтарының мүлтіксіз қорғалып сақталуы да мүмкін емес.

¹⁵³ Мұслим, Иман 164; Тирмизи, Бүйү 74; Әбу Дәууд, Бүйү 52, Ибн Мәжә, Тижарат 36

Харам нәрселерді сату туралы

Харам нәрселерді сату да – харам. Аллаһ тағала және ардақты елші (с.а.с.) алкогольдік ішімдік, бауыздалмаған немесе арам өлген малды, доңыз және пұт тастарды сатуды харам еткен. Осыған қатысты бір хадисте: *«Аллаһ бір нәрсені харам қылса, оның құнын да харам қылады»*¹⁵⁴, – делінген.

Багамен ойнау

Ислам дініндегі сауда-саттық жүйесінде келісім мен нарық еркіндігі негізгі заңдылық болып табылады. Дегенмен, бұл еркіндіктің де шектелетін тұстары бар. Мұны шектейтін негізгі құрылым – қоғамдық мүдде. Нарықтағы бағаның әдейі жасанды түрде артуына себеп болғандарға қатысты Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Қымбаттату үшін мұсылмандардың нарығына араласқан (багамен ойнаған) жанды қиямет күнінде отқа тастауды Аллаһ тағала уәде еткен»*¹⁵⁵, – деген. Өндірістің аз, ал тұтынудың көп болатындығы секілді түсінікті жағдайлардан басқа реттерде бағаның артуы жасанды нарықтық спекуляциялар арқылы ғана жүреді. Төменде осы тақырыпқа байланысты жеке тоқталып өтеміз.

Спекуляция (иһтикар)

Спекуляция – затты тауар бағасы жоғарылағанда сату үшін нарықтан әдейілеп шығару, не сақтау, енгізеу дегенді білдіреді. Бір сөзбен айтқанда, нарық бағасын қолдан жасау. Иһтикармен айналысқандар әрдайым өз мүддесін мемлекет пен қоғам мүддесінен

¹⁵⁴ Әбу Дәууд, әл-Бұйү, 38, 63, 64

¹⁵⁵ Ахмәд ибн Хәнбәл, Мүснәд 5/27, 50

жоғары қояды. Оған жасанды сұраныс туғызып, спекуляция арқылы нарықпен ойнайды. Жасанды тапшылық тудырып, дағдарыстар жасайды, кейіннен нарыққа жаңа өзгерістер енгізу арқылы қалыпты жағдайды әрі басқа адамдардың саудасының астаң-кестеңін шығарады.

Ардақты пайғамбарымыз иһтикар жасаған адамдардың жағдайына қатысты: *«Иһтикар жасаушылар қателеседі»*, – деген¹⁵⁶. Яғни, олардың іс-әрекеттерінде жалғандық пен қоғам үшін зияннан басқа келтірер пайдасы жоқ деген мағынада айтылған.

Осыған ұқсас тағы бір хадисінде сүйікті пайғамбарымыз иһтикар жасаушының болашағының қараңғы түнек екендігін: *«Кімде-кім халық зәру болып отырған қандайда бір затты қырық күн (әдейі) сақтайтын болса, ол жан Аллаһтан алыс, бұған қоса Аллаһтың рахметі де одан алыс»*, – деп білдірген¹⁵⁷.

Айла-шарғылы алыпсатарлық

Ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.) қаладағы сатушының ауыл адамының тауарын базарға кіргізбей сатып алып, бөліп-бөліп асыра қымбаттата сатуына тыйым салған¹⁵⁸.

Осы мәселеге қатысты айтылған көптеген хадистерден түсінеріміз: өндіруші өнімін тікелей нарыққа енгізуіне ешқандай тосқауыл болмауы қажет. Басқалардың араласуымен тауардың нарықтық

¹⁵⁶ Мүслим, Мусақат 129; Әбу Дәууд, Бүйү 49; Тирмизи, Бүйү 40

¹⁵⁷ Ахмәд ибн Ханбәл, Мүснәд, 2/33

¹⁵⁸ Сатушыны базарға кіргізбей мал-мүлкін қолға өткізіп алу туралы хадистер үшін қараңыз: Бухари, әл-Бүйү 64, 68, 71; Мүслим, Бүйү 11, 19

бағаларының жасанды түрде артуына себеп болмауы тиіс. Әрине, бағаның жасанды түрде артуына себеп болмайтын қызмет көрсету түрлері, делдалдық, алып-сату және тарату ісімен айналысуға ешқандай діни шектеу жоқ. Өндірушінің тауарын тұтынушыға жеткізетін, өндірушіге алушы тапқан және осы қызметтері үшін белгіленген мөлшерде ақы алатын кәсіпкерге де діни тұрғыдан ешқандай шектеу қойылмаған.

Таразыны дұрыс тартпау

Таразы тарту (өлшеу) барысында барынша ұқыпты болған жөн. Тұтынушыны алдау, кем тарту арқылы сауда-саттық жасауға мүлдем болмайды. Өйткені, бұл мәселе Құран Кәрімнің бірнеше аяттарында тілге тиек етілген¹⁵⁹. Таразыны дұрыс тартпауды тек қана механикалық таразымен ғана шектеп тар мағынада ұғынбау қажет. Қазіргі заманғы дамыған технология және жетілген бухгалтерлік есептеу жүйесінде статистикалық есеп, анкета, компьютерлік, т.б. жолдар арқылы санақ жасау істері де осы үкім негізіне кіреді.

Ұрланған немесе заңсыз жолмен алынған нәрсені алу туралы

Ұрланған немесе иесінен заңсыз жолдармен алынған нәрсені біліп тұрып сатып алу, осы заңсыз әрекетке көмектесу болып есептеледі. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Кімде-кім біле тұра ұрланған затты сатып алса, оның күнәсі мен ұятсыздығына ортақтасқан болады»*, – деген¹⁶⁰.

¹⁵⁹ Әнғам 6/152, Исра 17/35, Мұтаффифин 31/1, Шуара 26/181-183.

¹⁶⁰ Бәйһаки, әс-Сүнәнул-Кубра, 5-том, 336 бет.

Харам жолмен табыс табудың нәтижесі

Аллаһ елшісі: «Аллаһ тағала жамандықты жамандықпен қайтармайды»¹⁶¹, – деу арқылы біздерге үлкен бір ақиқатқа жөн сілтеуде. Ерекше мейірімді Аллаһ тағала жамандықтың орнын жақсы нәрсемен толтырады. Сондықтан болар, қандай да бір жан Исламның тыйым салған жолдарынан тапқан қаржысын ең қайырлы бір қызметке жұмсаса да, жасаған күнәсінің есесін қайтарған болып есептелмейді. Қайта күнә үстіне күнә жүктеп алуы мүмкін. Өйткені, тап-таза бір саланы да өзінің лас табысымен кірлеткен болады емес пе?

Адамның асқазанына түсетін бір түйір харам зат оның қырық күндік намазының нұқсан болуына жеткілікті. Мұның өзі қандай өкініш. Тұла бойының әрбір түкпірін хараммен толтырған адамдардан құралған қоғам Аллаһ тағаланың рақымына бөлене алмайды. Қоғам, ондағы өмір сүріп жатқан адамдар өз-өзін өзгертпейінше, Аллаһ тағала да оларды өзгертпейді¹⁶². Аллаһ тағала қараптан-қарап таза қоғамды құлдыратпайды немесе құлдырап біткен қоғамды тазартпайды.

Кісі ақысы да өте маңызды. Аллаһ елшісі кісі ақысын жеген адамның жаназа намазын оқымаған. Өйткені, кісі ақысымен кеткен жанның артынан дұға жасалуын да лайық көрмеген.

Кісі ақысы қалай және қандай жолмен болса да біреудің мойнына жүктелсе, ол жанның құрдымға кетуіне себеп болады. Акиретте кісі ақысымен

¹⁶¹ Бухари, Буйю 50; Тәфсір, Фәтх 3.

¹⁶² «Рағыз» сүресі, 13/11.

кеткендердің жағдайы өте ауыр болмақ. Саудасаттықтағы алдау, көлеңкелі сауда, құмар ойнау, пайыз, ұрлық мінекей осы жолдан табыс тапқандардың барлығының мойнында кісі ақысы болады.

Сондықтан да Аллаһ тағала осы жолдардан табыс табудың барлығына тыйым салған. Бұндай лас істерге тыйым салуы – қоғамда қанаушылықтың алдын алудан туған. Бұл Аллаһтың мейірімі мен рақымдылығының көрінісі. Демек, бұндай күнәлі істерден аулақ жүрген дұрыс.

Құмар ойнаудан тапқан ақшаның қолданылуы туралы

Харам жолмен табылған ақша да – харам. Сондықтан бұл ақшамен ішіп-жеу де – харам. Мұны басқа біреуге садақа ретінде берген жағдайда алушы мұның харам ақша екенін біліп тұрса алмағаны жақсы. Егер де ол ақшаны садақа ретінде бір адам алса және қолданса, діни тұрғыдан адал болғанына қарамастан ол дүниенің берекетті болмайтындығына қатысты пікір білдіргендер де бар. Харам ақшаны садақа ретінде берген жанның онымен сауап таппайтындығы да айтылған.

Ішімдікті саудалау туралы

Ислам діні ішімдік саудасына тыйым салған. Мұсылман болсын-болмасын кез-келген адамға ішімдік сатуға тыйым салынған. Төмендегі лағынет ішімдік саудасына қатысты: *«Пайғамбар (с.а.с.) ішімдік жасаушыға, жасаттырушыға, ішетінге, таситынға, алушыға, таратушыға, сатушыға, ақшасын жейтін-*

дерге, сатып алушыға және өзі үшін сатып алғандарға лағынет айтқан»¹⁶³.

Ханафи ғұламалары ішімдік жасаумен айналысатын адамға жүзім және шырын сатуға болатындығын (сатқан шырын халал), ал ішімдік жасаса, күнәсі ішімдік жасаушының мойнына жүктелетіндігін алға тартқан¹⁶⁴.

Жөн-жосықсыз тұтыну және жасандылық

Адамның өмір сүру салты ретінде тұтынатын нәрселерін үш сыныпқа бөлуге болады:

- а) зәру қажеттіліктер;
- ә) тұрмысты жеңілдететін нәрселер;
- б) аса жайлылықты қамтамасыз ететін (люкс) нәрселер.

Ислам дінінде мына бес нәрсені қорғау парыз болып есептеледі: дін, ақыл, ар-намыс, дүние-мүлік және ұрпақ. Бұның аясында жеке адам мен қоғамдық өмірді мейлінше қорғау, зәру қажеттіліктерін жеткілікті түрде қамтамасыз ету де қамтылған. Сондықтан жеке адам мен қоғамның игілігін қамтамасыз ететін негізгі қажеттіліктерге ғана шығын жұмсалғаны дұрыс. Ислам дінінде ішімдік, құмар ойын, жезөкшелік, пайыз және паракорлық секілді қоғамдық өмірді бүлдіретін лас істерге осы себепті қатаң тыйым салынған.

Тұрмысты жеңілдететін нәрселер – адам өмірін материалдық және психологиялық тұрғыдан жеңілдетуге негізделеді. Ислам дінінде, зәру қажеттіліктер және жеңілдік пен жайлылықты қамтамасыз етуден тыс, құмарлықпен, тәкаппарлық не мақтану үшін

¹⁶³ Тирмизи, Бүйү 58

¹⁶⁴ әл- Маусыли, әл-Иһтияр, 4/38

калыптан артық тұтыну – артық шығын болып есептеледі. Сондай-ақ мұның бәрі ысырапшылдыққа жол ашқандықтан қатаң түрде тыйым салынған. Себебі, мұндай іс-әрекет адам жүрегін Аллаһ тағаладан алыста-тып, өзге адамдарға деген жанашырлық пен мейірімін жояды. Қажетсіз, тым артық шығындар – осы дүниеде көмекке мұқтаж жандардың қажеттіліктерін өтеудің орнына Аллаһтың берген дүние-мүлкін жеке басы мен ку құлқыны үшін жұмсау болып табылады.

Адам күнделікті өмірде ысырап жасамауға жіті мән беруі қажет. Халал нәрселердің өзін жөн-жосықсыз, артық тұтыну ысырап болып саналады. Дәулеттілік – пәни өмірдің бір сынағы екендігін де ұмытпаған жөн. Тұтытуда негізгі өлшем қажеттілікті ғана қамтамасыз ету. Тағы бір ескерте кетерлігі, ысырапқа негізделген тұтынушылықты жарнамалау да ислам дінінің тыйым шеңберіне кіреді¹⁶⁵.



¹⁶⁵ Ислама Гириш, Диянет Ишлери Башканлығы, 165.



БЕСІНШІ ТАРАУ

РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ



ЖҮРЕК ТАЗАЛЫҒЫ

Ислам дінінде тән тазалығымен қатар жан тазалығына да қатты көңіл бөлінген. Жан тазалығына рухани кірлерден арылу, нашар дағдылардан тыйылу, мінез-құлықты жақсарту, адамгершілік қасиеттерді арттыру, жүректі таза ұстау жатқызылған.

Жүрек тазалығы Құранда «қалбун сәлим» деген сөзбен берілген. «Сәлим» мен «ислам» сөздері бір түбірден тарайды. «Қалбун сәлим» – бүлінбеген, сырқаты жоқ, күнәмен кірленбеген немесе тәубамен тазарған кіршіксіз жүрек дегенді білдіреді. Исламға ағынан ақтарылған жүрек ретінде де сипатталады.

Адамның ең аяулы жері жүрек болса, сол жүректі кірлететін нәрсе ол – күнә. Әрбір күнә келесі бір күнәға жетелейді. Яғни, істелген әрбір күнә тізбектелген домино тастары секілді бір-бірін қуалайды. Осылайша жүректі кір шалады. Аяттар мен хадистерде ұшырасатын «рәйн» сөзі, жүректің тот басып, күнәлармен кірленуін білдіреді. Күнәларды тәубе ету арқылы жуып-шайып тазаламаса, жүректегі кір молайған сайын ондағы рухани жалын сөнеді.

Жүректі кіршіксіз күйге жеткізу Құран жолымен жүруді керек етеді. Құрандағы міндеттерді бұлжытпай орындау жүрек нұрын арттыра түседі. Кезінде Айша (р.а.) анамыздан: «Пайғамбарымыздың мінез-құлқы қандай еді?», – деп сұрағанда, «Сіздер құран оқисыздар ма өзі?», – дейтін. «Оқимыз», – деген жауап алған сәтте,

«Оның мінез-құлқы тұнып тұрған Құран болатын», – деп жауап беруші еді.

Жүрек тазалығы зиянды істерден арылуды да білдіреді. Тіршілігінде ешкімнің ала жібін аттамау, жан адамға жамандық жасамау – мұсылмандықтың белгісі. Өйткені, бір хадисте: *«Мұсылман – басқаларға қолымен де, тілімен де зиян тигізбейтін жан»*, – деп сипатталған. Бұл – өте үлкен жауапкершілік. Тілден келетін жамандықтан өсек, өтірік, ғайбат, шағыстыру т.б. болса, қолдан келетін жамандықтар өз алдына бір төбе. Сол себепті қол мен тілге абай болуға шақыру арқылы мұсылман адамға жүректі таза ұстау міндеттелген.

Жүрек тазалығы бойды күпірліктен, ойды күдік пен күмәннен, ширктен (Аллаһқа серік қосудан) арылтуды қажет етеді. Бойын күпірлік билеген жан қаншалықты гуманистік әрекеттер жасаса да «қалбун-сәлим» немесе кіршіксіз жүрек иесі бола алмайды. Қазіргі таңда «Менің жүрегім таза, өйткені халыққа жасаған жақсылығым көп», – дейтіндер кездесе де, Құдай тағалаға сенбейтін адамның жүрегін таза деу қиын. Күпірлік дендеген жүрек ешқашан таза бола алмайды. Негізі адамзаттық құндылықтар өте маңызды десек те, жүректе иман болмаса, елге жасаған жақсылықтар мен ізгі істердің салмағы мен құны болмайды. Неге десеңіз, Исламда амал жасалмаса иманда, имансыз жасалса амалда қайыр жоқ делінеді. Осы екеуі бір бүтін құрамаған жағдайда «жүрегім таза» деу қиын.

Мәселен, бір адам отанына, тіпті адамзатқа пайдалы қызметтер жасаса, бірақ сол елдің қабылдаған заңдарына бағынбаса, мұндай жан дереу ұсталып

жауапқа тартылмай ма? Бұрын жасаған қызметтері қаперге алынбастан әлгі мемлекет тарапынан жазаландырылмай ма? Дәл осы секілді бүкіл ғаламның жаратушысын мойындамаған пенде де қанша жерден отанға, халыққа қызмет атқарғанын алға тартса да, бәрібір ақиретте жазасын тартады. Демек, жақсылықтың екі дүниеде де бағалануы үшін жүрек күпірден тазаруы тиіс.

Аллаһ тағала Дәуіт пайғамбарға (а.с.): «Ол орынды мен үшін (тазалап) босат, мен сол үйге кірейін» деген екен. Яғни жүректі меңзеген. Демек, Аллаһтың мекені болып табылатын жүрек аса бір пәк, таза қалпын сақтауы тиіс. Мұншалықты пәктікті халық арасында Хақпен бірге бола алатын, қайнаған халықтың ортасында әрқашан жүрегі Аллаһ деп соғатын жандар ғана жүзеге асыра алмақ.

Жоғарыда да айтып өткеніміздей, жүректі бірден бір кірлететін нәрсе ол күнә. Ардақты пайғамбарымыз бұл турасында: *«Адам бір күнә істегенде жүректе қара дақ пайда болады, алайда әлгі адам өкініп, тәуба жасаса, жүрек қайта жарқырайды»*¹⁶⁶, – деген.

Хадистің түпкі мағынасына бойласақ, «сәлим» яғни таза жүрек тек күнәлардан арылған жандарда ғана болатындығын көрсетеді. Шындығында әкенің тілін алмаған баланы «тәрбиесіз» деп сөгіп жатамыз, ал Жаратушының әмірін орындамай, жүрегін ластықтардан тазаламай жүрген пенделерге не дейміз?!

¹⁶⁶ Бәйхаки, Шуабул-иман, 5/441, Дарул-Кутубил Илмиие, Бейрут, 1410

Жүрек тазалығының нышандары

Жүрек тазалығының белгісі – ислами тәрбие негіздеріне сусындау. Бұл тұрғыда Ардақты пайғамбарымыздың мінез-құлқын өнеге ету. Себебі, пайғамбарымыздың әрбір ісі үлкен үлгі-өнегеге толы. Осы орайда пайғамбарымыздың тәрбиесіне қарай отырып, өз мінезін түзегендер ғана таза (сәлим) жүрекке қол жеткізетінін білген жөн. Кері жағдайда адам өз-өзін алдатушылықтан аспайды.

Жүрек тазалығын тар ауқымда қарастырған дұрыс емес. Жүрек тазалығы – өзіңнен гөрі өзгелердің бақытын көбірек ойлау, мұсылман үмбеті үшін аянбай қызмет ету секілді кең түсініктерді де қамтиды. Неге десеніз, бұл да сүннеттің жолы, сахабалардың дәстүрі. Сол себепті өзіне тиесілі ғибадаттарды орындай жүріп, ішкі жан дүниесін кемелдендіре түсуге тырысатындар, дін үшін тер төгіп, еңбек ететіндер де жүрек тазалығына қол жеткізеді.

Құрандағы аяттардың бірінде сәлим – таза жүрек дүние-мүлік пен бала-шағадан да жоғары қойылған: *«Дүние-мүлік пен бала-шаға пайда бермейтін сол күні (қиямет) таза жүрек қана кәдеге жарайды»*. Ендеше, ақиретте мұминнің кәдесіне жарайтын дүние-байлық, бала-шағаның көптігі емес, жүрек тазалығы екенін ұмытпаған жөн.

Мұминнің арманы өмірді жақсылықпен өткізу, артқа жақсы із тастау, ақыретте ізгі кісілермен бірге тірілу, Кәусар бұлағының бастауына бару, өзін ардақты Пайғамбарымыздың алыстан тануы болатыны белгілі. Сүйікті пайғамбарымыздан «Ақыретте үмбетіңізді қалай танысыз?» деп сұрағанда, ол «Дәрет алған

мүшелерінен танымын, сіздер маңдайы қасқа, аяғы ала сәйгүліктеріңізді үйір-үйір жылқының арасынан қалай ажырата алсаңыздар, мен де үмбетімді басқалардан солай ажырата аламын», – деп түсіндірген. Демек, «Олардың жүздерінде сәжденің ізі бар»¹⁶⁷ деп Құранда айтылғандай, мұсылман үмбеті ақыретте маңдайдағы сәжде ізінен және дәрет алып тазаланған ағзаларынан танылмақ.

Иманды болу – иманның талаптарын орындау арқылы ажарлана түспек. Ал иманның талаптары – діни міндеттер мен жауапкершіліктерден құралады. Өз кезегінде діни міндеттердің барлығы да адамды іштей әрі сырттай тазалауға негізделген. Айталық, дәрет алмастан намаз оқылмайды. Намаз адамды түрлі арсыздықтар мен жамандықтардан тыяды. Оразаның арқасында нәпсіні тыйып, құл екенімізді сезініп, жанымыз бен тәнімізді жаман әдеттерден қорғаймыз. Зекет адамның мал-мүлкін кірден тазартады. Қажылық ғибадаты болса адамдағы менменшілдік, тәкаппарлық, өзін басқалардан үстем көрушілік секілді сырқаттардан арылтып, оны анасынан туғандай пәк етеді. Осындай ғибадаттарды орындамаған адамның жүрегінің таза екенін айту қиын. Ендеше, жүрек тазалығының ең айқын белгісі, адам баласының өзіне парыз етілген ғибадаттарды мүлтіксіз орындауы болып табылады.

Тақуалық

Тақуалық – Құдайдан қорқу, харамнан және күдікті нәрселерден аулақ болу дегенді білдіреді. Ал тақуалыққа қол жеткізген жанды «тақуа» (мұттақи)

¹⁶⁷ «Фәтх» сүресі, 48/29

деп атайды. Тақуа кісілер сенімді әрі аманатқа берік қасиетімен ерекшеленеді. Ондай кісілер ешкімге зиянын тигізбейді. Ислам дінінде барша адам тең саналғанмен, артықшылықтақуалықта деп көрсетілген. Оған Құрандағы мына аят дәлел: *«Күдіксіз, Аллаһ алдында сендердің – ең ардақтыларың ең тақуа болғандарың!»*¹⁶⁸.

Ықылас

Ықылас дегеніміз, әрбір амалды тек қана Аллаһ разылығын көздеп жасау, ісіне ешқандай дүниелік немесе пендешілік пиғыл араластырмау болып табылады. Жасалған әрбір амалдың қадірі-қасиеті ықыласқа қарай өлшенбек. Осыған қатысты ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Аз гибадат жасасаңдар да ықыласпен жасаңдар!»*¹⁶⁹, *«Амал жасағанда әрдайым ықыласты болыңдар, өйткені, Аллаһ ықыласпен жасалғандарын ғана қабыл етеді»*¹⁷⁰, – деген.

Әдептілік

Әдептілік – жақсы тәрбие алу, бойға жақсы қасиеттер сіңіру, арлы-ұятты болумен ерекшеленеді. Әдептілік – адам баласының рухани қорғанышы. Ол адамды нәпсінің жетегінде кетуден қорғайды. Әдептен жүрдай адам қоғам үшін аса қатерлі.

Туралық

Туралық дегеніміз, өмірде шындық пен әділдіктен айырылмау, әр ісінде дін мен ақылды басшылыққа алу

¹⁶⁸ «Хужурат» сүресі 49/13.

¹⁶⁹ Мұнауи, Фәйзул-қадир 1/216.

¹⁷⁰ Мұнауи, Фәйзул-қадир 1/217.

болып табылады. Ол туралы Құранда: «*Әмір етілгендей тура бол!*»¹⁷¹, – делінген.

Сенімділік

Мүмин ел ішінде сенімді кісі болуы тиіс. Ардақты пайғамбарымыз Меккеде «әл- Әмин» яғни сенімді деп аталғаны белгілі. Аманатқа қиянат жасамау, сөзінде тұру, уәдесіне берік болу секілді қасиеттер сенімділіктің нышаны болса керек.

Бұхари мен Мүслимнен жеткен бір хадисте ардақты пайғамбарымыз: «*Мұнафықтың үш белгісі бар: өтірік сөйлейді, уәдесінде тұрмайды және аманатқа қиянат жасайды*»¹⁷², – деп мұндай нашар қылықтардан аулақ болу керектігін ескерткен.

Үнемшілдік

Үнемдеу берекетті өмір сүруге жол ашса, ысырапқорлық берекесіздікке бастайды. Тұрмыста қажеттен тыс ішіп-жеу, қолдағы дүниені рәсуа ету, орынсыз ақша шашу ысырапқорлыққа жатады. Ислам дінінде ысырап харам етілген. Ысырапқорлық жеке адамға да, тұтас қоғамға да жақсылық әкелмейді. Сондықтан да Құранда: «*Аллаһ ысырапшыларды сүймейді*»¹⁷³, – делінген. Бір ескерте кетерлігі, адам қатты үнемдеймін деп жүріп сараң болып кетпеуі керек. Өрқашан арадағы тепе-теңдікті сақтай білгені жөн.

¹⁷¹ «Хұд» сүресі 11/112.

¹⁷² Таңдамалы сахих хадистер, 1-том, араб тілінен қазақшаға аударғандар: Абдусамат Махат, Жалғас Сандыбаев, Алматы, 2006, 107-б.

¹⁷³ «Әнғам» сүресі 6/141.

Жылы жүзді болу

Елмен қарым-қатынаста үнемі жылы шырай таныта білу – мұсылманның жақсы қасиеттерінің бірі. Жылы қабақ танытуды садақаға балаған Пайғамбарымыз: *«Расында, Аллаһ барлық нәрседе жұмсақтық танытқанды ұнатады»*¹⁷⁴, – деген.

Терең ой (тәфәккүр)

Тәфәккүр – ойланып-толғану, бір мәселеге қатысты терең ойлау немесе бір пікірді жетілдіріп, дамыта түсу деген мағынаны білдіреді. Ғаламға қараған сайын Жаратушы Ұлы Шебердің құдіретін ұғынуға талпыну, сол мақсатта терең ойға бару Ислам дінінде ғибадат болып саналады. Тәфәккүр көптеген ғылыми жаңалықтардың да ашылуына себеп болған. Көптеген ғұламалардың рухани кемелденуі де терең ой арқылы жүзеге асқан. Яғни Ислам діні ойсыздықты не бейғам өмір сүруді құптамаған. Осы жөнінде бір хадисте: *«Ұлы Аллаһтың жаратқан нәрселері туралы ойланыңыздар (пікір өрбітіңіздер), бірақ Аллаһтың заты (болмысы) туралы пікір өрбітпеңіздер, айтпесе құрдымға кетесіздер»*¹⁷⁵, – делінген.

Кішіпейілділік

Кішіпейілділік – адам бойындағы ең жақсы қасиеттердің бірі. Әрқашан өзін кішіпейіл ұстап, өзін басқалардан артық көрмеуі кісінің кемелдігін байқатады. Ал өркөкіректік – шайтани сезім. Неге

¹⁷⁴ Сахих әл-Бұхари, Ықшамдалған нұсқасы, «Кәусар-саяхат» баспасы, Алматы, 2007, 749-б.

¹⁷⁵ әл-Бәйхаки, Шуабұл-иман 1/136; Әбу Нуайм, Хилиәтул-әулиә 6/67; Әл-Әжлуни, Кәшфул-Хафа, 1/370-371.

десеңіз, шайтан о баста тәкаппарлығы үшін Аллаһқа қарсы келіп, қарғысқа ұшыраған болатын. Пәни дүниеде өткінші атақ-даңқ, билік, байлық, ғылыммен тәкаппарланудың соңы адам баласын ешқашан жақсылыққа апармаған. Ардақты пайғамбарымыз: *«Ұлы Аллаһ кішіпейіл болғанды көтереді (мерейін үстем қылады), тәкаппардың сағын сындырады»*¹⁷⁶, – деген.

Тәуекел

Тәуекел – Аллаһқа сенуді, арқа сүйеуді, қандай істің тек қана Жаратушының көмегімен болатындығын қаперде ұстауды білдіреді. Тәуекел ете алмайтын мүминде нұқсандық бар деген сөз. Аллаһ тағала ғаламға себеп-салдар негізінде детерминистік жүйе орнатқан. Алайда Аллаһ қаласа себепті жасап, салдарды болдырмауына да құдіреті жетеді. Дегенмен, осынау себеп-салдар заңдылығына мүлтіксіз бағына отырып мүмин, істерінің баршасында Аллаһтың қайырлы нәтижесіне тәуекел етіп, бел байлайды.

Түйесінің тұсауы босап кеткенде Амр ибн Умәй атты сахаба *«Ештеңе етпес, Аллаһқа тәуекел еттім»*, – деген екен. Оны естігенде Пайғамбарымыз: *«Сен әуелі тұсауын байла, сосын Аллаһқа тапсыр, тәуекел ет»*¹⁷⁷, – деген.

Табандылық

Табандылық – табысқа жетудің алғышарты. Ол уәдесінде тұруды, қолға алған ісін мойымай соңына

¹⁷⁶ әт-Тәбәрани, әл-Мужәмул-әусат, 5/140; әл-Хәйсами, Мәжмәуз-зәуәйд 10/325; Осыған ұқсас хадистер үшін қараңыз: Ахмәд ибн Хәнбәл, Мүснәд 3/76; Ибн Әби Асим, Кибауз-зүхд 156.

¹⁷⁷ Тирмизи, Сыфатул-кыйәмә 60; Ибн Хиббан, әс-Сахих 2/510.

дейін жеткізе білуді білдіреді. Қайырлы және пайдалы істерде табандылық көрсету таптырмайтын қасиет. Ал пайдасыз, бос істерде табандылық көрсету – қыңырлық пен қырсықтықты білдіреді.

Жомарттық

Жомарттық – Аллаһ сүйген мінездің бірі. Әрдайым қолы ашық болу, мұң-мұқтаждарға қарасу, жақсылық жасауға дайын тұрудың Исламда алар орны ерекше. Жомарттыққа шақыратын бірқатар аят-хадистер бар. Сондай хадистердің бірінде ардақты пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Жомарт – Аллаһқа, жаннатқа және халыққа жақын, жаһаннамнан алыс. Сараң – Аллаһтан, жаннаттан және ел-жұрттан алыс, жаһаннамға жақын»*¹⁷⁸, – деген.

Хүснұзан

Хүснұзан – барлық нәрсенің тек жақсы жағын көре білуді, мүминдердің кемшіліктері мен қателеріне көз жұма отырып, олар туралы үнемі жақсы ойда болуды білдіреді. «Суизан» керісінше үнемі әр нәрсенің тек жаман жағын көру, мұсылмандар туралы жаман ойлауды ұқтырады. Басқа мүминнің кемшілік, күнәларын есте сақтап, ұмытпай жаман ойда болу жақсы қасиет болып есептелмейді.

Хақ

Хақ – Аллаһ тағаланың қасиетті есімдерінің бірі. Тура және өзгертілуі мүмкін емес әрбір жай хақ бола отырып, қазақшадағы құқық сөзінің де мағынасын

¹⁷⁸ Тирмизи, Бирр, 40

камтиды. Әрбір адамның табиғи хақтары немесе құқықтары бар. Осы хақтармен бірге адам баласының міндеттері де қарастырылған. Басқа адамның хақтарын бұзбау осындай міндеттер санатына жатады. Құқық әрқашан бейбіт өмірдің кепілі. Басқа жанның құқығын аяққа таптаған жан қоғам тарапынан жазаға тартылады, бұл дүниеде жазаланбаса о дүниеде есебін беретіндігі сөзсіз. Мүмин қоғамдық ортада басқаларының құқықтарын бұзбауға және тиісінше құқықты қорғауға күш салуы қажет.

Даналық (хикмет)

Даналық – ілім мен амалдың бірлесуінен туындайтын, дәрежесі өте жоғары сипат болып табылады. Білмейтін немесе білгенімен амал жасамайтын мүмин хикмет иесі бола алмайды. Барлық нәрсенің асылын немесе ақиқатын үйрену үшін қол жеткізген ілімді де хикмет деп атайды. Ахлақ және мәні терең насихаттар да хикмет. Хикмет иесінде кез-келген жайдың астарын, мән-мағынасын ұғыну, түсіну, түйсіну қабілеті болады. Құранда: *«Хикмет (даналық) берілген жанға расында көптеген ізгілік берілген»*¹⁷⁹, – делінген.

Жақындармен қарым-қатынас жасау

Жақын адамдардың жағдайын сұрап, олардың кемшіліктерін кешіру, қажеттіліктерін өтеу, сыйлықтар беру «сыла-и рахим» болып табылады. Туысқандар жақын жерде тұрса, жиі-жиі қонаққа бару, алыста болса байланысты үзбей хат жазып, телефон соғып тұрған дұрыс. Бұл Исламның туысқандық байланыстарға

¹⁷⁹ «Бақара» сүресі, 2/269.

қатысты негізгі қағидаларына сай жасалған әрекет болар еді. Жақындармен қарым-қатынас жасауға қатысты пайғамбарымыз: «*Сыла-и рахим өмірді ұзартады*»¹⁸⁰, – деген.

Жүрек тазалығы үшін қандай жаман қасиеттерден арылу қажет?

Жүректің таза болуы жаман дағдылар мен қасиеттерден арылуға байланысты. Бұл жаман қасиеттерге мыналар жатады:

- ◆ Қызғаныш; Басқаға бұйырған жақсылықты көре алмау, іштарлық жасау.
- ◆ Ызақорлық; дұшпандық, кекшілдікке салыну. Бұл мінез қызғаныш пен өкпешілдікті қоздырады.
- ◆ Тәкаппарлық; Адамның өзін басқалардан жоғары санауынан туындаған менменшілдік қасиеті.
- ◆ Өз-өзіне тәнті болу, сүйсіну; Кісінің өзіне көңіл тоқтығынан туындайтын өзін-өзі асқақ санау сезімі.
- ◆ Сараңдық; Ешкімге ештеңе бергісі келмейтін дүниеқоңыздық.
- ◆ Екіжүзділік; Сырты бүтін болғанмен іші түтін келетін жағымсыз мінез.
- ◆ Атақ-даңқ, мансапқұмарлық; Бұл – Хақ жолында аяққа тұсау болатын жаман мінездің бірі. Әрине, Аллаһ тағала өз дінінің кемелденуі үшін атақ пен даңққа бөлеген жандардың жөні басқа.
- ◆ Мақтанқұмарлық; Ата-бабасымен, тегімен көпіріп мақтану. Бұл тыйым салынған жаман қасиет болып табылады.

¹⁸⁰ Бухари, Әдәб 12.

- ◆ Өкпешілдік; Түкке тұрмайтын ұсақ-түйекке бола өкпелеу.
- ◆ Ғайбат; Естіген сәтте ренжитіндей біреудің мінін сыртынан сөз ету. Мұсылман бауырыңның дене бітімі, сөз сөйлеуі, іс-әрекеттері, ғибадаттары, күнделікті өмірі, киім-киіс, жүріс-тұрысы туралы артынан жағымсыз сөз айту ғайбат болып табылады.
- ◆ Іріткі салушылық; Адамдар арасын бүлдіру мақсатымен олардың арасына сөз тасу.
- ◆ Өтірік; Шындықты жасырып қалу не басқаша етіп жеткізу. Бұл – ең ауыр күнәлардың бірі.
- ◆ Көп сөйлеу; Бұл да жағымсыз қасиеттердің бірі саналады. Себебі, күнәларды паш ету, өсек айту секілді көптеген харам немесе мәкрүхтердің жасалуына себепші болатын жағымсыз қасиет.

Бұлардан басқа жағымсыз, жаман қасиеттер мыналар: екіұшты сенім, күнә жасау, тәубе етпеу, парыз және сүннеттердің не екенін білмеушілік, үйренуге талпынбау, алдап-арбау, басқаға ор қазу, опасыздық жасау, қанағатсыздық, тоғышарлық, харамға құмарту, бос әрі бәтуәсіз нәрселерге құлақ түру, жамандық орын алған жағдайларда қол қусырып қарап отыру, қарғап-сілеу, зина жасады деп жала жабу, ұрысу, жанжалдасу, жалған ант ету және өтірік куә болу, сайқы мазақ ету, адамдарды менсінбеушілік, кек сақтау, айтысып-тартысу, әркімге зиянын тигізу, кекшілдік, зұлымдық ойлау, ысырап ету, дөрекі қалжың айту, қылымсу, жайбарақаттыққа бой алдыру, көп жасауға және көп табыс табуға деген құмарлық, ұятсыздық, қорқақтық.

Жүрек осы жаман қасиеттерден арылғанда ғана тазалыққа жетеді. Ал нағыз тазалық осы жағымсыз қасиеттерден толық арылғанда да өзін тазамын деп есептемеу.

Жүректі жаман қасиеттерден арылтуда бойға көркем мінезді сіңіре білудің орны ерекше. Көркем мінез деген не? Көркем мінез – берік иман мен тәуба, күнәға деген өкініш, ұяттылық, сабырлылық, тақуалық, сөзінде тұру, аманатқа қиянат жасамау, опасыздыққа бармау, көрші ақысына көңіл бөлу, жомартмінезділік, сәлемдесуді насихаттау, амалды таза ниетпен орындау, пәни дүниеге алданбау, ақыреттегі есеп беруден қорқу.

Бұған қоса, кішіпейіл болу, ешкімді жәбірлемеу, қиыншылықтарға сабыр ету, үнемі Аллаһтың көріп тұрғанын ұмытпау, нәпсіні тыю, үміт пен үрей арасында өмір сүру, жомарттық, кешірімділік, сүйіспеншілік, көмектескіштік, өзінен гөрі өзгелердің бақытын артық көру, жақсылыққа үндеу, әрдайым өлімді қаперде ұстау, әдептілік, абыройлы өмір сүру т.б.

«Жаннаттық адам»

Әнәс ибн Маликтің (р.а.) әңгімесі:

«Бір күні пайғамбарымыздың құзырында отырған болатынбыз. Кенет ардақты елші: «Қазір араларыңызға жаннаттық бір кісі келеді», – деді. Сол-ақ екен әнсардан бір адам ішке енді. Әлгі адамның сақалынан су тамшылап тұрған болатын. Аяқкиімін сол қолына ұстаған екен. Келесі күні Аллаһ елшісі осы сөзін тағы да қайталады. Әлгі адам дәл кешегі кейіпте тағы да арамызға келіп қосылды. Үшінші күні де айтып ауыз жиғанша, сол кісінің төбесі көрінді.

Үшінші күні мешіттегі жамағат тарағанда, сахаба Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (р.а.) әлгі кісіге жолығып: «Мен әкеммен жанжалдасып қалып, үш күн бойы жанына бармайтындығыма ант еттім. Сол себепті мені үш күн үйінде қонақ ете аласың ба?», – деді. Әлгі кісі мақұлдаған кейіп танытты.

Абдуллаһ осыдан кейінгі оқиғаны былай деп баяндады:

«Әлгі кісінің үйінде үш күн түнедім. Түнде бір рет те болсын тәхәжжуд намазына тұрған жоқ. Таң намазына дейін ұйықтайтын. Төсегінде ары-бері аунағанда ғана Аллаһты еске алып, тәкбір айтып қоятын. Бірақ аузынан жаман сөз шыққанын естімедім. Үш түн біткесін: «Әкеммен арамда қандай да бір реніш жоқ болатын, Аллаһ елшісі мәжілісте үш күн бойы «қазір жаннаттық бір кісіні көресіздер» деген сайын арамызға сен келіп қосылдың. Мен саған әдейі қонақ болып, жасаған амалдарыңды көріп, сол амалдарды жасағым келген еді. Шынын айтсам, соншалықты көп ғибадат жасағаныңды байқамадым. Аллаһ елшісі сүйіншілеген бұл мәртебеге қалай жеттің?», – деп сұрадым. Ол болса: «Өзің көргеннен басқа құлшылығым жоқ», – деп жауап қатты. Сөйтіп қоштасып бұрылып кете бергенде сәл кідірді де: «Расын айтсам, көргендеріңнен артық асып бара жатқан ешқандай ғибадатым жоқ. Дегенмен, жүрегімде ешбір мұсылманды көре алмау ниеті болған емес. Өмір бойы ешкімге кек сақтамадым, қызғанбадым да», – деді. Мен сонда ғана істің мәнін аңғарып: «Сірә, сені әлгіндей мәртебеге жеткізген осы қасиетің болар», – дедім»¹⁸¹.

¹⁸¹ Кандыхлуи, Хаятус-сахаба, 2/164

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Құран кәрім
2. Азимабади. «Туһуәтул-аһуәзи», Бейрут.
3. Академи Араштырма Хейети, «Мүслұманын иол харитасы», Ышык иайынлары, Измир, 2005.
4. Али әл-Муттақи, Алауиддин әл-Мүттақи ибн Хусамуддин әл-Хинди, «Кәнзүл-уммал фи сүнәнил ахуали уәл әфал», «Мүәссәсәтүр-рисалә», Бейрут, 1989.
5. Аслан Майда, «Чевре темизлиги», журнал «Сызынты», № 287, Аралык, 2002.
6. Ахмәд ибн Ханбәл, Әбу Абдуллаһ Ахмәд ибн Мұхаммед ибн Ханбәл; «Әл-Мүснәд», Бейрут, 1969.
7. Ахмед Шахин, www.ahmetsahin.org, 08.11.2003; 15.15.2003.
8. Ахмед Шахин, «Заман» газетеси, 08.06.2005.
9. Әбу Дәууд, Сүләйман ибн Әшғас әс-Сижистани, «әс-Сүнән», Дарул-Жинан, Бейрут, 1988.
10. Әбу Нуайм, «Хылятул-әулиә», Дарул-китаби-араби, Бейрут, 1405.
11. Әл-Қардауи, «әл-Халал уәл харам фил Исләм», Бейрут, 1967.
12. Бәйхаки, «Әс-Сүнәнүл күбра», Дайратүл Мағарифил-Османиә, Хайдарабад, 1344.
13. Бәйхаки, «Шуабул-иман», Дарул күтүбүл-илмия, Бейрут, 1410.
14. Бәззар, «Мүснәд», Мүәссәсәтү Улумүл-Құран, Бейрут, 1988.
15. Бухари, Мухаммед ибн Исмайл; «Әл-Жамиус-сахих», Дарул- күтүбүл-Илмия, Бейрут, 1994.
16. Уәхбә әз-Зухайли, «Ислам фыкхы ансиклопедиси», «Рисалә» Йайынлары, Стамбул, 1994.

17. Газзали, «Ихияу-улумиддин», «Арслан» Иайынлары, Стамбул, 1993.
18. Дарими, «Сүнәнүл-Дарими», Дарул-китаби-араби, Бейрут, 1987.
19. Дэйләми, «Фирдәус», Дарул-күтүбүл-илмия, Бейрут, 1986.
20. Зәбиди, «Укуду жәуахирил-мүнифә», Бейрут.
21. Зэйлаи, «Насбурайә», Дарул-Хадис, Мысыр, 1357.
22. Зәмахшәри, «Атуәкуз-зәхәб», «Бедир» Иайынлары, Стамбул, 1994.
23. Имам Малик, Малик ибн Әнәс әл-Әсхаби, «Әл-Мууатта», Дарул-хадис, Каир, 1993.
24. Ибн Абдилберр, Әбу Омар Жүсіп ибн Абдиллах, «Жамиу бәйәнил илм», Дарул Ибни Жевзи, Дамман, 1994.
25. Ибн Абидин, «Хашиетү рәддил-мухтар», Шәрикә Мәктәбә уә матбаа Мүстафа әл-Баби әл-Хәләби», Каир, 1966.
26. Ибн Араби, Ахмед Авни Конук, «Тәдбираты Илаһие» (Тержуме уә шархи Мүстафа Тахралы), Стамбул, 1992.
27. Ибн Әсир, «Ән-Нихайә», Дару-ихяил-күтүбил-арабия, Каир, 1963.
28. Ибн Әсир, «Үсдүл Ғабә», 7/391, Даруш-шааб, Каир, 1963.
29. Ибн Кәсир, Әбул Фида, Ысмайыл ибн әл-Хатиб Әбу Хафс Амр Ибн Кәсир, «Имадуддин», Тәфсирул Қуранил Азим, «Каһраман» Йайынлары, Стамбул, 1984.
30. Ибн Қайим, «Әт-тыббун нәбауи», Дару Ихяут Турасил-Араби, Бейрут, 1957.
31. Ибн Манзур, «Лисанул-араб», Бейрут; Жүржани, «Кутабут-Тарғифат», Стамбул, 1300.

32. **Ибн Мәжә**, Мұхаммед Ибн Иәзид әл-Кәзуини, «*әс-Сүнән*», Дарул- күтүбүл-илмие, Бейрут.
33. **Ибн Рүшд**, «*Бидайәтүл мүжтәхид*», Дару-каһраман, Стамбул.
34. **Ибн Сағд**, Мұхаммед ибн Сағд, «*Әт-Табакатүл-күбра*», Бейрут, 1985.
35. **Ибн Хажар**, Әбул Фадл Аһмәд ибн Али ибн Хажар әл-Әсқалани, «*Фәтхул-бари*», Дарул-мағрифә, Таһкик: М. Фуат Абдулбаки, Бейрут, 1379.
36. **Ибн Халдун**, «*Мукаддимә*», «Генчлик ве Спор Баканлыгы, Анкара, 1988.
37. *Ислама Гириши*, эдитөр: Бүнямин Эрүл, «Диянет Ишлери Башканлыгы» Йайынлары, 2006.
38. **Ибраһим Жанан**, «*Айет вә хадислерин ышыгында чәвре ахлақы*», «Иени Ася» Йайынлары, Стамбул, 1995.
39. **Ибраһим Жанан**, «*Исламда чевре сағлыгы*», Стамбул, 1985.
40. **Ибраһим Жесур**, «*Не кадар темизлик?*», «Сызынты», №262, касым, 2000.
41. **Мәусили**, «*Әл-ихтияр*», «Чағры» Йайынлары, 1987.
42. **Месут Мутлу**, «*Беден темизлиги*», «Сызынты», №292, майыс, 2003.
43. **Мехмед Демиржі**, «*Ибадетлерин ич анламы*», «Тасавуф», №3, Анкара, 2000.
44. **Мехмед Дикмен**, «*Жеп илмихали*», «Жихан» Йайынлары, Стамбул.
45. **Мехмед Паксу**, «*Ачыкламалы Ислам илмихали*», «Иени Ася» Йайынлары, Стамбул, 1990.
46. **М. Юсуф Кандәхләуи**, «*Хайатус-сахаба*», «Диван» Йайынлары, Стамбул, 1990.
47. **Мұхаммед Хамидуллах**, «*Ислама гириши*», Анкара, 1996.

48. **Мұхаммед Эмин Эр**, «*Фыкхы-батын*», «Ары-санат» Иайынлары, Стамбул, 2003.
49. **Мүнауи**, Мұхаммед Абдур-Рауф, «*Фәйзул-Қадир*», Дарул-күтүбү- илмийе, Бейрут, 1994.
50. **Мүслим**, Әбул-Хусәйн әл-Хаджжә әл-Нейсабури, «*Сахиу Мүслим*», Дару-ихяит-турасил-араби, Бейрут.
51. **М. Фуад Абдулбаки**, «*Мүжәмул-мүфәхрәс ли әлфазил-Құран*», Дарул-хадис, Каир, 1988.
52. **Нәсәи**, Әбу Абдур-рахман Ахмед ибн Шуайб ән-Нәсәи, «*Әс- сүнәнүл-күбра*», Абдулғаффар Сүләйман әл-Бүндар-Сейид Хасан, Бейрут, 1411-1991.
53. **Синди**, Хашие ала ибн Мәжә, «*Мәктәбәтул-Матбуатул- исламие*», Халеб, 1986.
54. **Сүюти**, «*Жамиус-Сағир*», Дару Тайрул-илм, Жиддә.
55. **Сүлейман Атеш**, «*Сүлеми ве тасаввуфи тефсири*», Стамбул, 1969.
56. **Сүлейман Улудаг**, «*Исламда эмир ве уасакларын хикметі*», Анкара, 1989.
57. **Табәрани**, «*Мүжәмул-кәбир*», Мәктәбәтул-ульум уәл-хикем, Мұсыл, 1983.
58. **Табәрани**, «*Мүжәмул-әусат*», Әл-Мәктәбул-Ислами, Бейрут, 1985.
59. **Тәханәуи**, «*Илаүс-сүнән*», Идарәтүл Қуран уәл-ульум, Қарачи, 1415.
60. **Тирмизи**, Әбу Иса Мухаммед Ибн Иса, «*әл-Жамиус-сахих*», Бейрут.
61. **Хайреддин Караман**, «*Гүнлүк хайатымызда хәлаллер вә харамлар*», «Из» Иайынлары, Стамбул, 2008.
62. **Хаким Ән-Нәйсабури**, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Абдуллаһ, «*Әл-Мүстәдрәк әләс-сахихайн*», Дарул-күтүбүл-илмия, Бейрут, 1990.
63. **Халюк Нүрбаки**, «Дианет газетеси» газеті, №290.

64. **Халюк Нұрбақи**, «Куран-керимден айтлер вэ илми герчеклер», «Түркия Диянет Вакфы» Йайынлары, Анкара, 1993.
65. **Хәуәт**, «Мужәмул-уасит», «Чағры» Йайынлары, Стамбул.
66. **Хәйсәми**, Али ибн Әбу Бәкр, «Мәжмәуз-Зәүәйд уә мәнбәул Фәүәйд», Дарул-Китаби-Араби, Бейрут, 1987.
67. **Худжвири**, «Кәшфул-Махжуб», Стамбул, 1982.
68. **Хүсейн Челик**, «Темизлик доғудан гелир», «Диянет вакфы» Йайынлары, Анкара, 1995.
69. **Шериф Али Текалан**, «Чағын өлім тузаклары», «Алтын бурч» Йайынлары, Измир, 2007.
70. **Юнус Эмре**, «Юнус Эмре Диваны», хаз: Мустафа Татчы, Анкара, 1991.

Нұсқағыш

- Ағын сулар 126, 127
Адал 166
Айша 31, 33, 99, 111, 115, 194
Алексис Каррель 40
Алкоголь 13, 130, 154
Аллаһ тағала 10, 15, 18, 38, 42,
43, 44, 45, 61, 62, 67, 68,
84, 87, 100, 111, 117, 126,
146, 167, 169, 171, 172,
185, 186, 189, 190, 196,
202, 205
алтынмен қаптау 105
Ауаның тазалығы 111, 122
Аят 68
Әбу Һұрайра (р.а.) 62
Әли 26, 70
Әнсар 33
Әурет 32
бактерия 142, 143
гигиена 33, 85, 95, 102, 124,
161, 162
Ғұсыл 36, 37, 72, 73, 75, 79, 81,
82, 83, 84, 85
Дәрет 15, 18, 37, 38, 39, 40,
41, 42, 44, 45, 46, 49, 50,
52, 53, 54, 55, 56, 57, 59,
61, 62, 63, 69, 70, 81, 87,
124, 125, 132, 142, 197
дін 20, 22, 63, 69, 94, 124, 128,
154, 191, 197, 199
Доңыз 145, 147
дұға 35, 45, 46, 55, 67, 69, 82,
97, 123, 169, 189
Етеккір 75, 76, 92, 93, 94, 95
жан тазалығы 2, 20
Жаратқан 45, 98
Жолдардың тазалығы 111, 120
жуыну 45, 48, 77, 95
жүніп 33, 37, 43, 72, 73, 74, 75,
76, 77, 80, 82, 83, 84, 85,
98, 99, 100, 116
Жүрек тазалығы 194, 195, 197,
205
зәрафат 15
Имам Ғазали 40
истибра 12, 34, 35
Истинжа 33, 34, 35, 36
истиншақ 38
Истихада 96, 100
қан айналымы 42
Құба мешіті 15, 33
Құдай 195
Құран 14, 20, 29, 37, 43, 64, 72,
82, 83, 98, 99, 100, 111,
122, 145, 150, 166, 173,
176, 181, 188, 194, 195,
209, 212
лимфа 42, 43, 94, 95
мағрифатуллах 19
мадмада 26, 38, 82
Маргарин 149

- мәкрүһ 33, 34, 35, 36, 83, 85,
125, 148, 157
- Мәлики 52
- Мәсіх 53, 56, 71, 72
- медицина 28, 149, 161
- микроб 34, 39, 94, 95, 105, 142,
143, 144
- мисуәк 26, 27, 28, 29
- мүмин 15, 29, 38, 40, 68, 113,
114, 119, 202, 204
- Мұстахаб 63, 76
- Мұхаммед 9, 50, 52, 55, 58, 68,
209, 211, 212
- нәжіс 12, 99, 103, 104, 113,
125, 126, 127, 129, 130,
131, 132, 135, 136, 138,
139
- нәзафат 15
- Несеп 57, 73
- Нифас 96, 99, 101
- Омар 33, 51, 60, 112, 149, 176,
210
- пайғамбар 16, 175
- Парыз 27, 63, 75
- Профилактика 179
- Рухани тазалық 10, 11, 14, 16,
17, 18, 19, 28, 45, 46, 47,
48, 49, 60, 69, 73, 76, 80,
81, 87, 92, 102, 166, 168,
169, 194, 199, 201
- сахаба 28, 31, 50, 111, 117, 120,
202, 208, 211
- Судың тазалығы 123
- сүре 10
- сүртінү 45
- Тазалық 9, 16, 19, 24, 37, 110,
167
- Тақуалық 198
- татуаж 134
- тахарат 14, 37
- Тәйәммүм 86, 87, 89, 90, 91
- тәубе 14, 16, 39, 45, 46, 49, 52,
69, 77, 194, 206
- тәфәккүр 201
- Тіс тазалығы 10, 12, 27, 28, 58,
105, 153
- Уәжіп 63
- Үзір 65
- хадис 35, 63, 64, 99, 120, 121,
158, 173, 176, 210, 212
- Хайыз 92, 93, 96, 97, 98, 99,
101
- халал 115, 148, 150, 151, 154,
166, 167, 169, 170, 171,
181, 182, 191
- Ханафи 22, 52, 85, 92, 99, 191
- Ханбәли 52
- Харам 169, 171, 179, 181, 185,
186, 189, 190
- хикмет 146, 204
- Хүснүзан 203
- шафиғи 52, 82
- шаш бояуы 133

Құдайберді БАҒАШАР

ИСЛАМДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ

Редакциялаған: Нұрбек Қайырмұхаммед
Көркемдеуші дизайнер: Бекболат Алтынбекұлы